ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Г.Д. Рыскелдиева

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесі
оқу құралы ретінде ұсынған

Алматы 2012

ЖОК 811.512.122
(075.8)

Р 94 **Рыскелдиева Г.Д.** Кәсіби қазақ тілі: (Оқу құралы). – Алматы: ҚазҰТУ, 2012. – 182 б.

ISBN 978-601-228-347-1

Ұсынылып отырған «Кәсіби қазақ тілі» оқу құралы техникалық жоғары оқу орындарының экономика – бизнес, техникалық физика, экология, су ресурстары мамандықтары бойынша оқитын студенттерге арналған.

Оқу құралының басты мақсаты – мемлекеттік тілді техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне бағдарлы оқыту арқылы техникалық терминдердің мән-мағынасын түсіндіріп, меңгерту және оларды тәжірибеде еркін қолдану дағдысын қалыптастыру. Сонымен қатар, кәсіби бағдарлы мәтіндердің мазмұнын тереңірек оқуға машықтандыру.

Пікір жазғандар: *З.К.Сабитова*– фил. ғыл. докторы,
профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
Қ.Ө. Есенова – пед. ғыл. докторы, профессор,
Абылайхан атындағы Қазақ ХҚжӘТУ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы жоспары бойынша басылды

ISBN 978-601-228-347-1

© ҚазҰТУ, 2012
© Рыскелдиева Г.Д.

АЛҒЫ СӨЗ

«Кәсіби қазақ тілі» оқу құралының мақсаты – студенттерге күнделікті қоғамдық-әлеуметтік және тұрмыс-тіршілік қатынаста қолдануға қажет білім, білік, дағдыны меңгерту. Оқу құралында грамматика бойынша тірек сызбалар, оларды пысықтауға арналған тапсырмалар, білім тексеру тесттері жүйеленіп берілген.

Сондай-ақ, бұл құралда негізінен оқытудың жалпы дидактикалық бес әдісі қолданылған: ақпараттық-рецептивті, репродуктивті, мәселелік мазмұндау, эвристикалық, зерттеу әдістері. Құралда осы әдістердің барлығы, соның ішінде деңгейлеп оқытуға негізделген коммуникативтік бағдарлап үйрету әдісіне құрылды. Бұл сонымен бірге студенттің оқу және сөйлеу дағдыларын дамытуды мақсат етеді.

Оқытудың бұл түрі студенттен шығармашылық ізденістер қажет етеді. Сондықтан танымдық бағыттағы тапсырмалар студенттердің дүниетанымдық көзқарастарын кеңейтіп, олардың мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталған.

Аталған оқу құралында өз бетінше жүргізілетін жұмыстық сөзжұмбақтар, шарада немесе тапсырмалар арқылы ұйымдастыру, тірек сызбаларды толықтыру, мамандыққа қатысты мәтін мазмұны бойынша жұмыс түрлері жаңа тақырыптарды меңгеру үшін өте ыңғайлы. Сондықтан, кейбір тақырыптарды меңгерту барысында осындай тапсырмалар беріліп отырды.

«Кәсіби қазақ тілі» оқу құралының құрылымы тіл білімінің салалары бойынша теориялық мәліметтерден, техникалық мамандықтардың қыр-сырынан мағлұмат беретін мәтіндермен, оларды пысықтауға арналған тапсырмалардан тұрады. Осы саланың майталман мамандары туралы білгің келсе, «Артық болмас білгенің...» айдарымен берілген бөліміне қарауыңызға

болады. «Даналық мәйегі» тақырыбымен берілген нақыл сөздер сіздердің дүниетанымдық көзқарастарыңызды кеңейтетіні сөзсіз.

Ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан тіліміздің кәсіп бойынша меңгеру − заман талабы. Егер құралды дұрыс қолдана білсеңіз, өркениет заманында әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарынан танылуын мақсат етіп отырған қазақ елінің тілі, рухани нышаны, танымдық көкжиегі туралы біліміңіз тереңдей түсері сөзсіз.

ФОНЕТИКА

1. Сөйлеу тілінде дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, естілетін тілдік құбылысты *дыбыс* дейді. Дыбыс – сөздің ең кішкене бөлігі. Дыбысты айтады және естиді.

2. Дыбысты таңбалау үшін алынған белгіні *әріп* дейді. Яғни әріп – дыбыс-тың жазбаша таңбасы. Әріпті жазады және көреді.

3. Әріптердің рет-ретімен тізілген жиынын *алфавит* (әліпби) дейді. Қазақ тілінің алфавиті 42 әріптен тұрады. Олардың тізбектелген қатары мынадай: а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, h, ц, ч, ш, щ, ь, ы, і, ъ, э, ю, я.

4. Қазақ тіліне тән әріптер (9): *ә, ө, ү, ұ, і, қ, ғ, ң, һ.*

5. Қазақ тілінде дыбыстар өкпеден шыққан ауаның шығуына қарай дауысты дыбыс және дауыссыз дыбыс болып 2-ге бөлінеді.

Дауысты дыбыс

1. Дауысты дыбыс өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысына еш кедергіге ұшырамай, еркін шығуынан жасалады.

2. Дауысты дыбыс буын жасауға қатысады.

3. Дауысты дыбысқа екпін түседі.

4. Тіліміздегі дауысты дыбыстар: *а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э.*

5. Дауысты дыбыс *тіл, жақ* және *еріннің* қатысына қарай *жуан – жіңішке, ашық – қысаң, еріндік – езулік* болып жіктеледі.

Жуан: а, о, ұ, ы, у
Жіңішке: ә, ө, ү, і, е, и, (у), э
Ашық: а, ә, о, ө, е, э
Қысаң: ы, і, и, у, ү, ұ
Еріндік: о, ө, ұ, ү, у
Езулік: а, ә, е, ы, і, и, э

Дауыссыз дыбыс

1. Дауыссыз дыбыс өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығуынан жасалады.

2. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, h, ц, ч, ш, щ, (у).

3. Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай ұяң, үнді және қатаң болып 3-ке бөлінеді.

Ұяң: б, в, г, ғ, д, ж, з, h

Үнді: й, л, м, н, ң, р, (у)

Қатаң: к, қ, п, с, т, ф, х, ч, ц, ш, щ

Буын

Буын – сөзді айтқан кездегі дауыс толқыны.

Буын сөздегі дауысты дыбысқа негізделеді. Яғни сөзде қанша дауысты болса, сонша буын болады.

	Мысал	Ереже
Ашық буын	Дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа бітеді. Тек дауысты дыбыстан тұрады.	А-ға, ба-ла, қа- ла, ша-на- ны, бо-са- ға
Тұйық буын	Дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа бітеді. (Көбінесе бірінші буында кездеседі).	ат, ант, ки –ік, тұңғи –ық,ақи –ық, әдеби – ет
Бітеу буын	Ортасындағы дауыстыны, екі жағынан дауыссыз дыбыс қоршаған буын	1. бал 2. тарс 3. класс 4. мек - теп

Тасымал

Тасымал – сөзді жазған кезде оның жолға сыймай қалған бөлігін келесі жолға көшіру.

Тасымал буынға негізделеді. Яғни, сөздер тек буын жігімен тасымалданады. *Мысалы,* «Кереге» сөзін екі жолмен тасымалдауға болады: ке – реге, кере – ге.

Тасымалдауға болмайтын жағдайлар:

1. Тек бір дауысты дыбыстан тұрған ашық буынды тасымалдауға немесе жолда қалдырып кетуге болмайды. (а – та, ә –ке, арми – я.)

2. Бір буыннан тұратын сөзді тасымалдауға болмайды (қант, төрт, бұлт.)

3. Қысқарған сөздерді тасымалдауға болмайды (ТМД, ҚазҰУ, Қаз МУ, ҚР).

4. Адам атының қысқартылып алынған әрпін фамилиясынан айырып, бірінші жолда қалдыруға болмайды (А.Қ.Жабаев, М.О.Әуезов, Қ.С. Мусин).

5. Қысқарған өлшем бірлігін саннан айырып тасымалдауға болмайды (15 см, 20 кг, 100 га).

Екпін

Екпін – сөйлеген кездегі белгілі бір сөздің, буынның және дыбыстың ерекше көтеріңкі дауыспен айтылуы.

Екпіннің түрлері: сөз екпіні, ой екпіні, дыбыс екпіні, тіркес екпіні.

Сөз екпіні – сөздегі бір буынның көтеріңкі дауыспен айтылуы. Қазақ тілінде бұл екпіннің орны тұрақты, көбінесе сөздің соңғы буынына түседі. Сөзге қосымша жалғанғанда, екпін қосымшаға, яғни соңғы буынға ауысып отырады. Мысалы: еңбек, еңбекші, еңбекшілер, еңбекшілерді.

Ой екпіні – сөйлемдегі бір сөздің көтеріңкі дауыспен айтылуы.

Дыбыс екпіні – сөздегі бір дыбыстың көтеріңкі дауыспен айтылуы.

Тіркес екпіні – сөйлемдегі бір тіркестің көтеріңкі дауыспен айтылуы.

Үндестік заңы

Үндестік заңы дегеніміз – сөз ішіндегі дыбыстардың бір-бірімен үндесіп, біркелкі болып қолданылуы.

Үндестік заңының 2 түрі бар: *буын үндестігі* және *дыбыс үндестігі.*

Буын үндестігі

Буын үндестігі – сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан не жіңішке болып үндесуі.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі буын үндестігіне негізделеді, яғни қазақтың төл сөздері бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке болып келеді.

Буын үндестігі сөз бен қосымша арасында да сақталады. Яғни, сөзге жалғанатын қосымша сөздің соңғы буынының жуан – жіңішкелігіне қарай жуан не жіңішке жалғанады.

Дыбыс үндестігі

Дыбыс үндестігі дегеніміз – қатар келген екі дыбыстың бір-біріне ықпал етіп үндесуі. Оның 2 түрі бар:

ілгерінді ықпал

кейінді ықпал

Ілгерінді ықпал – қатар тұрған екі дыбыстың біріншісінің өзінен кейінгі дыбысқа ықпал етіп, өзіне ұқсатуы.

Ілгерінді ықпалдың кездесетін орындары:

1) сөз бен қосымша арасында: қаш – са (қашша)

2) екі сөз арасында: ақ балық (ақ палық)

күрделі сөздерде:

а) біріккен сөз: көзқарас (көзғарас)

ә) тіркескен сөз: ала кел (ала гел)

б) қос сөз: құрбы-құрдас (құрбы-ғұрдас)

Кейінді ықпал

Кейінді ықпал – қатар тұрған екі дыбыстың соңғысының өзінің алдынғы дыбысқа ықпал етіп, өзіне ұқсатуы.

Кейінгі ықпалдың кездесетін орындары:

1. Түбір мен қосымша арасында: бас + шы – башшы;

2. Екі сөз арасында: ақ лақ (ақ лақ)
3. Күрделі сөздерде:
   а) біріккен сөз: Есенгелді (Есеңгелді)
   ә) тіркескен сөз: он бес (ом бес)
   б) қос сөз: астан - кестен (астаң- кестен).

ЛЕКСИКА

Лексика (грек. «сөздік қор») мына тақырыптарды зерттейді:
1. Жалпы қолданыстағы сөздер;
2. Қолдану аясы шектеулі сөздер;
3. Көркем әдебиетте жиі қолданылатын қанатты сөздер;
4. Сөздің лексикалық мағыналары;

Олардың жіктелуін төмендегі кестеден көруге болады:

1. Жалпы қолданыстағы сөздер	күнделікті өмірде қолданылатын сөздер: бар, кел, есік, туысқан, соғыс, т.б.
2. Қолдану аясы шектеулі сөздер	1. Архаизм 2. Историзм 3. Неологизм 4. Диалект сөз 5. Термин сөз 6. Кәсіби сөз 7. Табу сөз 8. Кірме сөз 9. Эвфемизм 10. Дисфемизм
3. Қанатты сөздер	1. Тұрақты сөз тіркесі 2. Идиома (лық тіркес) 3. Мақал –мәтел 4. Афоризм (нақыл сөз)
4. Сөздің лексикалық мағыналары	1. Тура мағына 2. Ауыспалы мағына 3. Көп мағына 4. Синоним 5. Антоним 6. Омоним

Сөз мағынасы

Сөздің лексикалық мағынасына қарай мынадай түрлері бар:

Сөздің *тура мағынасы* – сөздің бастапқы мағынасы.

Сөздің *ауыспалы мағынасы* – сөз мағынасының ауысып, бастапқы мағынасынан өзге мағынада қолданылуы. Сөздің ауыспалы мағынасы, екінші сөзбен тіркескенде ғана пайда болады. Мысалы:

Тура мағына	Ауыспалы мағына
терең көл	терең ой
ашық терезе	ашық мінез
өткір қайшы	өткір көз
домбыра шерту	сыр шерту
майлы төстік	майлы дастархан

Сөздің көп мағыналылығы (полисемия) – бір сөздің басқа сөздермен тіркескен кездегі әр түрлі мағынаға ие болуы. Мысалы:

Адамның **басы**

Судың **басы** (бұлақ)

Сөздің **басы** (сәлем)

Таудың **басы** (шың)

Антоним – мағыналары бір-біріне қарама -қарсы сөздер. Мысалы: Аласа – биік, Ұзын – қысқа, Ақ – қара, Жақын – алыс, Су жүрек – жүрек жұтқан.

Омоним – дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр түрлі сөздер.

Мысалы: «Жақ» омоним сөзінің мағыналары:

Адамның **жағы**/ От **жақ** / Оң **жақ** / Маған **жақ** бол / Қара бояу **жақ**

Омонимдердің жасалу жолдары:

1. Жұрнақ арқылы: шығыс (шық +ыс), жастық (жас + тық);
2. Кірме сөз арқылы: бақ (парсы. «бақт»), сап (араб «саф»);
3. Сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырауы: біз (бігіз);

Синоним – айтылуы әр түрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын сөздер. Мысалы: сабырлы, байсалды, төзімді, ұстамды, салмақты.

МОРФОЛОГИЯ

Морфология сөз құрамы, қосымша және сөз таптарын зерттейді.

Сөз құрамының 2 түрі бар: дара және күрделі сөз.

Дара сөз	Күрделі сөз
1) түбір сөз 2) туынды сөз	1) қос сөз 2) біріккен сөз 3) қысқарған сөз 4) тіркескен сөз

Қосымшаның 2 түрі бар: жалғау және жұрнақ.

Жалғау	Жұрнақ
1. Көптік жалғау 2. Септік жалғау 3. Жіктік жалғау 4. Тәуелдік жалғау	1) Сөз тудырушы 2) Сөз түрлендіруші

Сөз табының 9 түрі бар:

1. Зат есім
2. Сын есім
3. Сан есім
4. Есімдік
5. Етістік
6. Үстеу
7. Шылау
8. Еліктеу сөз
9. Одағай

Сөз құрамы

Сөз құрамына қарай 2-ге бөлінеді: **дара сөз** және **күрделі сөз.**

Дара сөз

Дара сөз – бір түбірден тұратын сөз. Оның екі түрі бар: **түбір сөз** және **туынды сөз.**

Түбір сөз

Түбір сөз – сөздің мағынасына бар ең бастапқы бөлшегі (ән, дос, бөл, біл, тау, жақсы, қала).

Туынды сөз

Туынды сөздің жасалу жолдары төмендегідей:

1) Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалады (әнші, достық, бөлім, білгір, таулы, жақсылық, қалашық) .

2) Лексикалық жолмен жасалуы («ақ» сөзінің негізгі мағынасы түсті білдіреді. Бұл сөздің лексикалық мағынасының ауысуынан, «сүт тағамдары» деген ұғым пайда болған).

3) Бірігу арқылы (көзқарас, тасбақа т.б.).

4) Тіркесу арқылы (он бес, қара торы т.б.)

Күрделі сөз

Күрделі сөз – кемінде екі түбірден жасалып, бір мағынаны білдіретін сөз. Оның 4 түрі бар:

Біріккен сөз

Қос сөз

Қысқарған сөз

Тіркескен сөз

Біріккен сөз

Біріккен сөз – екі немесе одан көп сөз бірігіп, бір ұғымды білдіретін және бір сұраққа жауап беретін сөз. Мысалы: тасбақа (тас+бақа), Талдықорған (Талды+қорған), қарақұрт (қара+ құрт), Екібастұз (Екі+бас+тұз).

Кіріккен сөз – құрамындағы сөздердің ең кемінде бір дыбысы өзгеріп біріккен сөз.

Мысалы:

биыл	бұл жыл
бүгін	бұл күн
әкел	алып кел
апар	алып бар
ендігәрі	ендігіден әрі
жаздыгүні	жаздың күні
білезік	білек жүзік
қарлығаш	қара ала құс

Қос сөз

Қос сөз – сөздердің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөз. Қос сөздің екі түрі бар: қайталама қос сөз және қосарлама қос сөз.

Қайталама қос сөз – сыңарлары бір түбірден жасалатын қос сөз. Мысалы: көре-көре, көзбе-көз, өз-өзінен, тау-тау.

Қайталама қос сөздің 4 түрлі жасалу жолы бар:

1. Қосымшасыз бір түбірдің қайталануынан жасалады. Мысалы, үлкен-үлкен, су-су, тікен-тікен, қора-қора, қарқ-қарқ, ұсақ-ұсақ, т.б.

2. Қосымшалы бір түбірдің қайталануынан жасалады. Мысалы, бара-бара, айтып-айтып, үйдей-үйдей, сөйлей-сөйлей, бір-біріне, көзбе-көз, келер-келмесін, орынды-орынсыз, қолды-қолына, он-ондап, т.б.

3. Түбірдің бір сыңары дыбыстық өзгеріске ұшырап жасалады. Мысалы, кісі-місі, қағаз-мағаз, кітап-мітап, шай-пай, қалт-құлт, жалт-жұлт, тас-мас, тіс-міс, мәре-сәре, кемпір-семпір, нан-пан, сатыр - сұтыр, салдыр-гүлдір, қараң-құраң, т.б.

4. Бір сыңары ықшамдалып жасалады. Мысалы, теп-тегіс, жап-жасыл, ап-ащы, сұп-сұр, т.б.

Қосарлама қос сөз – сыңарлары әр түрлі түбірден жасалатын қос сөз: үлкен-кіші, алыс-жақын, қысы-жазы, бала-шаға, көйлек-көншек.

Қысқарған сөз

Қысқарған сөз – күрделі атаулардың қысқартылып жазылған түрі.

Мысалы:

1	ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
2	ҚазҰМУ	Қазақ Ұлттық медицина университеті
3	Ұжымшар	Ұжымдық шаруашылық
4	кг	Килограмм
5	ГАЗ-33	Машина, трактор, ұшақ маркалары

Тіркескен сөз

Тіркескен сөз – екі немесе одан да көп сөздер тіркесе келіп, бір ұғымды білдіретін күрделі сөздің түрі. Мысалы:

Күрделі зат есім	Алматы қаласы, мәдениет сарайы
Күрделі сын есім	Қара кер, бидай өңді, ұзын бойлы
Күрделі сан есім	Он бес, екі жүз сексен
Күрделі етістік	Келіп отыр, деп айтты
Күрделі үстеу	Күні бойы, ала жаздай

Қосымша

Қазақ тілінде қосымшаның екі түрі бар. Олар: **жұрнақ** және **жалғау.**

Жұрнақ

Жұрнақ өзі жалғанған сөзге жаңа мағына беріп, туынды сөз жасайды.

Жұрнақтың екі түрі бар: сөз тудырушы жұрнақ және сөз түрлендіруші жұрнақ.

Сөз тудырушы жұрнақ түбірдің негізгі мағынасын өзгертіп, оған жаңа мағына береді (Қой+шы –қойшы, өнер+паз – өнерпаз, ой+ла –ойла, тау+лы – таулы).

Сөз түрлендіруші жұрнақ екі жалғанған сөздің бастапқы мағынасын өзгертпей, сәл түрлендіреді (Үй+шік – үйшік, сандық+ша – сандықша, алаң+қай – алаңқай, қала+шық-қалашық.).

Жалғау

Жалғау сөздерді байланыстырады. Оның 4 түрі бар:

1. Көптік жалғауы
2. Тәуелдік жалғауы
3. Септік жалғауы
4. Жіктік жалғауы

Көптік жалғауы

Сөздер жекеше және көпше түрде қолданылады. Көптік мағынаны білдіру үшін сөздерге көптік жалғауы жалғанады. Мысалы: көше-лер, қыз-дар, ағаш-тар.

Көптік жалғауы мыналар: -лар, -лер, -дар,-дер, -тар, -тер.

Тәуелдік жалғауы

Тәуелдік жалғауы заттың біреуге немесе бір нәрсеге тәуелді (меншікті) екенін білдіреді.

Тәуелденетін зат 3 жақтың біріне меншікті болып тұрады. Сол себепті тәуелдік жалғауының 3 жағы және әр жақтың өзіне тән жалғаулары болады:

Жекеше түрі	
І жақ	-м, -ым, -ім
ІІ жақ	-ң, -ың, -ің -ыңыз, -іңіз, - ңыз, -ңіз
ІІІ жақ	-сы,-сі,-ы,-і

Көпше түрі	
І жақ	-мыз,-ымыз,-міз,-іміз
ІІ жақ	-тарың,-терің,-дарың,-дерің -ларың, -лерің,-тарыңыз,-теріңіз, -дарыңыз,-деріңіз, -ларыңыз,-леріңіз
ІІІ жақ	-сы,-сі,-ы,-і

Септік жалғауы

Сөздің септік жалғауын қабылдауын септелу дейді. Септік атаулары төмендегіше:

№	Септік	Сұрағы	Жалғауы
1	Атау	Кім? Не?	
2	Ілік	Кімнің? Ненің?	-ның,-нің, -дың,-дің, -тың,-тің
3	Барыс	Кімге? Неге?	-а,-е,-қа,-ке,-ға,-ге,-на,-не
4	Табыс	Кімді? Нені?	-ны,-ні,-ды,-ді,-ты,-ті,-н
5	Жатыс	Кімде? Неде?	-да,-де,-та,-те,-нда,-нде
6	Шығыс	Кімнен? Неден?	-дан,-ден,-тан,-тен,-нан,-нен
7	Көмектес	Кіммен? немен?	-мен (менен) -бен (бенен) -пен (пенен)

Жіктік жалғауы

Жіктік жалғауы бастауыш пен баяндауышты байланыстырады. Сондықтан жіктік жалғаулы сөз әрқашан баяндауыш болады да, сөйлемді тиянақтап тұрады.

	Жақ	Есім сөздің жіктелуі
Жекеше	I	Мен дәрігермін
	II	Сен дәрігерсің Сіз дәрігерсіз
	III	Ол –дәрігер
Көпше	I	Біз дәрігерміз
	II	Сендер дәрігерсіңдер Сіздер дәрігерсіздер
	III	Олар – дәрігер

	Жақ	Етістіктің жіктелуі
Жекеше	I	Мен келемін
	II	Сен келесің Сіз келесіз
	III	Ол келеді
Көпше	I	Біз келеміз
	II	Сендер келесіңдер Сіздер келесіздер
	III	Олар келеді

Сөздің жіктік жалғауын қабылдауын жіктелу дейді. Сөздер 3 жақта және жекеше, көпше түрде жіктеледі. *Ескерту*: Зат есім, сын есім, сан есім және есімдіктің 3-жағының қосымшасы жоқ.

Жіктік жалғауы негізінен етістік пен есім сөздерге жалғанады.

Зат есім

Зат есім – заттың, ұғымның, құбылыстың атын білдіретін сөз табы. Сұрақтары: Кім? Не? Кімдер? Нелер?

Түрі	Ереже
Тұлғасына қарай	
Негізгі зат есім	Бөлшектеуге келмейтін түбір зат есім, У, ат, ант, бата, құдық
Туынды зат есім	Зат есімге және басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалған зат есім: білім, достық, боран, тарсыл

Құрамына қарай	
Дара зат есім	Бір ғана түбірден тұрады. От, ара, қант, оқушы, баспалдақ
Күрделі зат есім	Кемінде екі сөзден тұрады. Кемпірқосақ, ата-ана, ҚазМҰУ

Жалпылай немесе жекелей атауына қарай	
Жалпы есім	Біртектес заттардың жалпы атауы: кісі, өзен, тау
Жалқы есім	Біртектес заттардың өз ішіндегі жекелеген атауы: Асан, Ертіс, Алатау

Мағынасына қарай	
Деректі зат есім	Көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат пен құбылыстардың атауы. Ағаш, қалам, су, домбыра, есік, сия
Дерексіз зат есім	Оймен, ақылмен сезіп білетін ұғымдардың атауы. Қайғы, арман, сана, қуаныш, жақсылық

Зат есім жасайтын жұрнақтар

Зат есімнің рең мәнін тудыратын жұрнақтары

№	Жұрнақ	Мысал
1	**-еке, -ке,** **-қа, -а, -е**	Атеке (атке) Исеке (Иса) Ағеке (ағке) Жәке (Жамбыл) Әпеке (әпке) Нүке (Нұрпейіс) Мұқа (Мұхтар)
2	**- й**	Атай, әкей, шешей, жездей
3	**- тай**	Ағатай, апатай, әкетай, шешетай
4	**- жан**	Ағажан, атажан, апажан, Абайжан
5	**- қан,-кен,-қай,-кей** **- ан, -ң**	Балақан, бұзауқан, шеше-кей, Дәкен (Дәріқұл)
6	**-шақ,-шек**	Құлыншақ, інішек
7	**- шық,-шік**	Қапшық, төбешік
8	**- ша,-ше**	Сандықша, күрекше
9	**- ш,-ыш,-іш**	Қалқаш, Нұрыш (Нұртай)
10	**- сымақ**	Қорасымақ, таусымақ

Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар

№	Жұрнақ	Мысал
1	**-шы,-ші**	Қойшы, күйші
2	**-шылық, -шілік**	Шаруашылық, кеңшілік
3	**-лық,-лік,** **-дық,-дік,** **-тық,-тік**	Балалық, адалдық, жолдастық
4	**-кер,-гер**	Айлакер, саудагер
5	**-кеш,-стан** **-паз,-қой,** **-қор,-хана**	Шайхана, кітапхана, арбакеш, жемқор

Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар

№	Жұрнақ	Мысал
1	**-м,-ым,-ім**	Байлам, күзем, қысым
2	**-ма,-ме,-ба,-бе-па,-пе**	Ұрма, көрме, сүзбе, кеспе
3	**-қы,-кі,-ғы,-гі**	Шалғы, тепкі, бұрғы
4	**-с,-ыс,-іс**	Талас, айтыс жүріс
5	**-қ,-к,-ық,-ік,-ақ,-ек**	Тарақ, күрек, қызық
6	**-ыш, іш**	Қуаныш, таяныш, өкініш
7	**-н,-ын,-ін**	Боран, жуын, түйін
8	**-у**	Сабау, жамау, көсеу
9	**-ынды,-інді**	Шайынды, үйінді, үгінді
10	**-ғыш,-гіш,** **-қыш,-кіш**	Сүзгіш, сыпырғыш
11	**-уыш, -уіш**	Өлшеуіш, бастауыш
12	**-ыр,-ір,-р** **-ар,-ер**	Үңгір, шұқыр

Зат есімнің сөйлемдегі қызметі

	Ереже
Бастауыш	Зат есім сөйлемде атау септігінде тұрып бастауыш болады. Кейде кім? Не? Сұрақтары тәуелденіп қойыла береді (кімім?, неңіз?). Мысалы, Жел күшейе түсті. Әкем үйге келді.
Анықтауыш	Зат есім ілік септігінде тұрып және өзінен кейінгі сөзді айқындап, анықтауыш болады. Мысалы: Алтын сағат сыйлаған екен. Қырда ауылдың малдары жайылып жүр.
Толықтауыш	Зат есім атау мен ілік септіктерінен басқа септіктер тұлғасында тұрып, толықтауыш болады. Мысалы: Ертегімен ұрпағыңды естелікке үйрет.
Пысықтауыш	Зат есім барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп немесе көмекші есіммен, септеулік шылаумен тіркесіп пысықтауыш болады. Мысалы: Көлеңкеде атам отыр.

1	2
Баяндауыш	Зат есімдер жіктеліп келіп немесе атау септігінде тұрып сөйлемде баяндауыш болады. Мысалы: Бала – артта қалған із, байлық – еритін мұз.

Көмекші есім

Көмекші есім – лексикалық мағынасынан айырылып, сөйлемде екінші бір сөздің шылауында қолданылатын зат есім. Мысалы, ***сырт, іш, маң, алд(ы), үст(і), қас, жан*** т.б. (Ауылдың жаны терең сай).

Әдетте көмекші есім тәуелдік жалғауында тұрып, негізгі зат есіммен тіркесіп сөйлемнің бір ғана мүшесі болады.

Сын есім

Сын есім – заттың түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін сөз табы. Сұрақтары: қандай? қай?

Түрі	Ереже
Тұлғасына қарай	
Негізгі сын есім	Түбір сын есім (сары, таза, тәтті, терең)
Туынды сын есім	Жұрнақ арқылы жасалған сын есім (көшпелі, сөзшең, оқымысты, әлсіз)
Құрамына қарай	
Дара сын есім	Бір ғана сын есімнің сындық белгіні білдіруі (ақ, бойшаң, жасыл, баласыз)
Күрделі сын есім	Тіркескен және қосарланған сын есімнің сындық белгіні білдіруі (ақ киімді, қара торы, көп балалы, тап-таза)
Мағынасына қарай	
Сапалық сын есім	Сындық белгіні анықтайтын төл сын есім (сұр, қызылдау, биік, үлкен, көкпеңбек)
Қатыстық сын есім	Басқа сөз таптарынан жасалған туынды сын есім (бойшаң адам, өнерлі бала)

Туынды сын есім жасайтын жұрнақтар

	Жұрнақ	Мысал
Есім сөздерден сын есім жасайтын	1. -лы,-лі, -ды,-ді,-ты, -ті 2. -сыз,-сіз 3. -ғы,-гі,-қы,-гі 4. -лық,-лік,-дық,-дік,-тық,-тік 5. -шыл,-шіл 6. -шаң,-шең 7. -дай,-дей,-тай-тей 8. -қой,-қор, -паз,-кер,-гер 9. -и,-ы,-і	1. Далалы, орманды; 2. Баласыз; 3. Жазғы, ішкі; 4. Балалық; 5. Кекшіл; 6. Бойшаң; 7. Тастай, судай; 8. Сәнқой, әуесқой; 9. Тарихи, қазақы;
Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақ	1. -ғақ,-гек,-қақ,-кек,-ақ,-ек 2. -ық,-ік,-қ,-к 3. -ғыш,-гіш,-қыш,-кіш 4. -ғыр,-гір,-қыр,-кір 5. -шақ,-шек 6. -ынды,-інді,-нды,-нді 7. -малы,-мелі, -палы,-пелі,-балы,-белі 8. -ымды, -імді,-мды,-мді 9. -аған,-еген 10. -улы,-улі 11. -ма,-ме,-па,-пе,-ба,-бе 12. -ыңқы, -іңкі,-ңқы,-ңкі	1. Жабысқақ, үркек; 2. Ашық, ақсақ; 3. Білгіш, айтқыш; 4. Тапқыр, алғыр; 5. Ұялшақ; 6. Асыранды, үйінді; 7. Созбалы, аспалы; 8. Шыдамды; 9. Қабаған; 10. Ілулі, асулы; 11. Қызба, бөспе; 12. Басыңқы, көтеріңкі;

Сын есімнің шырайлары

Екі заттың сын-сипатының бір-бірінен артық немесе кем екенін көрсету үшін шырай қолданылады. Шырайдың екі түрі бар: *салыстырмалы шырай* және *күшейтпелі шырай*.

	Ереже	**Жасалу жолдары**
Салыстырмалы шырай	Бір заттың сындық белгісін екінші затпен салыстырғанда кем не артық екенін білдіретін шырайдың түрі	1. -ырақ,-ірек,-рақ, -рек (кіші**рек**) 2. -лау,-леу,-дау,-деу,-тау, -теу (ақ**тау**) 3. -қыл,-ғыл,-қылт,-ғылт, -ғылтым,-аң-шыл,-шіл,-қай,-ғыш,-қай,-шілтім,-ілдір,-ша,-ше, (ақ**шыл**, боз**аң**).
Күшейтпелі (асырмалы) шырай	Білгілі бір сындық белгінің бір нәрседен өте артық не өте кем екенін білдіретін шырайдың түрі	1. Сын есімнің алдынан күшейткіш буынның қосарлануы арқылы жасалады (сап-сары). 2. Сын есімнің күшейткіш үстеумен (тыс, аса, өте, ең нақ т.б.) тіркесуі арқылы жасалады (тым ауыр, ең әдемі).

Сын есімнің сөйлемдегі қызметі

	Ереже
Анықтауыш	Сын есім сөйлемде негізінен анықтауыш болады (Қырдағы қызыл-сары гүлдер көздің жауын алады).
Бастауыш	Заттанған сын есім атау септігінде тұрып бастауыш болады (Сыпайы сырын сақтар, әдепті арын сақтар).
Толықтауыш	Сын есім заттанып келіп, толықтауыш болады (Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен).
Пысықтауыш	Сын есім етістіктің алдынан келіп, іс-әрекеттің сынын білдіріп, пысықтауыш болады. (Ол әнді жақсы айтады Ол бүгін көңілді жүр).
Баяндауыш	Сын есім сөйлем соңында жіктеліп немесе заттанып келіп, баяндауыш болады Сен үйдің үлкенісің.

Сан есім

Түрлері		Мысалдар
Тұлғасына қарай	Негізгі	Екі, төрт, елу, қырық
	Туынды	Бірінші, екеу, бірер, елудей
Құрамына қарай	Дара	Бір,екі, бес, жүз, мың
	Күрделі	Он бес, бес жүз, бір мың елу
Мағынасына қарай	Есептік	Бір, екі,жүз, мың
	Реттік	Бірінші, жүзінші, мыңыншы
	Жинақтық	Біреу, екеу, үшеу, бесеу
	Топтау	Оннан, мыңнан, екі-екіден
	Болжалдық	Елудей, бірер, мыңдап, жүздеген
	Бөлшектік	Үштен бір, екі бүтін оннан екі

Сан есімнің мағыналық түрлері

Түрлері	Сұрақтары	Жасалу жолдары	Мысалдар
Есептік сан есімдер	Қанша? Неше?		Бір, екі,үш, төрт, бес, тоғыз, он, жиырма, отыз, елу, сексен тоқсан, жүз, алты жүз, бес мың
Реттік сан есімдер	Нешінші? Қаншасыншы?	-ыншы,-інші,-ншы,-нші	Бірінші, оныншы, екінші алтыншы, жүзінші
Жинақтық сан есімдер	Нешеу?	-ау,-еу	Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу
Болжалдық сан есімдер	Қанша? Неше? Қаншадай? Нешеге жуық?	-дай,-дей,-тай,-тей -даған,-деген,-таған,-теген, -ер -лап, -леп,-дап,-деп, -тап,-теп	Елудей, отыздай Ондаған, жүздеген, Бірер Жүздеп, ондап, елулеп, мыңдап

1	2	3	4
Топтау сан есім	Нешеден? Қаншадан?	-дан,-ден,-тан,-тен,-нан,-нен	Бестен, оннан, жүзден, он алтыдан, екі-екіден, жүз-жүзден, бір литрден
Бөлшектік сан есім	Қанша? Неше?	Есептік+шығыс септігі Жарты, жарым, ширек	1/10 оннан бір Бір бүтін бестен үш 1500 – мың жарым 50-жүздің жартысы

Сан есімнің сөйлемдегі қызметі

	Ереже
Анықтауыш	Сан есім сөйлемде негізінен анықтауыш болады (Үйдегі бес-алты малымыз жоғалып кетті).
Бастауыш	Заттанған сын есім атау септігінде тұрып, бастауыш болады (Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді).
Толықтауыш	Сын есім заттанып келіп, толықтауыш болады (Екеуінен үйренгенің саған жетеді).
Пысықтауыш	Сын есім етістікпен тіркесіп, іс-әрекеттің мөлшерін білдіріп, пысықтауыш болады. (Ат баспаймын деген жерін үш рет басады).
Баяндауыш	Сын есім сөйлем соңында жіктеліп немесе заттанып келіп, баяндауыш болады. Сен үйдің бесіншісісің.

Есімдік

Есімдік – зат есім, сын есім және сан есімнің орнына қолданылатын сөз табы. (Орынбасар сөз табы деп те аталады)

Есімдіктің мағынасына қарай төмендегідей 7 түрге бөлінеді:

	Ереже	Мысал
Жіктеу	Белгілі бір жақ түрінде қолданылатын есімдіктің түрі	Мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар, т.б.
Сілтеу	Нұсқау және көрсету мағыналарын білдіреді	Сол, мынау, аналар, міне, т.б.
Сұрау	Жауап алу мақсатында қойылған сұрақтар. (Қазақ тіліндегі барлық сұраулы сөздер жатады.)	Кім? не? неше? неге? қайда? т.б.
Өздік	Өздік есімдігіне әр түрлі тұлғадағы өз деген бір ғана сөз жатады.	Өз, өзім, өзіміздің, өз-өзіне т.б.
Жалпылау	Жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіретін есімдіктің түрі	Барлық, бәрі, күллі, барша, тегіс, т.б.
Белгісіздік	Затты, сындық белгіні, сан мөлшерін жорамалдап көрсететін есімдік түрі.	Кейбіреу, қайсыбір, әлдеқайда, әлдеқандай, т.б.
Болымсыздық	Болымсыздық мағынаны білдіретін есімдіктің түрі	Еш+(кім, қайда, қашан, т.б.), ештеңе, дәнеме.

Есімдік құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді:

Дара есімдік бір сөзден тұрады. Мысалы: мен, олар, біреу, барлық, қайда, мынау, т.б.

Күрделі есімдік екі түбірден жасалады.

Мысалы: кімді-кім, әлдеқашан, әркім, ешбір, т.б.

Есімдіктің септелуі

Атау	мен	ол
Ілік	менің	оның
Барыс	маған	оған
Табыс	мені	оны
Жатыс	менде	онда
Шығыс	менен	одан
Көмектес	менімен	онымен

Есімдіктің тәуелденуі

		ол	**өз**
Жекеше	Менің	оным	өзім
	Сенің	оның	өзің
	Сіздің	оныңыз	өзіңіз
	Оның	онысы	өзі
Көпше	Біздің	онымыз	өзіміз
	Сендердің	олардың	өздерің
	Сіздердің	оларыңыз	өздеріңіз
	Олардың	олары	өздері

Етістік

Етістік заттың іс-әрекетін, қимылын білдіреді.
Сұрақтары: не істеді? не қылды? қайтті?

Тұлғасына қарай:

Негізгі етістік	**Туынды етістік**
Заттың қимылын білдіретін төл етістік. Сөздің түбірі етістік болады. Мысалы: кел, кет, көрген, айтпады, т.б.	Түбір етістікке және басқа сөз таптарына жұрнақ жалғану арқылы жасалған етістік. Мысалы: ой-ла, сан-а, күл-імсіре, көг-ер, т.б.

Құрамына қарай:

Дара етістік	**Күрделі етістік**
Бір ғана түбірден (негізгі/ туынды) тұрады. Мысалы: баста, кес, тасы, тара, аяқта, байы	Кемінде екі етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: алып кел, жазып отыр, уәде берді, т.б.

Іс-әрекеттің жүзеге асу-аспауына қарай:

Болымды етістік	Болымсыз етістік
Іс-әрекеттің жүзеге асқанын білдіреді. Мысалы: алды, жаздыр, өшірді	Іс-әрекеттің болмауын, жүзеге аспауын білдіреді. 1. Етістікке *-ма,-ме,-па,-пе,-ба,-бе* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: *өшірмеген.* 2. Етістік пен **жоқ, емес** сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады: өшірген жоқ, өшірген емес

Мағынасына қарай:

Салт етістік	Сабақты етістік
Өзінің алдынан табыс септігіндегі сөзді қажет етпейтін етістік. Мысалы: үйге кел, үйден шық, үйде отыр, үймен хабарлас	Алдындағы сөздің табыс септікте тұруын қажет ететін етістік. Мысалы: хатты оқы, ақшаны сана, есепті шеш, шашыңды тара

Есімдерден туынды етістік жасайтын жұрнақтар:

№	Жұрнақ	Мысал
1	-ла,-ле,-да,-де,-та,-те	аяқта, ретте, өкпеле, ойла, қолда
2	-лан,-лен,-тан,-тен	ойлан, үйлен, әдеттен, рақаттан
3	-лас,-лес,-дас,-дес,-тас,-тес	көмектес, пікірлес, сырлас, ақылдас
4	-лат,-лет,-дат,-дет	әндет, дауылдат, түнделет
5	-а,-е	ата, деме, сына
6	-ай,-ей,-й	күшей, мұңай
7	-қар,-кер,-ғар,-гер	басқар, ескер
8	-ар,-ер,-р	жаңар, ескір
9	-ал,-ел,-ыл,-іл,-л	жоғал, сұйыл-тарыл, теңел
10	-ық,-ік	бірік, дәнік, тынық
11	-сы,-сі,-ымсы,-імсі	үлкенсі, пысықсы
12	-сын,-сін	жатсын, көпсін

1	2	3
13	-сыра,-сіре	әлсіре, қансыра, жетімсіре
14	-ыра,-іре	бұрқыра, күркіре, жарқыра
15	-ырай,-ірей	кішірей, бақырай, бажырай

Есімше

Есімше – бірде есім сөздің, бірде етістіктің қызметін атқаратын етістіктің түрі.

Есімше есімдерше түрленіп (септеліп, тәуелденіп, көптеліп) есім қызметін атқарады.

Есімше жіктеліп етістік қызметін атқарады.

Есімшенің жұрнақтары:

1	-ған,-ген,-қан,-кен	ал-ған, кел-ген
2	-ар,-ер,-р болымсыз етістік + с жұрнағы	бар-ар, жүр-ер; оқыма-с
3	-атын,-етін,-йтын,-йтін	жаз-тын, өр-етін
4	-мақ,-мек,-пақ,-пек,-бақ,-бек	бар-мақ

Есімшенің сөйлемдегі қызметі

	Ереже
Анықтауыш	Есімше зат есіммен тіркесіп немесе ілік септігінде тұрып анықтауыш болады. (Болатын бала бесігінде бұлқынар.)
Бастауыш	Есімше сөйлемде атау септігінде тұрып бастауыш болады. (Көрмес –түйені де көрмес.)
Толықтауыш	Есімше атау мен ілік септіктерінен басқа септіктер тұлғасында заттанып қолданылса, толықтауыш болады. (Естігенді ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар).
Пысықтауыш	Есімше барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп немесе көмекші есіммен, септеулік шылаулармен тіркесіп, пысықтауыш болады. (Оны көрген сайын баласы есіне түседі.)
Баяндауыш	Есімше жіктеліп келіп сөйлемде баяндауыш болады. (Адал кісі арылмас. Сыпайы сырын сақтар.)

Көсемше

Көсемше – бірде пысықтауыштың, бірде баяндауыштың қызметін атқаратын етістіктің түрі.

Іс-әрекеттің жай-күйін білдіріп, пысықтауыштың қызметін атқарады.

Жіктеліп немесе көмекші етістікпен тіркесіп, қимылды білдіріп, баяндауыштың қызметін атқарады.

Көсемшенің жұрнақтары:

1	**-а,-е,-й**	бар-а-ды, кел-е-ді
2	**-ып,-іп,-п**	шығ-ып,ез-іп
3	**-ғалы,-гелі,-қалы,-келі**	ал-ғалы, бер-гелі, бас-қалы

Көсемшенің жіктелуі:

	Жекеше түрі	**Көпше түрі**
I	Бара-мын	Бара-мыз
II	Бара-сың Бара-сыз	Бара-сыңдар Бара-сыздар
III	Бара-ды	Бара-ды

Көсемшенің сөйлемдегі қызметі

Пысықтауыш
Көсемше іс-әрекеттің түрлі күйін білдіріп, пысықтауыш болады.
Мен сөйлескелі (не үшін?) келдім. Ол жымиып (қалай?) күлді. Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың.
Баяндауыш
Көсемше күрделі етістіктің құрамында келіп, баяндауыш болады.
Алып та, халықтан үйренеді. Ол үйіне барып келеді. Ол өз ойын айта салады. Түнде жаңбыр жауыпты.

Етістіктің шақтары

Іс-қимылдың уақытын білдіретін етістіктің тұлғасы. Етістіктің 3 шақ тұлғасы бар: *осы шақ, өткен шақ, келер шақ*.

Осы шақ

Осы шақ сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. Оның 2 түрі бар: **Нақ осы шақ** және **ауыспалы осы шақ.** Олардың жасалу жолдары төмендегі кестелерде берілген:

Нақ осы шақ	
Дәл сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. Оның 2 түрі бар:	
1. Жалаң нақ осы шақ: «жатыр, отыр, жүр, тұр» қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады	2. Күрделі нақ осы шақ: (-а,-е,-й,-ып,-іп,-п) (қалып етіс.) +ж.ж
Жатырмын, жүрміз, отырсың, тұрсыз.	Бар-а жатырмын, кел-іп отырсың.

Ауыспалы осы шақ
Күнделікті болып жатқан іс-қимылды білдіреді
Етістік + (-а,-е,-й) +жіктік жалғауы
Күнде сабаққа бар-а-мын

Өткен шақ

Өткен шақ сөйлеп тұрған уақыттан бұрын біткен іс-әрекетті білдіреді. Оның 3 түрі бар:

Жедел өткен шақ	Іс-қимылдың жуық арада болғанын білдіреді	Етістік+(-ды,-ді,-ты,-ті) +жіктік жалғауы
Бұрынғы өткен шақ	Іс-қимылдың жалпы бол-ғанын көрсетеді	Етістік +(-ған,-ген,-қан,-кен,-ып,-іп,-п)+жіктік жалғауы

Ауыспалы өткен шақ	Сөйлеп тұрғаан уақытқа дейін дағдылы болып тұрған іс-қимылды білдіреді	Етістік+(-атың,-етін,-йтын,-йтін)+жіктік жалғауы

Келер шақ

Келер шақ сөйлеп тұрған уақыттан кейін болатын іс-әрекетті білдіреді. Оның 3 түрі бар:

Болжалды келер шақ	Іс-қимылдың келешекте болатынын дәл көрсетпей, болжай ғана білдіреді	Етістік+(-ар,-ер,-р)+жіктік жалғауы
Мақсатты келер шақ	Іс-қимылдың келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді	Етістік+(-мақ,-мек,-пақ, -пек,-бақ,-бек)+(шы, ші) +жіктік жалғауы
Ауыспалы келер шақ	Алдағы уақытта болатын іс-қимылды білдіреді.	Етістік+(-а,-е,-й) + жіктік жалғауы

Етістіктің райлары

Етістіктің райлары орындаушының іс-қимылға байланысты ой-пікірін, қатынасын білдіреді. Етістіктің 4 рай түрі бар:

	Ереже	**Жасалу жолы**
Ашық рай	Іс-қимылдың қай шақта екенін білдіреді.	Үш шақтың жасалу жолдары арқылы.
Бұйрық рай	Іс-қимылдың бұйыру, талап ету, өтіну ретінде айтылу мағынасын білдіреді.	Етістіктің бұйрықты түрде жіктелуі арқылы. (Мен бар-айын Сен бар Сіз бар-ыңыз Ол бар-сын)

1	2	3
Шартты рай	Іс-қимылдың орындалу-орындалмау шартын білдіреді.	Етістік + (-са,-се) +жіктік жалғауы. (Күн ашық бол-са, тауға шығамыз.)
Қалау рай	Қалау, тілекті білдіреді	Етістік + (-ғы, -гі,-қы,-кі) +тәуелдік жалғауы / кел етістігі (Біздің сабақ оқы-ғы-мыз келеді.)

Етіс

Етіс іс-қимылды орындауда, оған орындаушының қатысы қандай екенін білдіреді. Оның 4 түрі бар:

	Ереже	**Жұрнақ**
Өздік етіс	Іс-қимылды адам өзі істейді	-ын,-ін,-н (жу-ын-ды, ки-ін-ді)
Өзгелік етіс	Адам іс-қимылды өзге біреуге орындатқызады	1. -дыр,-дір,-тыр,-тір, -ыр,-ір: (жаз-дыр) 2. -ғыз,-гіз,-қыз,-кіз (айт-қыз) 3. –т; (оқы-т) 4. –сет (көр-сет)
Ырықсыз етіс	Іс-қимыл өздігінен жасал-ғандай көрінеді	1. -ыл,-іл,-л; (аудар-ыл-ды) 1. -ын,-ін,-н (түбірде «л» әрпі болса): (ал-ын-ды)
Ортақ етіс	Іс-қимыл бірлесіп, ортақ-тасып істелінеді	-ыс,-іс,-с (жаз-ыс-ты, бөл-іс-ті, оқы-с-ты)

Тұйық етістік

Тұйық етістік – шақпен, жақпен байланысы болмай, қимылдың атауын ғана білдіретін етістіктің түрі.

Тұйық етістік -у жұрнағы арқылы жасалады

Негізгі етістік Туынды етістік Болымсыз етістік Етіс	**-у**	қара-**у** ойна-**у** алма-**у** оқыт-**у**

Етістіктің сөйлемдегі қызметі

	Ереже
Бастауыш	Есімше мен тұйық етістік атау септігінде тұрып, бастауыш болады. (Оқу- білім бұлағы.)
Баяндауыш	Етістіктер жіктеліп келіп, баяндауыш болады. (Мен биыл бітіремін.)
Толықтауыш	Есімше және тұйық етістік атау және ілік септіктерінен басқа септіктерде тұрып, толықтауыш болады. (білгенге маржан, білмеске арзан.)
Пысықтауыш	Қимылдың әр түрлі қасиетін білдіріп, пысықтауыш болады. (Ол күлімсіреп қарады.)
Анықтауыш	Есімшелер және ілік септігіндегі тұйық етістік анықтауыш болады. (Оқудың шегі жоқ.)

Үстеу

Үстеу – қимылдың түрлі белгісін (мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын) білдіретін сөз тобы.

Үстеу құрамына қарай үшке бөлінеді:

1) Негізгі үстеу бөлшектеуге келмейтін төл үстеулер (ең, ертең, бұрын).
2) Туынды үстеу түбірге жұрнақ жалғануы арқылы немесе кейбір септік жалғауларының көнеленуі арқылы жасалады (бірге, зорға, балаша.)
3) Күрделі үстеу кемінде екі түбірден тұрады (бүгін, қыс бойы).

Үстеудің мағынасына қарай 7 түрі бар. Олар төмендегідей:

Түр	Ереже	Сұрақ	Мысал
Мекен	Қимылдың болу орны мен бағытын білдіреді	Қайда? қалай? қарай? қайдан?	Ілгері, осында, бері, т.б.
Мезгіл	Қимылдың мезгілін білдіреді	Қашан? қашаннан бері?	Бүгін, таңертең, түнде, т.б.
Себеп-салдар	Қимылдың болу себебін, салдарын білдіреді	Неге? не себепті? неліктен?	Амалсыздан, босқа, лажсыздан, бекерге, т.б
Қимыл-сын	Қимылдың жүзеге асу амалын білдіреді	Қалай? қайтіп? қалайша?	Емін-еркін, әрең, т.б.
Мөлшер	Қимылдың мөлшерін, көлемін білдіреді	Қанша? қаншама? қаншалық? қаншалап?	Неғұрлым, әжептәуір, біршама, соншалық, т.б.
Күшейткіш	Қимылдың белгісі мен сапасын тым күшейтіп не солғындатып көрсетеді	Қалай? қандай?	Ең, тым, аса, өте, нағыз, кілең, орасан, т.б.
Мақсат	Қимылдың болу мақсатын білдіреді	Қалай? не мақсатпен?	Әдейі,қасақана, жорта, т.б

Еліктеу сөз

Еліктеу сөз – әр түрлі дыбысқа, құбылысқа еліктеуден және олардың бейнесін елестетуден туындаған сөз.

Құрамына қарай оның мынадай түрлері бар:

Дара еліктеу сөз	Күрделі еліктеу сөз
Бір ғана түбірден (негізгі / туынды) тұратын төл еліктеу сөз	Екі сөздің қосарлануынан жасалған еліктеу сөз
Тарс, күмп, жымың, т.б.	Тарс-тұрс, қисаң-қисаң, т.б

Одағай

Одағай – дербес мағынасы жоқ, адамның көңіл-күйін білдіретін немесе жануарларға қаратылып айтылатын сөз.

Одағайдың ерекшеліктері:

1. Одағайда дербес лексикалық мағына болмайды (пәлі, әттең, ойпырмай т.б.).
2. Одағай сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді. (Қап, соны күшік кезінде атып тастау керек еді.)
3. Одағай сөйлем мүшесі бола алмайды, яғни сөйлем мүшесіне талданбайды. (Әттең, қазір жанымда әкем болғанда ғой.)

Одағай мағынасына қарай 3-ке бөлінеді:

1. Көңіл-күй одағайы	Адамның түрлі көңіл - күйін білдіретін сөз	Алақай (қуану), әттең (өкіну), шіркін (таң-дану) т.б.
2. Жекіру, бұйыру одағайы	Жекіру, тыйым салу мәнін білдіретін сөз	Тәйт, жә, тек, т.б
3. Шақыру одағайы	Мал, ит-құсты шақыру немесе қууға байланысты айтылатын сөз	Шөре-шөре, құрау-құрау, моһ-моһ, т.б.

Шылау

Шылау сөз және сөйлемді байланыстырады және өзі тіркескен сөзге қосымша мағына береді. Оның 3 түрі бар: *септеулік шылау, жалғаулық шылау, демеулік шылау*

Септеулік шылау

Септеулік шылау сөздерді сабақтастыра (бағындыра) байланыстырады. *Олар атау, барыс, шығыс және көмектес*

септіктерінде тұрған сөзбен тіркесіп қолданылады. *Мысалы, сайын, үшін* септеуліктері алдындағы сөздің атау септігінде тұрғанын қажет етеді (апта сайын, Отан үшін). Алдындағы сөздің септігіне қарай оның 4 түрі бар:

Септік	Шылау	Мысал
Атау септігіне қатысты	Туралы, жайында, сияқты, тәрізді, секілді, үшін, сайын, т.б.	Отан *үшін* отқа түс – күймейсің
Барыс септігіне қатысты	Дейін, қарай, тарта, таман, жуық, т.б.	Түске *дейін* жүзге *жуық* хат жібердік
Шығыс септігіне қатысты	Кейін, соң, әрі, гөрі, бері	Бұдан *әрі* оның сөзін ести алмадым
Көмектес септігіне қатысты	Бірге, қабат, қатар	Мен әкеммен *бірге* жұмыс істедім

Жалғаулық шылау

Жалғаулық шылау сөздер мен сөйлемдерді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Оның 6 түрі бар:

Түрі	Шылауы
Ыңғайластық жалғаулық	Мен, бен, пен, және, әрі, да, де, та, те
Қарсылықты жалғаулық	Бірақ, дегенмен, алайда, сонда да, сөйтсе де, сөйткенмен, т.б.
Себеп-салдар жалғаулық	Өйткені, себебі, сондықтан, сол үшін, неге десеңіз, т.б.
Талғаулықты жалғаулық	Не, немесе, я, я (не) болмаса, яки, әлде, т.б.
Кезектес жалғаулық	Кейде, бірде, біресе
Шартты жалғаулық	Егер, егер де

Демеулік шылау

Демеулік шылау сөздерді байланыстырмайды, тек өзі тіркескен сөзге ғана қосымша мағына үстейді. *Мысалы, ма, ме*

демеулігі өзі тіркескен сөзге сұраулық мағына береді (Бұл кітап па?). Оның 6 түрі бар:

Түрі	Шылауы	Мысал
Сұраулық мағына беретін демеулік	ма, ме, ба, бе, па, пе, ше	Қазір жаңбыр жауып кетсе *ше*? Есеннің *бе*?
Күшейткіш мағына беретін демеулік	-ақ,-ау,-ай де де, та, те	Осы сен-*ақ* бізді шаршатып бітірдің.
Болжалдық мағына беретін демеулік	-ау,-мыс,-міс, кейде	Ертеректе бір әулие кісі болыпты –*мыс*.
Болымсыздық мағына беретін демеулік	түгіл, тұрсын, тұрмақ	Сен *түгіл* мен де бес алған емеспін.
Шектік мағына беретін демеулік	ғана, тек,-ақ	Ол кеше *ғана* келді.
Нақтылау мағына беретін демеулік	ғой, қой, -ды,-ді,-ты, -ті	Бұл оқиға бұрын болған-*ды*. Бұл менің ағам *ғой.*

СИНТАКСИС

Синтаксис (грек. «құрастыру, біріктіру, рет») – ***сөз тіркесі*** мен ***сөйлемнің*** құрылысын қарастыратын грамматиканың бір саласы.

Сөз тіркесі

Сөз тіркесі – кемінде екі сөздің мағыналық әрі тұлғалық жақтан байланысуы.

Сөз тіркесінің айрықша белгілері:

1. Ең кемі толық мағыналы екі сөзден тұрады.

2. Өзара грамматикалық тәсілдер арқылы бірі екіншісіне бағына (сабақтаса) байланысады.

3. Зат, құбылыс жайында кеңірек, нақтылы түсінік береді.

Сөз тіркесінің бірінші сыңары бағыныңқы сөз, ал екінші сыңары басыңқы сөз деп аталады:

1. *Бағыныңқы сөз* – тірек сөздің мағынасын нақтылап, даралап сипат беретін бірінші сөз (әдемі киіну).

2. *Басыңқы сөз* – сөз тіркесін жасауға тірек болатын екінші сөз (үш бала).

Сөз тіркестерінен сөйлем жасалады:

Сөз тіркесі	Сөйлем
Бала бөленген бесік, бесіктің үсті, жеті нәрсе, үстіне жабылады	Бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе жабылады.
Сол қол, қолына ұстаған, үлкен шортан, отырғандарға көрсетті, мақтана көрсетті, ұстаған шортанды	Дәмеш кемпір сол қолына ұстаған үлкен шортанды отырғандарға мақтана көрсетті.

Сөйлем

Сөйлем – біршама тиянақты ойды білдіретін сөздер тобы.

Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай 4 түрі бар:

Түрі	Ереже	Тыныс белгісі
Хабарлы сөйлем	Хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылатын сөйлем	Сөйлем соңына нүкте қойылады.
Сұраулы сөйлем	Бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылатын сөйлем	Сөйлем соңына сұрау (?) белгісі қойылады.
Бұйрықты сөйлем	Бұйыру, тілек – өтініш ету мақсатында айтылатын сөйлем	Сөйлем соңына нүкте немесе (көтеріңкі интонациямен айтылса) леп белгісі (!) қойылады.
Лепті сөйлем	Сөйлеушінің көңіл-күйін (қуану, ренжу, өкіну, т.б.) білдіру мақсатында айтылатын сөйлем.	Сөйлем соңына нүкте немесе (көтеріңкі интонациямен айтылса) леп белгісі (!) қойылады.

Түрі	Жасалу жолдары
Хабарлы сөйлем	Хабарлау мақсатында айтылған жай сөйлем арқылы жасалады. Мысалы: Ақырын соққан самал шалқар көлдің ақша бетін аймалап сүйгендей болады.
Сұраулы сөйлем	1. Сұрау есімдіктері: (кім? Не? Қанша? Қандай? т.б) 2. Сұраулық шылаулар: (ма, ме, па, пе, ба, бе, ше) 3. Оқшау, көмекші сөз: ә, сірә, қайтеді, шығар, т.б.) Мысалы: Сен оны танисың ба? / Сен оны танимысың? Енді арманың жоқ шығар? Сен ауылға бардың ғой, иә? Қазір ол келіп қалса ше? Оған өлең ұнады білем, сірә?
Бұйрықты сөйлем	Баяндауышы бұйрық рай арқылы жасалады. Мысалы: Сөйлемді жазып шық. Мұны оған айтпа. Жүр, тез аяғыңды бас! Тыныш отыр!
Лепті сөйлем	1. Одағай сөздер: (қап, әттеген-ай, пай-пай т.б) 2. Күшейткіш мәнді сөздер: (не деген, не еткен, қандай, шіркін, ғажап, т.б.) 3. Демеулік шылаулар: (-ау, -ақ, -ай т.б.) 4. Интонация арқылы: Қап, мынау жығылды-ау! Пай-пай, мынаның шабысын -ай! Ә, сені ме, бәлем! Бейшара-ай, мынаның тарта алмай келе жатқанын-ай!

Сөйлемнің құрылысына қарай түрлері

Түрі	Ереже	Мысал
Жақты сөйлем	Бастауышы бар сөйлем	Мен ауылға бардым. Кітап – білім бұлағы.
Жақсыз сөйлем	Бастауышы мүлдем жоқ сөйлем	Менің оқығым келеді. Ағашты былай жарар болар.
Жалаң сөйлем	Тек тұрлаулы мүшеден тұратын сөйлем	Ол келді. Бала-шағасы келіп кетті. Той-думан болып тұрады.

1	2	3
Жайылма сөйлем	Тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем	Ол ерте келді. Жаңбыр қатты жауып тұр.
Толымды сөйлем	Ойға қажетті мүшелер-дің бәрі қатысқан сөйлем	Олар арттарына мәң-гілік із қалдырды.
Толымсыз сөйлем	Айтылуға тиісті мүшелердің бірі түсіп қалған сөйлем	– Балам қайдан келдің? – Астанадан. Толымды түрі: – Балам, (сен) қайдан келдің? – (Мен) Астанадан (келдім).
Атаулы сөйлем	Іс-оқиғаның құбылыстың атауын ғана көрсететін сөйлем	Жаз. Қайнаған күн. Егіс даласы. Қара бұйра жер, көк торғын аспан.

Сөйлем мүшелері атқаратын қызметіне қарай 2 топқа бөлінеді: *тұрлаулы* және *тұрлаусыз* мүше.

1. *Тұрлаулы мүше* – сөйлем құрауға негіз болатын мүше. Оның 2 түрі бар: бастауыш пен баяндауыш.

2. *Тұрлаусыз мүше* – өздігінен сөйлем құрай алмайтын, тек сөйлемдегі ойды толықтырып тұратын мүше. Оның 3 түрі бар: анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш.

Тұрлаулы мүшелер
Бастауыш

Бастауыш – сөйлемде атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіретін тұрлаулы мүше.

Сұрақтары: Кім? Не? Кімдер? Нелер? Кімі? Несі?

Бастауыш төмендегі сөз таптарынан жасалады

Сөз табы	**Мысалы**
Зат есім	Күн жылынды. Досым келді.

Сөз табы	Мысалы
Есімдік	Бұл – үлкен үй. Өзің кел. Ешкім жоқ.
Сын есім	Ақылды ісіне сенеді. Сыпайы сырын сақтар.
Сан есім	Үшеуі сыртқа шықты. Төрт екіге бөлінеді.
Етістік	Іздеген жетер мұратқа. Оқу инемен құдық қазғандай.

Бастауыш құрылысына қарай 3-ке бөлінеді:

Дара бастауыш – бір сөзден тұратын бастауыш. *Мысалы:* Біз алғашқыда өз көзімізге өзіміз сенбедік. Жігіттер аттарын жетектеп, бұлақ басына жақындай берді.

Күрделі бастауыш – кемінде екі сөзден тұратын бастауыш. *Мысалы:* Кеншілер сарайы адамға лық толы. Ырыс алды – ынтымақ.

Үйірлі бастауыш – үйірлі сөздерден тұратын бастауыш. *Мысалы:* Уайымы көптер тез қартаяды.

Баяндауыш

Баяндауыш – бастауыштың жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіріп, сөйлемді тиянақтап тұратын тұрлаулы мүше.

Қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді

Баяндауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады.

Етістік	Күн жылынды. Досым келді.
Зат есім	Бұл үлкен үй. Оның алғаны кітап.
Сын есім	Дала тап-таза. Күн ыстық.
Сан есім	Екі жерде екі төрт. Оның жасырғаны бес.
Есімдік	Менің айтарым осы. Біздің ауыл әне.

Баяндауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді

Дара баяндауыш – бір сөзден тұратын баяндауыш. Мысалы: Олар алыс жерден келді.

Күрделі баяндауыш – кемінде екі сөзден тұратын баяндауыш. Мысалы: Ауыл мәдениеті өсіп келеді.

Үйірлі баяндауыш – үйірлі сөздерден тұратын баяндауыш. Оның ең үлкен кемшілігі сабақ оқымау.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері
Анықтауыш

Анықтауыш – зат есімнен болған мүшенің сын-сипатын анықтап тұрады.

Сұрақтары: қандай? қай? кімнің? ненің? неше? нешінші? қайдағы? қашанғы?

Анықтауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады:

Сын есім	Олар шалғай ауылдарды аралады.
Есімдік	Кейбір аңдар ертерек азықтануға шығады.
Зат есім	Өзен бойында қора-қора қой жайылып жүр.
Сан есім	Оныншы сыныпта бұл тақырыптарды өткен едік.
Есімше	Айтқан сөзің дәл келсе, саған сыйлығым бар.

Анықтауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:

Дара анықтауыш – бір сөзден тұратын анықтауыш. Мысалы: Сары жапырақтар жерге түсіп жатыр.

Күрделі анықтауыш – кемінде екі сөзден тұратын анықтауыш. Мысалы: Қара торы ат бірінші келді.

Үйірлі анықтауыш – үйірлі сөздерден тұратын анықтауыш. Мысалы: Ақылы бар жігіт өмірден опық жемейді.

Толықтауыш

Толықтауыш – іс-оқиғаны заттық мағына жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүше.

Сұрақтары: кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? Толықтауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады:

Зат есім	Қорқақ көлеңкесінен қорқады.
Есімдік	Бұл сөз оған қатты әсер етті.
Сын есім	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.
Сан есім	Бестен үшті алса екі қалады.
Етістік	Оны айтар-айтпасын білмеді.

Толықтауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:

Дара толықтауыш – бір сөзден тұратын толықтауыш. Мысалы: Оны ешкімге көрсетпе.

Күрделі толықтауыш – кемінде екі сөзден тұратын толықтауыш. Мысалы: Олар аттардың қара торысын таңдап алды.

Үйірлі толықтауыш – үйірлі сөздерден тұратын толықтауыш. Мысалы: Досы көппен сыйлас, досы жоқпен сырлас.

Толықтауыш мағынасына қарай екіге бөлінеді:

Тура толықтауыш – табыс септік тұлғасындағы толықтауыш. Мысалы: Суды шым тоқтатар, сөзді шын тоқтатар.

Жанама толықтауыш – барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері тұлғасындағы және туралы, жөнінде, жайында шылаулармен тіркесіп келген сөздер тұлғасындағы толықтауыш. Мысалы: Екі қарт кісімен амандастым.

Пысықтауыш

Пысықтауыш – сөйлемде іс-қимылдың түрлі белгісін (мекенін, мезгілін) анықтайтын мүше.

Сұрақтары: қайда? қайдан? қалай қарай? қашан? қашаннан бері? қалай? қалайша? қайтіп? неліктен? не үшін? неге? не мақсатпен?

Пысықтауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады

Үстеу	Ол ілгері басты.
Барыс, жатыс, шығыс септіктеріндегі сөздер	Балапандардың даусы таяудан естіледі.
Есім сөздер	Ол екі сөйлемейтін.

1	2
Еліктеу сөз	Бұл сөзіме Шаймерден кеңк-кеңк күлді.
Көсемше	Анасы баласының жүзіне мейірлене қарады.

Пысықтауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:

1. Дара пысықтауыш – бір сөзден тұратын пысықтауыш. Мысалы: Ол сұраққа ойланбастан жауап берді.

2. Күрделі пысықтауыш – кемінде екі сөзден тұратын пысықтауыш. Мысалы: Мерей жымың-жымың етіп сахнаға шықты.

3. Үйірлі пысықтауыш – үйірлі сөздерден тұратын пысықтауыш. Мысалы: Уақытым барда сабаққа дайындалсам деймін.

Пысықтауыш мағынасына қарай үшке бөлінеді:

Түрі	Ережесі	Сұрағы
Мекен	Іс-әрекеттің болу орнын мекенін білдіреді	қайда? қайдан? қалай қарай?
Мезгіл	Іс-әрекеттің мезгілін білдіреді.	қашан? қашаннан бері?
Себеп-салдар	Іс-әрекеттің себебін білдіреді	неліктен? не үшін? неге?
Сын-қимыл	Іс-әрекеттің жүзеге асу амалын, мөлшерін білдіреді	қалай? қалайша? қайтіп?
Мақсат	Іс-әрекеттің мақсатын білдіреді	неге? не мақсатпен?
Мөлшер	Іс-әрекеттің мөлшерін білдіреді	қалай? қанша?

Құрмалас сөйлем

Құрмалас сөйлем екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіреді.

Құрмалас сөйлемнің құрылысына қарай үш түрі бар: салалас, сабақтас, аралас құрмалас сөйлемдер. Олардың ерекшеліктері төмендегідей:

Түрі	**Ереже**	**Мысал**
Салалас құрмалас	Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде салаласа байланысады.	Күз келді. Күн суытты.
Сабақтас құрмалас сөйлем	Жай сөйлемдердің алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, екінші сөйлемге бағына байланысады.	Күз келіп, күн суытты.
Аралас құрмалас сөйлем	Кемінде үш сөйлемнен құралып, бір-бірімен салаласа да, сабақтаса да байланысады.	Күз келіп, күн суытқандықтан, ол жылы киінді.

Салалас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде салаласа байланысады.

Құрамындағы жай сөйлемдері екі жолмен байланысады:

Құрамындағы жай сөйлемдері көбіне жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.

Мағыналарының жақындығына қарай іргелес тұрып, интонация арқылы байланысады.

Салалас құрмалас сөйлемнің алты түрі бар:

Түрі	**Ереже**	**Құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулықтар**	**Мысал**
Ыңғайлас	Бір-біріне жақын болған оқиғаларды білдіреді.	Және, әрі, да, де, та, те	Далада жел соғып, әрі сіркіреп жаңбыр жауып тұр.

1	2	3	4
Қарсылықты	Жай сөйлемдерінің мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келеді.	Бірақ, дегенмен, сонда да, сөйтсе де, әйтсе де, алайда	Есікті жауып қойған, сонда да ол ішке кіруден үмітін үзген жоқ.
Себеп-салдар	Жай сөйлемдерінің бірі екіншісінің себебін білдіреді.	Өйткені, себебі, сондықтан, сол үшін	Биыл шөп қалың шықты, өйткені жаңбыр көп жауды.
Кезектес	Іс-қимылдың кезектесіп келетінін білдіреді.	Бірде, біресе, кейде	Олар біресе тоқтап демалады, біресе күн ұзақ жүріп алады.
Талғаулы	Жай сөйлемдерінде айтылған іс-әрекеттің біреуі ғана орындалады.	Не, немесе, әлде, я, яки, әйтпесе, не болмаса	Ертерек үйге дәрігер шақыру керек немесе ауруханаға бару керек.
Түсіндірмелі	Соңғы сөйлемі алдыңғы сөйлемнің мағынасын түсіндіріп тұрады.	Жалғаулығы жоқ	Қорыққаны сонша – орнынан тұра алмай қалды.

Сабақтас құрмалас сөйлем

Бірінші сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, екінші сөйлемге бағына байланысады.

Сабақтас құрмалас сөйлемдегі баяндауышы тиянақсыз болып келген бірінші сөйлемді *бағыныңқы сөйлем* дейді. Ал

баяндауышы тиянақты болып келген екінші сөйлемді *басыңқы сөйлем* дейді.

Түрі	Ереже	Сұрағы	Жасалу жолдары мен мысалдар
Шартты бағыныңқылы	Бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемнің шарты болып келеді	Қайтсе? Не етсе? Қайткенде? Не еткенде? Қайтпейінше?	-са, -се,-май,- мей,-пай,-пей, -бай,-бей, -ғанда,-генде, қанда,-кенде. Сабақ оқығанда, бес алар едің.
Қарсылықты бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлеміне қарама-қарсы болып келеді.	Қайтсе де? Қайткенмен? Не етпестен? Қайткенше? Не еткені болмаса?	-ғаны,-гені,-қаны,-кені,-а,-е,-й,-ғанша,-генше,-қанша,-кенше,- са да,-се де. Қыс келсе де, қар жаумады.
Себеп бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің себебін білдіреді.	Неліктен? Не үшін? Не себепті? Не деп?	-ғандықтан,-гендіктен,-қандықтан,-кендіктен,-ғаны,-гені,қаны,-кені, ып-іп,-п, ма,-ме,-ба,-бе,-па,-пе,-ған,-ген,-қан,-кен. Күн жылы болған соң, біз серуенге шықтық.
Мезгіл бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемнің мезгілін білдіреді.	Қашан? Қай кезде? Қашаннан бері?	-ғанда,-генде,-қанда,-кенде,-ған,-ген,-қан,-кен,-ғалы,-гелі,-қалы,-келі,-са,-се. Ол келсе, сабақ аяқталыпты.

1	2	3	4
Қимыл -сын бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемде айтылған іс-қимылдың қалай орындалғанын білдіреді.	Қайтіп? Не етіп? Қалай?	-а,-е,-й,-ып,-іп,-п, -ған,-ген,-қан,-кен,-дай,-дей. Екі қолы дірілдегендей болып, Оспан ішке кірді.
Мақсат бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемдегі ойдың мақсатын білдіреді.	Не мақсатпен? Не үшін? Не етпек болып?	-мақ,-мек,-пақ,-пек,-бақ,-бек,-у+үшін,-қы,-кі+тәу.ж. Оның оқығысы келіп, қалаға келді.

1-тапсырма. Мәтін мазмұнына өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер. Асты сызылған сөздерге дыбыстық талдау жасаңыздар.

Экономикалық ой-пікірлердің қалыптасуы



Әлемде сан алуан халықтар еңбек етіп, қоғамдық өндіріс, өзара байланыс, айырбас жүргізіп, түрліше табиғи жағдайда өмір сүріп келеді.

Экономикалық ой-пікірлердің ғылыми тұжырымдалып қалыптасуы сауда, өнеркәсіп капиталының дами бастауына байланысты болды. Бұл кезең негізіне Еуропада XVI–XVII ғасырларды қамтиды. Ал Ресейде тауар-ақша қатынастары 1861 жылғы реформадан соң дамыды. Қазақстанда XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында сауда

капиталы, тауар-ақша айналымы, халықаралық нарық бірте-бірте жанданған. Еліміздің Солтүстік, Батыс аймақтары Ресеймен тауар айналысына басым қатынаста болса, Оңтүстік Шығыс, Орталық аудандарға Орта Азия, Қытай, т.б. елдердің саудагерлері жиі келе бастады. Тарихтағы белгілі «Жібек жолы» осының айғағы.

Қазіргі экономикалық ғылым ерекше дағдарысқа ұшырап отыр. Бұл дағдарыстың себептері көп, оның негізін экономика, саясат, идеология тағы басқа қоғамдық өмір саласында байқаймыз. Экономикалық ғылым адамдар қажетін өтеу жолдарының заңдылықтарын зерттейді. Ал қоғамдық қатынастардың негізі – өндірістік қатынастар. Оның құрамына жалпы алғанда тікелей өндіріс, айырбас, бөлу, тұтыну қатынастары кіреді, оларды қайталап үздіксіз өндіру немесе ұдайы өндіріс қатынастарын дамытып, жетілдіру аса маңызды.

Табиғат құбылыстары сияқты, адамзат қоғамының дамуы, белгілі бір объективті заңдарға негізделеді. Құбылыстар мен үрдістердің мәніне үңіле отырып, олардың даму заңдарын ашамыз.

Экономикалық заңдардың табиғат заңдарынан ерекшелігі − ұзақ мерзімді емес. Олардың көпшілігі белгілі бір тарихи кезеңде әрекет етеді де, кейін жаңа экономикалық заңдарға орын береді. Экономикалық заңдар мәңгі емес, олар тарихи сипатта белгілі бір кезеңде туындап және өзгеріп немесе жойылып кетіп отырады.

Экономикалық заңдар өздігінен, адамдардың шаруашылық қызметінен тыс және оған байланыссыз жүзеге аспайды. Керісінше, олар тек адамдардың іс-әрекеттері арқасында ғана қалыптасып, көрініс алады. Демек, экономикалық заңдар адамдардың санасына тәуелсіз болғанмен, олардың іс-қарекетінен тәуелсіз емес. Сондай-ақ, бұл заңдар объективтік сипатта болады, яғни адамдардың еркі мен санасына тәуелсіз туып, әрекет етеді. Экономикалық заңдар белгілі бір экономикалық жағдайлармен бірге өзгеріп, дамып отырады.


2-тапсырма. «Бүгінгі таңдағы Қазақстан экономикасы», «Бизнестің даму қарқыны» тақырыптары бойынша шағын әңгіме жазыңыздар.

3-тапсырма. Синоним сөздердің мағынасын түсініп сөйлем құрастырыңыздар.

байланыс − қатынас;
кіру − мүше болу;
дүниежүзі − бүкіл әлем;
тұтынушы – қолданушы.

4-тапсырма. Мәтіндегі экономика саласына байланысты тірек сөздерді тауып, дауыссыз дыбыстарға талдау жасаңыздар.

Экономика пәні




Экономиканы табиғатпен салыстыруға болады. Экономика да, табиғат та объективті. Экономика заңдары, табиғат заңдары сияқты обьективтік сипат алады. Егер табиғатты түсінбесек, табиғат байлығын игере алмаймыз. Экономика да солай. Егер экономиканы жақсы білсек, ол бізге байлық, пайда әкеледі.

Экономика – бұл үй шаруашылығын басқару өнері дегенді білдіретін көне грек сөзі, өте қарапайым түрде, экономика дегеніміз – өзіміздің тұрмысымыз.

Базарға шыққанда сіз кімнің тауарын аласыз, кімге сатасыз, қанша аласыз, бәрін есептеу – экономика. Мамандық таңдар кезде сіз ойланасыз, қай мамандық қоғамға көбірек керек, қай мамандық халыққа көбірек қажет – сіз оны да есептейсіз, күнделікті өмірде қандай мамандарға сұраныс көп, дәрігер ме, экономист па, заңгер ме білмесек, тұрмысымыз төмендей береді.

Экономика сіз өмірге келген күннен бастап-ақ, сіздің өміріңізге араласа бастайды. Жігіт үйленеді, қыз тұрмысқа шығады, кішкентай мемлекет пайда болады. Ал кішкентай мемлекетіңіздің шаруашылығын басқару − үлкен өнер. Сонымен, сіздің күнделікті тұрмысыңыздың бәрі экономикадан тұрады. Шетелдерде жастар үйленген кезде некелік келісімшарт жасайды. Ол келісім-шартта көп мәселе қаралады. Болашағымыз бала десек, сол некелік келісім-шартта баланың болашағында дейін ойластырылған. Біздің елде бұл жоқ. Яғни, ұрпаққа нені



қалдырамын, ұрпағым нені жалғастырады деп ойлау да – экономика.

Ал ұрпақ үшін күрес, ұрпақ үшін еңбек ету, өмір сүру − ол да экономика. Себебі, сіз баланы ержеткізіп, аяғынан тұрғызу үшін, көп нәрсені есептейсіз, сіз ауырмауды ойлайсыз, шаршамауды ойлайсыз, бала үшін өзіңіздің күшті болуыңызды ойлайсыз, сонымен өзіңізді ойлау денсаулығыңызды ойлау – бәрі де экономика.

Экономикалық жүйенің типтері мен модульдері де бар. Күнделікті экономикалық өмірде адамдар арасындағы қатынастар әрқашан да белгілі экономикалық жүйе ретінде қызмет жасайды. Экономикалық жүйе – бұл экономикалық процестердің жиынтығы. Ол қалыптасқан мүліктік қатынастар мен ұйымдық түрлер негізінде қоғамда жүзеге асады. Әлемдік экономикалық әдебиеттерде экономикалық жүйені топтаудың кең таралған екі факторы негізінде жүргізіледі: Меншік типтері бойынша; Экономиканы ұйымдастыру типтері бойынша; Осындай әдістер негізінде экономикалық жүйені төмендегідей типтерге бөледі: а) дәстүрлі экономика; ә) әкімшілдік – әміршілдік экономика; б) еркін бәсекелестік (таза капитализм) нарықтық экономика; в) қазіргі нарықтық экономика (қазіргі капитализм) немесе аралас экономика.

5-тапсырма. «Экономика − біздің тұрмысымыз», «Экономикада да біртұтас идеология керек» атты тақырыптарға эссе жазыңыздар.

6-тапсырма. Терминдердің қазақша баламаларын тауып, сөйлем құрастырыңыздар.

Цена мирового рынка, цена оптовая, цена потребительская, цена производства, цена розничная, цена скользящая, цена справочная.

7-тапсырма. Қай анықтама дұрыс? Дұрыс анықтамасын табыңыздар.

Пайда дегеніміз:

- баға мен құнның арасындағы айырмашылық;
- баға мен өзіндік құнның арасындағы айырмашылық;
- шығын мен табыс сомасы;
- өзіндік құн мен табыс сомасы;
- баға мен табыс арасындағы айырмашылық.

8-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді, сан есімдерді табыңыздар.

Сыртқы экономикалық байланыстар



Тәуелсіздікке қол жеткізу − Қазақстанның көптеген дамыған және дамушы мемлекеттерімен экономикалық байланыстарын жолға қоюға, бұрынғы әріптестерімен қарым-қатынастарды қайта құруға, дүниежүзілік нарыққа кіру жолымен ілгері басуға мүмкіндік берді.

Қазақстан өнімін негізгі тұтынушылар – Ресей, Нидерланды, Қытай, Германия, Өзбекстан, Италия, Украина және Ұлыбритания. Импортталған тауарлардың басым бөлігі Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан,

Германия, Түркия, Ұлыбритания, Украина, АҚШ- тан, Қытайдан, жеткізіледі.

Қазіргі кезде сыртқы нарыққа Қазақстаннан тауарлардың 200-ден астам түрі шығарылады. Қазақстанның түсті металдары, ферросплавтар, қара металл прокаты, минералдық тыңайтқыштар, көмірсутекті шикізат, дүниежүзілік нарықта көп сұраным тауып отыр. Алыс шетелдерге бүкіл экспорттың тең жартысынан көбі қара және түсті металлургия өнімі, минералдық шикізат пен оның өнімдері болып отыр. Машинажасау саласы энергетикалық машинажасау, электртехника өнеркәсібі, ауылшаруашылық машиналарын жасау өнеркәсібінің азын-аулақ өнімдерін, металл жонатын білдектер, ұста-пресс жабдығын, жұқа қабырғалы құбырларды салқындай прокаттайтын білдектер, т.б. басқа тауарларды экспорттауда.

Қазақстанның ең ірі және пәрменді шетелдік әріптестері арасында Шеврон, Бритиш Газ, Аджип, Мобил, Самсунг, т.б. бар.

БҰҰ Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) Қазақ бөлімінің деректері бойынша, 1993−1997 жылдары ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелер ретінде 50 млрд АҚШ долларына жуық шетел капиталы таратылып, Қазақстан экономикасына жұмсалды. Шетелдік инвесторлары көп қызықтырып отырғаны – мұнай-газ өнеркәсібі, түсті және қара металлургия. Қазақстан экономикасының мұнай-газ саласына аса ірі инвесторлар АҚШ, Қытай, Франция, Ұлыбритания, Италия, Түркия, Норвегия; металлургия өнеркәсібіне – Корея Республикасы (Оңтүстік Корея), Ұлыбритания, Жапония, Канада болды немесе болып келе жатыр.

9-тапсырма. Мақал-мәтелдерді қолданып жағдаят құрастырыңыздар.

Өз елің – алтын бесік.
Әркімнің өз жұрты – ұжмақ.
Отан – елдің анасы,
Ел – ердің анасы.
Ұлтарақтай болса да,

Ата қоныс – жер қымбат.
Ат төбеліндей болса да,
Туып-өскен ел қымбат.

10-тапсырма. Мәтінде берілген негізі ойды орыс тіліне аударыңыздар.

11-тапсырма. Сөз тіркесінің екінші дұрыс сыңарын табыңыздар.

1. зиялы	1. қауым
2. дайындық	2. ақша
3. қыруар	3. кино
4. даулы	4. жұмыстары
5. ағынан	5. жарылу
6. қарсы	6. мәселе

12-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құрастырыңыздар.


Сыртқы нарық, дерек көзі, қарым-қатынас, байланыс, қол жеткізу, тұтынушы, сұраным, шикізат, шетелдік әріптес, міндеттеме, машинажасау, мүшесі болу, бүкіл әлем, қолданушы, сала, импорт, жеке тұлға, биік парасат, мадақ, байлық, нарық, бизнес, тұрмыс, ұлттық сана, қаржы, несие.

13-тапсырма. Мәтінді мағынасына қарай бірнеше бөлімге бөліп, тақырыпша қойыңыздар. Ашық, бітеу, тұйық буынды сөздерді топтап жазыңыздар.

Экономика және бизнес институтының даму тарихы

Экономика және бизнес институты еліміздің жоғары білім ордасы – Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің (ҚазҰТУ) құрамына кіреді. Институт өзінің 40 жылдан астам тарихында еліміздің ірі мемлекеттік және қоғамдық ісінің өркен жаюы мақсатында көрнекі ғалымдарды,

өнеркәсіптік өндірістердегі талантты ұйымдастырушыларды дайындап шығарушы алтын ұя болып саналады. Институттың



түлектері Қазақстан экономикасының дамуына елеулі үлес қосып келеді. Олар өз істерін мемлекеттік және жергілікті басқару ұйымдарында және бизнесте кәсіби түрде атқарып жүр.

Өткен ғасырдың 60-жылдары дамыған Қазақстан экономикасына тау-кен және металлургия өндірісінің негізін меңгерген жоғары біліктілікті экономист-мамандар қажет болды. Осындай мамандарды дайындау үшін тау-кен және металлургия факультетіне 1964 жылы мына мамандықтар бойынша студент-түлектер қабылданды: «Тау-кен өнеркәсібінің инженер- экономисі» (ТКӨЭ) және «Металлургия өнеркәсібінің инженер-экономисі» (МӨЭ). Барлығы 50-ге жуық адам қабылданды. Студенттерді дайындау бойынша осы бағыттың әрі қарай дамуы, жеке факультеттің құрылуын талап етті. Осыған байланысты, 1966 жылы ҚазПТИ (ҚазҰТУ) ректоры Г. Есіркегеновaның бастамасымен Одақ пен Республиканың халық шаруашылығы үшін инженер-экономистерді дайындауға арналған Инженер экономикалық факультеті (ИЭФ) құрылды. Ол 1972 жылы ИЭФ өнеркәсіптік өндіріс пен құрылыс ұйымдастырушыларын дайындау факультетіне (ӨӨпҚҰФ) алмастырылатын болды. 1976 жылы ӨӨпҚҰФ қызмет етуі үшін «Өндірісті басқарудың ғылыми негіздері» (ӨБҒН) кафедрасы ашылды.

Қазақстан тәуелсіздігін алуы және нарықтық қатынастардың дамуына байланысты факультетте қайта алмастырылулар жүргізілді. 1991 жылы ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың тапсырысы бойынша «Өндірісті ұйымдастыру -менеджер» мамандығы бойынша мамандар дайындайтын Менеджмент және бизнес факультеті құрылды. 1993 жылы факультет, Экономика және басқару оқу факультетіне ауыстырылды. Факультет мына мамандықтар бойынша студенттерді қабылдады: «Өндірісті ұйымдастыру»,

«Өнеркәсіп экономикасы», «Отын-энергетикалық кешендегі экономика және басқару», «Баспа ісі мен типографиядағы экономика және басқару». Факультет құрамына бес кафедра кірді: «Басқаруды ұйымдастыру», «Өнеркәсіп экономикасы», «Минералдық ресурстар экономикасы және басқару», «Экономикалық теория» және «Жоғары математика». 2000 жылы университеттің қайта құрылымдануы барысында, факультет – Инженерлік-экономикалық институт болып қайта құрылды. ҚР-на арналған Тұрақты даму қағидалары концепциясын енгізудің өзектілігін ескере отырып, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ 2002 жылы 8 желтоқсанда Инженерлік-экономикалық институт – Экологиялық-экономикалық институтына қайта ауыстырылды. Экологиялық-экономикалық институт 2006 жылдың жазында Экономика және бизнес институты болып қайта құрылды. Бүгінгі күні Экономика және бизнес институты – еліміздің өнеркәсіп және банк салаларына экономистерді дайындау бойынша Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың жетекші оқу және ғылыми бөлімшесі болып саналады.

Бұл саланы экономистермен қамтамасыз ету үшін институтта «Экономика» мамандығының «Мұнай бизнес» мамандануы бойынша бакалаврларды дайындау ісі жүргізіледі. «Экономика және минералды ресурстарды басқару» кафедрасының 65 жылдық тарихы бар. Кафедраның басты мақсаты − оқу және ғылыми бағдарламаларды іске асыру, инженерлердің экономикалық дайындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ экономика саласына жоғары дәрежелі мамандар дайындау.

14-тапсырма. Мәтін бойынша сөз тіркестерін аяқтаңыздар.

еліміздің----------
даму----------
бизнесте----------
қайта құру ----------
мамандығы ----------
нарықтық----------
жетекші----------
білікті ----------
басты ----------

15-тапсырма. Экономика, бизнес саласына еңбегі сіңген қайраткерлер жайында әңгімелеңіздер.

16-тапсырма. «Мамандық – жетістік мерейі» тақырыбында өзіңіз оқитын мамандық төңірегінде сұрақ-жауап құрастырыңыздар.

17-тапсырма. Мәтін бойынша септік жалғаулары жалғанған зат есімдерді теріп жазыңыздар.

18-тапсырма. Мәтіндегі экономика мамандығына қатысты терминдермен сөз тіркесін, сөйлемдер құрастырыңыздар.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы жайында



Мемлекеттік бағдарламада экономиканы әртараптандыруды және бәсекеге қабілеттілігінің артуын қамтамасыз ететін, оның шикізат емес секторларын жедел дамыту көзделіп отыр.

Бұл ретте экономиканың экспортқа бағдарланған дәстүрлі секторларындағы ұлттық холдингтер, отын-энергетика кешені мен металлургия өнеркәсібінің жүйе құраушы компаниялары бастамашылары − ірі инвестициялық жобаларды іске асырумен қатар, шағын және орта кәсіпорындардың экспортқа бағдарлануын дамыту − Мемлекеттік бағдарламаның басымдығы болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерлік – халық шаруашылығын дамытуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге, жұмыспен қамту мен қызметкерлер санын ұлғайтуға айтарлықтай әсер етеді. Жұмыс істейтіндердің саны бойынша, өндірілетін және сатылатын тауарлардың, атқарылатын жұмыс көлемі бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, жекелеген облыстарда жетекші рөл атқарады. Сондықтан, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мәселесі қазіргі кезде өзекті мәселе болып отыр. Осыған байланысты несиелеуге кепілдік беру, несие бойынша пайыздық

мөлшерлерін субсидиялау сияқты құралдар айтарлықтай танымал және экономиканың қандай да бір секторын дамыту мен қолдау мақсатында жүргізіледі. Бұл құралдар коммерциялық банктердің несиелік және ілеспе тәуекелдер себебінен, экономиканың қандай да бір секторына қаражат салуға асықпай отырған тұлғалардың қаржысын тартуға мүмкіндік береді.

Шағын, орта және ірі кәсіпкерліктің теңгерімсіздігіне жол бермеу мақсатында шағын және орта кәсіпкерлікті, оның ішінде аймақтық кәсіпкерлікті дамыту есебінен мемлекеттік қолдауды күшейту қажет.

Бағдарламаны іске асыру аясында міндеттерді шешу мына үш бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1) жаңа бизнес – бастамаларды қолдау;
2) кәсіпкерлік секторды сауықтыру;
3) экспортқа бағдарланған өндірістерді қолдау.

19-тапсырма. Мәтіннен экономика, бизнес саласында қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып, орыс тіліне аударыңыздар.


2009 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында «Даму» қоры мен кәсіпкерлікті дамыту Қоры жүзеге асырған «Бизнес-Кеңесші» бағдарламасы аясында “BISAM Central Asia” Бизнес-ақпарат, әлеуметтік және маркетингтік зерттеулер орталығы, Қазақстандағы шағын және орта бизнестің ахуалы мен кешенді мәселелерін бағалау мақсатында зерттеу жүргізді. Қазақстанның барлық әкімшілік аудандарын қамтыған зерттеуге «Кәсіпкерліктің жедел курсы» атты оқыту тренингтерінің 10 мыңнан астам тыңдаушысы қатыстырылып, шағын бизнестің түрлі деңгейдегі өкілдерімен жүргізілген фокус - топтармен жемісті сұхбаттар кірді. Жалпы, кездесетін барлық қиындықтар мен мәмелелерге қарамастан, Қазақстандағы шағын және орта бизнесте оң көзқарас басым. Зерттеу нәтижесі ғылыми, саяси

және қоғамдық ортада кең таралған негізгі кәсіпкерлік ортада оң көзқарас қалыптастырды. Сұралғандардың 47% астамы өз бизнесінің айқын болашағы туралы хабардар етті. Сауалнамаға жауап берушілердің жартысынан көбі, кәсіпкерлік қызметі көлемін ұлғайтуға ниет білдіріп отыр. 59%-дан астамы бизнесті әртараптандыруға талпынып, оның жолдарын қарастыруда.

20-тапсырма. «Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның экономикасы мен бизнесі» тақырыбында жоба жасаңыздар.

21-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құрып, жалғауларды табыңыздар.

Шағын және орта бизнесті дамыту жолдары



Шағын және орта кәсіпкерлік немесе бизнес – бүгінгі өркениетті дүние-жүзілік экономикалық даму жүйесіндегі болашағы күмән келтірмейтін салалардың бірі болып саналады. Нақты сектор мен сауда кәсіп-орындары компаниялары Қазақстан экономикасының дамуына, өркендеуіне, ұлттық табыс, ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, жұмыспен қамтылу дәрежесі, т.б. басқа көрсеткіштердің артуына тікелей әсер етеді. Кейінгі жылдары елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға көбірек көңіл бөліне бастады. Шағын бизнестің дамуының бірден-бір көзі банктік несие болып есептеледі. Экономиканың нақты секторы және сауда фирмаларын коммерциялық банктердің несиелеуі – ұлттық экономиканың өсуіне олардың қосқан үлесі, негізінен банктердің атқаратын қызметтері қаржылық сектордың, яғни экономиканың ажырамас бөлігі. Олардың дамуы – мемлекеттің, экономика агенттерінің шаруашылығы үшін пайдасы зор.

Бүгінгі таңда капиталды жұмсауда бәсекенің артуы, экономикада көрініс табады. Отандық банктер қарыз алушылар үшін несиелер алуды жеңілдете бастады. Несие беру процесі ықшамдалып, пайыздық мөлшерлемелердің төмендеу тенденциясы байқалуда. Сонымен қатар, коммерциялық банктер ұзақ мерзімді несиелер бөліп отыр. Өйткені әдеттегі қысқа мерзімді, айналым капиталының толықтыру мақсатына бөлінген несиелер, несиелік портфель көлемінің ауытқуына әсерін тигізеді. Банктер өздерінің ішкі несиелік саясаттарына сай несиелік талдаудың әдістемесін жасап, оны маркетингтік жоспарға сәйкес несиелендіретін салалардағы кәсіпорындардың несиелік қабілеттіліктерін анықтауда қолдануы қажет.

Нақты жоба бойынша банктердің шағын бизнесті несиелеуге дайындығы, несиелеу механизімінің өзекті проблемаларына әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын әдістемелік нұсқауларын құрастырды. Банктердің шағын бизнеске несие ұсыну тиімділігін арттыру, ынталылығын көтермелеу, оны Қазақстан экономикасы жағдайына сәйкестендіру механизімін жетілдіру – бүгінгі күннің талабы.

Банк саласы – Қазақстан Республикасы экономикасының дамушы саласының бірі болып саналады. Бүгінгі күні шағын және орта бизнесті дамыту үшін мемлекет тарапынан әртүрлі жаңа қадамдар жасалуда. Шағын және орта бизнестің жоғары деңгейде қызмет етуін ұйымдастыру үшін конструктивтік бизнес-идея, тиімді басқару (менеджмент) мен қаржының жеткілікті болуы шартты жағдай.

Осыған байланысты кейбір кәсіпкерлердің өз бизнесін ұйымдастыруына қажетті қаражаттың жетіспеушілік мәселесі туындап отыр. Әлемдік тәжірибеде мұндай мәселелер әр түрлі жолдармен шешіледі. Сондықтан, ақшалай қаражаттарға иелік ететін инвестициялық қорлар, банктер, мемлекет тәуекелге бел буып, жаңадан іс ұйымдастырушы кәсіпкерлермен біріге отырып, олардың тауарлар өндіру мен қызмет көрсету салаларын қаржыландыруы керек. Бұл тұрғыда жеке инвесторлар үшін жоғары табыс алу мүмкіндігі тұрса, ал мемлекет үшін жұмыссыздық мәселесі шешіледі немесе

жобаның әлеуметтік мәнін арттыру мүмкіндігі туады. Сондықтан, халық шаруашылығы саласындағы банк жүйесінің, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі алатын орны ерекше.

22-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың біріне пікірталас жоспарын құрастырыңыздар.

1. Қазіргі экономикалық жағдай.
2. «Жаңа қазақ» деген кімдер?
3. Ғылым мен техника жаңалықтары.
4. Әлемдік дағдарыс.
5. Қазақстандағы банк жүйесі.

23-тапсырма. Мәтіннен зат есімдерді, сан есімдерді, етістіктерді теріп жазыңыздар.

24-тапсырма. Баспасөз материалдарынан сын есімнің әр түріне 5–7 сөйлемнен мысал көшіріп жазыңыздар.

25-тапсырма. Төмендегі даналық сөздерді пайдаланып, «Толғауы тоқсан қызыл тіл» тақырыбында әңгіме жазыңыздар.

Білімді адам тілін билей алады. *(Құтып)*
Әдептің басы – байқап сөйлеу. *(А.Йүгінеки)*
Жаза айтылған бір сөзбен жүректі жаралауға болады.
(С.Сарайи)
Ойлы адамға нақыл сөз ұнайды. *(Құтып)*
Ақылды кісі аз сөйлер. *(Ж.Баласағұни)*
Ақылды орнымен сөйлер де, жауабын күтер. *(С.Сарайи)*
Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса,
Үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса *(А.Б.)*
Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаған соң, айтпа сөз. *(Абай)*

26-тапсырма. Мәтінді оқып, бөлінген бөлімдер бойынша «Менің бизнес жайындағы пікірім» деген тақырыпта ойталқы

ұйымдастырыңыздар**.** Тәуелдік жалғауымен берілген сөздердің жағын анықтаңыздар.

Қазақстандағы шағын бизнесті дамыту бағыттары

Шағын және орта бизнес – жеке және заңды тұлғаның өз күш-қабілетін танытуының, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асырушының іс әрекетінің тиімді тәсілі. Ол − адамдардың өзіне сенімін арттырып, іскерлігін қалыптастырады.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде, әрбір азаматтың кәсіпкерлікпен айналысуға құқығы бар. Алайда, оны жүзеге асыру, қоғам мүшелерінің кез келгенінің қолынан келе бермейді. Сондықтан, кәсіпкерліктің шын, нақты субъектісі – оның алғышарттары, ең бастысы − капиталды иемдену құқығы бар субъектілер болып саналады.

Кәсіпкерліктің соңғы нәтижесі өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет бастысы – әр кәсіпкер оның тек өзіне тиімдісін, пайдалысын ғана жасайды. Міне, сол себепті кәсіпкерлердің басты мақсаты – өз кәсіпорнының пайдасын арттырып, шығынын барынша азайту. Ал кәсіпкердің табысы, көбіне оның бизнесті ұйымдастыруына тікелей байланысты. Қызметінің бастапқы кезеңінде кәсіпкер қатаң бәсеке жағдайында нарықтан шығып қалмас үшін, өндіріс факторларын жүйелеудің жаңа жолдарын іздейді, бұл кәсіпкерліктің ең басты қағидасы.


Экономикасы жаңа дамып келе жатқан елдер үшін орта және шағын бизнесті жандандыру, шешуші рөл атқарады. Кәсіпкерлік қызмет, бұл елдер үшін дағдарыстан алып шығатын бірден-бір сара жол. Кәсіпкерлік аясында жалпы ішкі өнімнің үлес салмағы артып, экономикалық тұрғыдан жұмысқа жарамды тұрғындар жұмыспен қамтамасыз етіледі. Бұл, индустриалды экономикасы дамыған және өтпелі кезеңді басынан кешіріп отырған елдердің экономикасы үшін тым жағымды көрініс. Ол бәсекелестікке төтеп бере алатын динамикалық диверсификациялық бағытта халықтың жұмыспен қамтылуына, оның әлеуметтік тұрмыс жағдайын көтеретін шын мәніндегі қуатты экономикаға жол ашады.

2006 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілері, тауарлар сату мен қызмет көрсетуден 625,5 млрд теңгеге жуық сомада табыс көрді. Елдің жалпы ішкі өнім құрылымындағы шағын кәсіпкерліктің үлесі, осы жылдың алдын ала жасалған қорытындылары бойынша 2005 жылмен салыстырғанда 2,9%-ға өсіп, 19,5%-ды құрауға тиіс. Шағын кәсіпкерлікті реттеудің нормативтік-құқықтық негізі құрылды. 2004–2006 жылдар ішінде Қазақстан Республикасының Салық кодексіне шағын бизнес субъектілері үшін салық ауыртпалығын одан әрі төмендетуге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Банк секторын тұрақты дамуы, қаржылай қызметтер көрсету нарығын дамытуға және шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары активтерінің ұлғаюын ынталандыратын, қаржы- кредиттік қамтамасыз етудің көп деңгейлі жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық коммерциялық банктер жалпы 2007 жылы 57 млрд теңге көлемінде несие берді. Шағын және орта бизнес субъектілеріне тиетін үлес 20-30%-дан аспайды. Мысалы, 2006 жылғы есеп бойынша барлық деңгейдегі борыштар сомасы 1,5 трлн теңгеге жеткен. Сондықтан банкер нақты секторды несиелеудің орнына, құнды қағаздар нарығында қызмет еткенді дұрыс көреді. Шағын және орта кәсіпкерлікті жетілдіру, оның рөлін көтеру дамыған елдерге ғана емес, сонымен бірге Азия, Африка және Латын Америкасының көптеген дамушы мемлекеттеріне тән екендігін атап өту қажет. Қазіргі кезде дамушы мемлекеттердің едәуір бөлігінің экономикалық саясатының негізгі бағыты – экономикасы дамыған елдер тәжірибесінде ұсақ өндірісті дамыту, оның орта және ірі кәсіпкерлікпен байланысын нығайту болып есептеледі.

Шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыруды жандандыру, отандық экономиканы дамытудың ең өзекті мәселелерінің бірі. Себебі, олар арқылы әлеуметтік-экономикалық дамудың көптеген мәселелерін шешеді: өндіріс өнеркәсібін модернизациялауды кеңейтеді, бәсекеге қабілетті өнімдер шығарады, жұмыс орнының санын өсіреді, халықтың әл-ауқатының жалпы деңгейін көтереді.

27-тапсырма. «Бизнес тізбесін жасайық!» атты ойталқы өткізу үшін төмендегі бос жебелерді толтырыңыздар.



28-тапсырма. Берілген сөздердің синонимін тауып, мысал жазыңыздар.

1. Әдейі –
2. Ілгері –
3. Қыруар –

29-тапсырма. Берілген есептік сан есімдерден топтау сан есімдерін жасап, «Топтасу түбі – ынтымақ» тақырыбында шығарма жазыңыздар.

30-тапсырма. Мәтіннің идеясы не туралы? Ол қандай сөздермен беріліп тұр? Ой желісін сақтап әңгімелеңіздер. Мәтіннен септік жалғауы жалғанған сөздерді теріп жазыңыздар.

Қазақстандағы шағын және орта бизнесті несиелеу

Қазақстан Республикасының жаңа экономикалық саясатқа бағдар алуына байланысты, күнделікті өмірімізде орын алған шағын және орта бизнес секторының ел экономикасын көтерудегі басты қағидаларының бірі. Шағын бизнес –

экономикалық өсудің басты факторы екендігі анық, олай болса оны неге әлемдік деңгейге көтеру мәселесі туындайды. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес өзінен-өзі дамитын механизм емес, оған әрине мемлекет, қоғам, әрбір тұлға жағдай жасауға талпынулары қажет. Өйткені жеріміздің өте үлкен аймақтарды алып жатуына байланысты, шағын бизнесті дамыту мүмкіндігі мен қажеттігі ешкімнің қарсылығын туғызбауы керек.

Қазақстанда кеңінен орын алып келе жатқан шағын бизнесті шетелдік банктердің көмегімен банктер мен түрлі шағын және орта бизнесті дамыту қорлары арқылы, мысалы Еуропалық Даму және Қайта Құру банкінің бастамасымен, Қазақстан Республикасында шетел инвесторларының шағын бизнесті көтеру бағдарламасында жетекші орын алады.

Қарыз алушының – шағын бизнестің тұрақты жұмыс жасауымен қатар, өз бизнесін жандандыру мақсатында несие алуы, оны уақытында қайтару процестері ғылыми-тәжірибелік дәрежеде зерттелуі қажет. Осы секторды көтермелеу арқылы өндірісті жандандыру, оның ішінде Қазақстан экономикасының сыртқы тәуекелділігін қысқарту, отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселелерінің басым бағыты болып отыр.

Алдағы жоспарланған Қазақстан экономикасының модернизациясы, кәсіпкерлік саласында өзара байланысты мәселелерді шешуді көздейді. Сонымен, мемлекет салық режимін «тек өнеркәсіптік саясаттың көп аспаптарының бірі ретінде қолдануы» қажет. Бәсекелестікті дамыту мәселесі, кәсіпкерлікті дамытудағы басты мақсат болуы қажет. Шағын және орта бизнестің ірі кәсіпорындармен ынтымақтастығына ықпал ететін әкімшілік және нормативтік алғышарттарды құру қажет. Ол келешекте ірі кәсіпорындардың кіші бизнестің «тапсырушысы және локомотиві» қызметін атқаруға мүмкіндік тудырады. Мемлекеттің қатысуымен жеке корпорациялар,

соның негізінде ірі аймақтық холдингтерді құру, аймақты даму мақсатында инвестицияларды тарту мүмкіндігін тудырады. Олардың негізгі бағыттары «аймақтағы тауарға шағын және орта кәсіпорындардың қызметтеріне қатысты сұранысты, кірісті ұзақ мерзімді негізде құру» болып саналады. Ұтымсыз кәсіпорындарды қайта құру және оны қалпына келтіру, әлеуметтік-кәсіпорындық корпорацияларды құруға бағытталуы қажет. Бұл корпорациялар өз кезегінде «нарыққа қажетті өнеркәсіп пен жаңа технологияларды» дамытуға ықпалын тигізуі қажет.

Қазіргі әлемдік қаржы дағдарыстарына байланысты несиелік ресурсқа деген сұраныс артып отыр. Бұл шағын және орта бизнес субъектілері тарапынан болып отырған қаржылық сұранысты, банктердің қанағаттандыруы мүмкін емес. Өйткені, Қазақстан банктерін несие қаражаттарымен қамтамасыз етіп отырған АҚШ, Ағылшын, Германия сияқты басқа да мемлекет банктері бүгінгі күні қаржылық тоқырауға ұшырап отыр. Сондықтан, үкімет тарапынан коммерциялық банктерге қаржылық көмек көрсетілмесе, көптеген шағын және орта бизнес субъектілері өз қызметтерін тоқтатуы мүмкін.

31-тапсырма. Мәтінді аударып, тақырып қойыңыздар.

Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеудің ғылыми негізіне тереңнен қалам тартқан батыс елдерінің маман-ғалымдарының еңбектері кеңінен қолданылды. Атап айтқанда, Д. Кейнс, Р. Кэмпбелл, К. Кондратьев, А.В. Чаянов, Й. Шумпетер, П.С. Роуз, М.А. Гольцберг, Дж. Р. Брик, Э.Дж. Долан. Сонымен қатар, Ресей мен Қазақстанның іргелі зерттеушілерінің еңбектері, оның ішінде Е.Ф., Жуков, Л.Н. Красавина, О.И. Лаврушин, О.Б. Баймұратов, Г.Т. Қалиева, Қ.Қ. Ілиясов, Н.Қ. Мамыров, Ғ.С. Сейітқасымов, М.С. Саниев, Н.Н. Хамитов сияқты ғалымдармен қатар, көптеген отандық экономистердің еңбектері кеңінен пайдаланылды.

32-тапсырма. Сөздікке қарап, терминдердің мағынасын анықтаңыздар. Терминдерді саласына қарай ретке келтіріп

көшіріңіздер.

Бизнес, аспап, бұрғылау, тасымалдау, экономика, шағын, қаржы, қатпар, ақша, айналыс, мұнай, бедер, білдек, шығын, бұранда, құрылым, қор, қазба, нарық, құрылғы, жылжыма, өндіріс, орта, қорық, ластану, дөңес.

33-тапсырма. Мәтінде көтерілген қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді анықтаңыздар. Осы мәселелер төңірегінде ойталқы жасаңыздар. Қарамен берілген етістіктердің жалғауын анықтаңыздар.

Бизнесті дамыту жүйесі

Осы ретте шағын және орта бизнес үшін қаржы көзі – екінші деңгейдегі коммерциялық банктер мен қорлар болса, ол шағын және орта бизнесті жандандыруға берілетін несие әдістерін жетілдіріп қана қоймай, сол шағын бизнес субъектілеріне қарыз қаражаттарды алу мен табу көздерін іздестіруді де ойлау қажет. Бүгінгі күні Қазақстан шағын және орта бизнесті несиелеу бағытындағы өзінің азғана жиған тәжірибесі бойынша, шағын бизнес субъектілерімен банктерден алынған қаржы-қаражаттарын тиімді пайдалана алмай отырғаны белгілі. Ал, халықтан әр түрлі қаражат тарту (жергілікті деңгейде), өзінің корпоративті бағалы қағаздарын шығару, басқа да ірі компаниялар субъектілерімен біріккен консорциумдар құру, мүмкін шағын бизнесті басқарудың жетілуіне, акционерлік ұжымдық шешім түрінде орта бизнес кәсіпорындарына айналуына жол ашар еді. Бірақ, бұл жағдайда кәсіпорынның өзіндік тәжірибесі мен меншікті бағалы қағаздары болмағандықтан, тағы да қиындыққа кездеседі.



Республикамыздағы тағы бір өзекті мәселе − шағын кәсіпкерлікке қаржылық көмек көрсетуде географиялық дисбаланс **байқалады**. Өйткені, қаржының басым бөлігі

Алматы (62%), Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе областарында жергілікті органдардың шағын бизнеске көңіл аударmауы мен төмен қолдауына байланысты жалпы берілген несиелердің (1,5%) құрайды. Ал, Алматы облысының үлесіне барлық банктік несиелердің 13%, Шығыс-Қазақстан – 6%, Жамбыл облысының үлесіне небәрі 1%. Ал, екінші қалалар мен ауылдың шағын және орта кәсіпорындары несиелік ресурстарға өте **зәру болып отыр**. Себебі, несие ресурстары аймақтық жобалардан **тыс қалып отыр.**


Шетелдік нарықтық экономика тәжірибелері, шағын кәсіпкерлікті дамытуды қолдауда лизингтік қарым-қатынастардың қолайлылығын да **дәлелдеді**. Біздіңше, шағын кәсіпорынның ірі орталық пен шетелдік компаниялардың құрал-жабдықтарын, қаржы-қаражаттарын, технологияларын пайдалану арқылы дамуы да тығырықтан шығудың бір жолы деуге болады.

Шағын кәсіпкерлікті дамытуда лизингтік несиелендіру арқылы өндірісті қалыпқа келтіруге болатыны шетел тәжірибелерінен белгілі. Лизинг көмегімен, кепілге беретін мүлкі жоқ ұсақ кәсіпорындарды несиелеуге болады. Лизингтік мәміле жасалған мерзім бойынша лизинг объектісі лизингке берушінің меншігінде қалады да, лизинг алушы банкротқа ұшыраған жағдайда несиелік тәуекел деген болмайды. Лизинг 100% несиелеуді ұсынады, кәсіпорынға қысқа мерзім ішінде өзінің меншікті капиталын жұмсамай-ақ, жаңа құрал-жабдықты пайдалана отырып, өнеркәсіптік өнім шығаруға және пайда табуға мүмкіндік береді. Құрал-жабдықтың лизинг берушінің меншігінде болатындығына байланысты өнімнің құнына лизингтік төлемдер ғана қосылып, мүлікке салынатын салықты жалға берушінің өзі **төлейді.** Сөйтіп, лизинг алушы салықтық жеңілдіктер **алады**. Мұның барлығы шағын кәсіпкерлікті дамытуға өз **үлесін қосады.**

Шағын кәсіпкерліктің табысты дамуы елдегі қолайлы әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және саяси еркі қалыптасқанда ғана мүмкін болады. Өз кезегінде ерікті қолдау мен нығайту, шағын кәсіпкерліктің кең ауқымды дамуына жол ашады.

34-тапсырма. Мәтіндегі экономика саласына қатысты терминдермен сөйлем құрастырыңыздар.

35-тапсырма. И әрпінен басталған он сөз ойлап жазып, оларды берілген кестеге орналастырыңыздар. Орфографиялық сөздікке қарауға болады.



36-тапсырма. Мәтін мазмұнына байланысты сөйлем құрастырыңыздар.

1. Шағын ----------
2. Қаржы----------
3. Шетелдік----------
4. Бүгінгі күні Қазақстан----------
5. Алматы----------
6. Республикамыздағы----------
7. Тұтынушылар----------
8. Экспорт----------
9. Бизнесті дамыту----------

37-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударып, «Бүгінгі таңдағы бизнестің даму қарқыны» жайында әңгімелеңіздер. Мәтіннен зат есімдерді табыңыздар.

Бизнестің аралас түрлері

Өндірістің жаңа ұжымдық түріне ену үдерісі – аралас экономика. Аралас экономиканың өтпелі экономикадан айырмашылығы, өтпелі экономика формациялық даму деңгейін және қайта өзгерісті ұйымдастыруды көрсетеді. Аралас экономиканың алғашқы көрінісі – экономиканы реттеуге мемлекеттің араласуы. Бұл ең алдымен мемлекеттің экономикалық қызметінің күшеюінен көрінеді. Бұған сұранысты ынталандыру, салықты реттеу арқылы инвестициялық ынталандыру, өтілімді жылдамдату, т.б. шаралар кіреді. Аралас экономикаға тән белгінің бірі мемлекет бизнестің өзара байланысы.



Аралас экономиканың басты белгісі – мемлекеттік меншік. Айталық, жеке саланың қолынан бәрі келе бермейді, бұл әсіресе теміржол, атом энергиясында, ғарыштық техниканы игеруде ерекше білінеді. Қазіргі өндірістің бұл салалары тек үлкен көлемде ақша қаржыларын талап етіп қоймай, сонымен бірге қоғамның барлық күш-жігерін қажет етеді. Олар өз кезегінде шаруашылықтың басқа салаларына айтарлықтай ықпал жасайды. Мемлекеттік меншіктің пайда болуы – тауар қатынастарын, жаңа лептің, ұжымдық өндірістің үстемдігін сипаттайды. Аралас экономикаға меншіктің көп түрлігі тән. Мұнда жеке-дара және ұжымдық меншіктің түрі олардың негізі болып, басқа түрлерінің пайда болуына әсер етеді. Аралас экономиканың маңызды белгісі – құндық және жоспарлық тұтқалар арқылы реттеу.

Аралас экономиканың тағы бір сипаты – микро-макро деңгейіндегі экономикалық үдерістерді ұйымдастырудың,

басқару рөлінің артуы. Ұйымдастыру қатынастары рөлінің артуы, тек қана техникалық себептерден емес, алдымен экономикалық үдерістердің салдарынан болады. Қарастырылып отырған аралас экономиканың белгілерінің тағы бір жағы – жекелеген кәсіпорындардың трест, концернге әртараптандырылған (диверсификация) формаларға ауысады. Олар микродеңгейдегі ұйымдастыру мен басқару қызметін түбірінен өзгертпейді. Ірі кәсіпорындардың көлемі, олардың өндірістік тұтынуы, транспорттық және ақпарат мүмкіндіктеріне қарап өнім шығаруы – бәрі баға белгілеуге, сұранысты бақылауға жағдай жасайды, еркін бәсеке дәуіріне тән қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Аралас экономиканы қазіргі қоғамның индустриалдық даму дәуіріндегі экономикалық жүйе сипаттайды, ал оған белгілі бір заңдылықтар тән. Ол заңдылықтар тауарлы және ұжымдық өндіріс заңдарына тәуелді. Аралас экономика шаруашылықты жүргізу жүйесі ретінде пайда болып, тек қана ұжымдық өндірісті дамытып қоймай, ең алдымен тауарлы қатынастар жүйесін тереңдете түседі.

38-тапсырма. 1. Мәтінге өзіңізше ат қойыңыздар.
2. Мәтінді мағыналық бөлімдерге бөле отырып, жоспар құрыңыздар.
3. Мәтіндегі қажетті терминдерді жазыңыздар.
4. Мәтінге өз ойларыңызды қосыңыздар.

39-тапсырма. Баспасөз бетінде бизнес саласына қатысты берілген мәтінге өз көзқарастарыңызды қосыңыздар.

Бизнестің дамуы үшін мынадай шарттың орындалуы қажет;

1) Бизнес жүйесінің ашық болуы;
2) Бизнестік жүйе ашық бола отырып, өз тауарын, өз өндірісін, өз ұсынсын қорғай білу, оған айрықша жағдай жасау;
3) Кәсіпкерлікпен айналысудың пайдасы.

Қазіргі кездегі әлемдік қаржы дағдарыстарына байланысты несиелік ресурсқа деген сұраныс артып отыр. Бұл шағын және

орта бизнес субъектілері тарапынан болып отырған қаржылық сұранысты, банктердің қанағаттандыруы мүмкін емес. Өйткені, Қазақстан банктерін несие қаражаттарымен қамтамасыз етіп отырған АҚШ, Ағылшын, Германия сияқты мемлекет банктер, бүгінгі күні қаржылық тоқырауға ұшырап отыр. Сондықтан, үкімет тарапынан коммерциялық банктерге қаржылық көмектер көрсетілмесе, көптеген шағын және орта бизнес субъектілері өз қызметтерін тоқтатуы мүмкін.

«Егемен Қазақстан». 2010 жыл, 9 қараша.

40-тапсырма. Экономика, бизнес саласына байланысты терминдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

Оценивать, единый, возможность, спрос, выбирать, законы экономики, богатство, фонт, стоимость, мировые цены, оборот, ценник, доход, качество, предприниматель, налог, гарантия, банковская система, вклад, открыть счет, рассчитаться, собственность, конкуренция, взятка, обработка, спонсор, скидка, успех, риск, главный интнрес, доля, приватизация, кпедит, уценка, обмен, оборот.

41-тапсырма. А-дан басталатын 7 сөз ойлап жазыңыздар

1. Жердің серігі.
2. Мейірімді жан.
3. Жеміс-жидек атауы.
4. Малды байлауға арналған зат.
5. Қазақстандағы қала.
6. Түйе жейтін шөпті атаңыздар.
7. Ұлттық ойын.

42-тапсырма. Мәтінде берілген негізгі ойды орыс тіліне аударыңыздар. Мәтіннен есімдіктерді тауып, астын сызыңыздар.

Қазақстандағы бағалы қағаз нарығының даму деңгейі

Бағалы қағаз жеке-дара, сондай-ақ мемлекеттер үшін қаражат көзі болып саналады. Ал, инвесторлар пайда табамын

деп ақша шығарғанымен, оны қайтарып алуына, өсім түсуіне ешкім кепілдік бере алмайды. Түптеп келгенде, бағалы қағаз саудасынан эмитентке сауда-саттыққа араласқан басқаларға да түсер пайда көп. Тұтас алғанда бұл экономиканы көтерудің бір жолы. Өйткені, бағалы қағаздан түскен қаржының көзін тауып, өндіріске жұмсай білсе, бұдан бүкіл Қазақстан ұтады. Ал жұмыссыздық саны азайып, халықтың тұрмыс жағдайы да жақсара түспек. Бағалы қағаз саудасы биржа қоры арқылы жүргізіледі, оның құнды қағаз жөніндегі Ұлттық комиссия бекіткен өз талаптары бар. Ол тараптар биржааралық қатынастың сенімділігіне, қаржы мәселесіне тіреледі. Биржа арқылы құнды қағазын өткізген әрбір кәсіпорыннан көпшілік хабардар болып отыруы үшін, өзінің қаржы жағдайын экономикалық ахуалы, басқарма органдары, алдағы жоспары хақында ақпар беріп тұруға міндетті.

Облигация – сатып алған жеке адамдардың инвестордың эмитентке берген қарызы іспетті. Инвестор облигацияны сатып алу арқылы қарызға ақша құяды, ал эмитент – алдағы уақытта оның қарызын өсімімен қайтарады деген сөз.



Сонымен, бағалы қағаз жекедара, сондай-ақ мемлекеттер үшін қаражат көзі болып саналады. Ал, инвесторлар пайда табамын деп ақша шығарғанымен, оны қайтарып алуына, өсім түсуіне ешкім кепілдік бере алмайды. Көбіне пайда табудың орнына, тақыр жерге отырып қалуы да мүмкін. Сондықтан мұның табысынан, тәуекелі басым. Әрине, тәуекелге кез келген бара бермейді, барған өкінбейді.

Бұл ақпар кейде инвесторға түсетін 3 айлық немесе жылдық есеп негізінде жүргізіледі. Бағалы қағаз саудасын қолма-қол жеткізуге биржа көбіне брокерлер жалдайды да, одан түскен пайдадан жалақы төлеп тұрады.

Жалпы бұл сала еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бері ғана құрылып, өзінің даму жолына түсіп отыр. «Қазақстандық қор биржасы» Қазақстан Республикасындағы қызмет істеп тұрған жалғыз биржа. Алайда, Қазақстан ТМД-ның басқа елдерімен салыстырғанда, дамудың прогрессивті сатысында тұр. Шетел нарығына шығу, жеке кәсіпкерліктің дамуы, инвестиция тарту, осы құнды қағаздар нарығының, яғни қор биржасы қызметінің тигізетін пайдасы зор.

Экономикасы дамыған елдерде қаржылық ресурстың 50%-ға жуығын акциялар мен облигациялар құрайды. Құнды қағаздар нарығын дамытудағы негізгі мақсат – Қазақстан экономикасының тиімді дамуына ықпал етіп, қаржылық тұрақтылықты тездету. Ол нарықтық экономиканың барлық субъектілерінің, бірінші кезекте халықтың жұмысын белсенді ету мақсатында − экономиканың өркендеуіне ықпал ету.

43-тапсырма. Үлгі бойынша кестені толтырыңыздар.

	Түрлері Мысалдар	Жалпы есім	Жалқы есім	Деректі зат есім	Дерексіз зат есім	Негізгі зат есім	Туынды зат есім	Дара зат есім	Күрделі зат есім
1	студент	+		+		+			
2	Абай								
3	«Рас» газеті								
4	қуаныш								
5	жолдас								
6	Қаныш Сәтбаев								
7	аспап								
8	физик								
9	ток								
10	шебер								
11	өмір								
12	Қазақстан								

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
13	Сарыарқа								
14	қаржы								
15	Астана қаласы								
16	Студенттер сарайы								
17	Ақжан Машани								
18	мәдениет үйі								
19	туған-туыс								

44-тапсырма. Сөйлемдерді орыс тіліне аударып, «Тәуелсіз Қазақстанның экономикасы» тақырыбына эссе жазыңыздар.

Құнды қағаздарды пайдалану қазіргі кездегі икемді қаржылық құралдардың бірі болып саналады. Құнды қағаздар, әр тауарлық айналымның маңызды атрибуты болып қалыптасты. Өзі тауар бола тұра, кредит, төлем құралы ретінде, қолма-қол ақшалардың қызметін оңай атқара алады. Бұрын жоспарлы экономика жағдайында, құнды қағаздар мүліктік қатынаста ғана қолданылатын. Ал қазіргі кезеңде, экономиканы нарықты ұйымдастыруға және құнды қағаздар нарығын тұрақтандыруға көшкенде, құнды қағаздарды қайтадан жаңартуды және олардың әр түрін қолдануды қажет етті.

45-тапсырма. Экономика, бизнес, қаржы, маркетинг, менеджмент мамандықтары бойынша 10−15 терминдердің түсініктемесін (түсіндірме сөздік негізінде) беріңіздер.

46-тапсырма. Берілген үстеулерді қатыстырып, «Қаржы көзі» деген тақырыпта әңгіме жазыңыздар.

Анағұрлым, қыруар, бірен-саран, едәуір, азғантай.

47-тапсырма. «Санға қатысты халық ұғымдары» тақырыбына ой толғаңыздар.

48-тапсырма. Мәтінді оқып, термин сөздерді теріп жазып, оған анықтама беріңіздер. Сан есімнің мағыналық түрлерін ажыратыңыздар.

Маркетингтің мәні және эволюциясы



Маркетингтің эволюциялық даму кезеңі ғасырдан астам уақытқа созылып келеді. Ірі ауқымды өндірістер қалыптасып, бәсекелестіктің күрт шиеленіскен жағдайында ол өндірісті басқару мен өнім өткізу әдісі ретінде ең алғаш АҚШ-та, содан кейін Европа елдерінде де пайдаланыла бастады. XX ғасырдың 60-жылдары маркетинг ғылымы нарық жағдайында өнімді сатудың тиімді әдісі ретінде кең қолданылды. Ал 80-жылдары қызмет көрсету саласына және коммерциялық емес салаларға да енгізіле бастады.

«Маркетинг» ұғымы ағылшынның «market» (нарық) сөзінен шыққан, ал «инг» жалғауы – нарық жасаушы немесе нарық аумағындағы қызмет дегенді білдіреді. Маркетинг – ірі ауқымды өндірістің қалыптасуы және бәсекелестіктің күрт шиеленіскен жағдайында өнім өндіру мен өткізуді басқару әдісі ретінде бөлініп шықты.

Маркетинг дамуының бірінші кезеңі XX ғасырдың басынан, 40-жылдардың соңына дейін созылды. Бұл кезеңдегі маркетингтің негізгі мақсаты – тауарларды ұтымды өткізу, тездетіп сату және коммерцияның тиімділігін арттыру болды.

Маркетинг дамуының екінші кезеңі 1960−1970 жылдарды қамтиды. Осы кезеңде маркетинг – тұтынушылардың сұранысына бейімделген басқару теориясы мен тұжырымдамасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастады. Бұл − компаниялардың қызметін басқаруды, маркетинг қағидалары негізінде жүзеге асыру ғылымының негізін қалады, ол « басқарудың нарықтық теориясы» деп атала бастады.


70-жылдардың екінші жартысында маркетинг эволюциялық дамудың үшінші кезеңіне аяқ басып, бизнестің философиясына айналды.

Маркетинг жүйесіндегі нарық – нақты және әлеуетті тұтынушылардың жиынтығы. Нарықты өзінің тауарды сатып алу мүмкіндігі мен қажеттіліктері бар тұтынушыларды құрайды. Сондықтан, маркетингтің басты міндеті – тұтынушылардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін айқындау және қанағаттандыру.

Айырбас − өндірушілер мен тұтынушылардың баламалы негізде жүзеге асырылатын қоғамдық байланыс түрі. Айырбас жүргізу үшін екі немесе одан да көп жақтардың қатысуы керек, олардың әрқайсысында құндылығы бар тауар, сонымен қатар айырбастауға деген ниеті болуы тиіс. Екі немесе одан да көп жақтың құндылықты айырбасқа салуы, трансакция немесе мәміле деп аталады.

Сұраныс – сатып алу қабілеті бар қажеттілік. Сұраныс адамның қажеттілігін ғана емес, ең бастысы − оның қажетті тауар сатып алуға қаржылық мүмкіндіктерін де білдіреді. Сұраныстың екі деңгейі бар: жалпы нарықтағы сұраныс және фирма өніміне сұраныс.

49-тапсырма. Мәтінде кездескен экономика атауларын кестеге толтырыңыздар.




50-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. «Маркетинг» атауы нені білдіреді?
2. Маркетингтің мәні мен эволюциясының мақсаты неде?
3. Маркетинг ұғымының мағынасын айтыңыздар.
4. Маркетинг дамуының бірінші кезеңін атаңыздар.
5. Маркетинг жүйесіндегі нарық деген ұғымды қалай түсінесіздер?
6. Айырбас пен сұраныс қажеттілігінің қандай пайдасы бар?

51-тапсырма. Берілген сөздердің сыңарын табыңыздар.

1. СҰРАНЫС	○ ЖЕТІСТІКТЕР
2. МАРКЕТИНГ	○ БЕРУ
3. ЭКОНОМИКАЛЫҚ	○ ҚАТЫНАС
4. НАРЫҚТЫҚ	○ ҚАҒАЗ
5. ҚҰНДЫ	○ ЖҮЙЕСІ
6. БАҒАЛЫ	○ ҚЫЗМЕТІ
7. ПАЙДАЛЫ	○ ТАУАР
8. САПАЛЫ	○ ІС
9. МЕНЕДЖМЕНТ	○ МҮЛІК

52-тапсырма. «Экономика» деген ұғым қай сөзбен есімді тіркес жасай алады?



53-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі көп нүктенің орнына тиісті есімдікті қойып, мақал-мәтелдің мәнін ашыңыздар.

а) Ел-елдің ... жақсы,
Өз елің бәрінен жақсы.

ә) Адам болар жігіттің,
Жары ... лайық.
Керуен бастар жігіттің,
Нары ... лайық.
Жаман болар жігіттің,
... жұмысқа қыры жоқ.

б) Атаңа не қылсаң,
Алдыңа ... келер.

54-тапсырма. Қалау рай формасын қолданып, «Ақшада көз жоқ» тақырыбына пікірталас ұйымдастырыңыздар.

55-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұндаңыздар. Терминдерге назар аударыңыздар. Негізгі және туынды етістіктерді табыңыздар.

Маркетинг түрлері және оның Қазақстанда даму тенденциялары



Экономикада пайдалану деңгейіне байланысты маркетингті – *макро* және *микромаркетинг* деп бөлуге болады.

Микромаркетинг теориясының эволюциясын талдаған Дж. Шит, Д. Гаррет сияқты американдық ғалымдар. Оның пәні ретінде фирманың маркетингтік қызметі мен қоғамның өзара қарым-қатынасын есептейді, ал 60 – 80 жылдар аралығында оған көп назар аударылуы себебін, сол кездегі қоғамның әлеуметтік және экономикалық өмірінде кәсіпкерлік пен бизнес рөлінің артқандығымен түсіндіреді.

Микромаркетинг – қажеттіліктерді қоғам деңгейінде талдауға және олардың тауарлық нарықтың дамуына ықпалын анықтауға мүмкіндік береді. Сол себепті, макромаркетинг мәселелері микромаркетингке қарағанда қоғам мүдделеріне негізделіп, жалпы экономикалық жүйе деңгейінде қарастырылады.

Нарықтық экономика жүйелеріндегі маркетингтің ең дамыған түріне − тұтыну маркетингі жатады. Ол тұлғалар мен отбасыларынан тұратын түпкі тұтынушылар мен фирмалар арасындағы қызмет өрісін қамтиды.

Қазақстан экономикасындағы қызметтердің болашағы шағын және орта бизнестің, қоғамдық тамақтану мен қонақ үй шаруашылығы саласындағы бірлескен кәсіпкерліктің, делдал – коммерциялық қызмет, көтерме және бөлшек сауданың жаңа нышандарының, халықаралық туризмнің дамуына байланысты. Осыған байланысты қызмет секторы кәсіпорындарының саясаты мен стратегиясын әзірлеп, іс жүзіне асыру құралы ретінде қызмет көрсетуде маркетингтің рөлі арта түсуде.

Қызмет көрсету саласының қарқынды дамуы және осы нарықтағы бәсекелестіктің өршуі, қызмет көрсету маркетингінің пайда болуына әкелді. Оның тәсілдері мен әдістері, қағидалары тауарлар маркетингімен ұқсас болғанмен, біршама айырмашылықтары да бар.

Әр мемлекеттің экономикасының даму тиімділігінің шарты – маркетингті ішкі және сыртқы нарықтарда қолдану. Ішкі маркетинг екі аспектіде қарастырылады: ұлттық нарыққа мемлекет ауқымында және фирма ішіндегі жүзеге асырылатын маркетинг. Соңғысы фирманың клинттері мен өз қызметкерлерін нарық субъектісі ретінде қарастырып бейімдеуін көздейді. Қазақстандық кәсіпорындарда өз қызметкерлері ішкі маркетинг бөлігі ретінде әзір қарастырылып жатқан жоқ.

Әлемдік экономиканың ғаламдану жағдайында халықаралық маркетигтің әдістері мен қағидаларын пайдалану, өзекті мәселе болып отыр.

56-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерді талдаңыздар.

1. Теңге тиыннан өсер,
   Жылқы құлыннан өсер.
2. Ақша кетуге тырысады,
   Есеп ұстауға тырысады.
3. Ақшаны ашпайтын құлып жоқ.
4. Ақшада көз жоқ.

57-тапсырма. Мәтінде кездесетін кейбір сөздер мен сөз тіркестерінің қазақша баламасына назар аударып, оларды жаттап алуға тырысыңыздар.

Баға белгілеу	Сұраныс
Құнды қағаз	Қажеттілік
Тұжырым, қағида	Несие беру
Әлеуметтік маркетинг	Тұтынушы
Тауар өндірісі	Мәмілеге келу
Қысқа мерзімді	Ұлттық банк
Бірқалыпты	Шарт
Нарық	Ынтымақтастық
Біртұтас	Сыртқы сауда
Мүмкіндік	Теңге бағамы
Экономика заңдары	Жылдық баланс
Микромаркетинг	Банктік мекеме

58-тапсырма. Мамандыққа қатысты терминдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

Предварительно, направление, оценивать, спонсор, сдвинуть, вред, наценка, уценка, котировка, конкуренция, расчет, учет, приватизация, контракт, кредит, гарантия, соглашение, средства, учредитель, сделка, прибыль, налог, оформление, эксперт, доход, риск, платежи, экономить, расход.

59-тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.



60-тапсырма. «XXI ғасырдың жеткіншегі қандай болу керек?» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырып, мақала жазыңыздар.

Тірек сөздер: 1. Білімді. 2. Дарынды. 3. Парасатты. 4. Озық ойлы.

5. Ғылымға бейім. 6. Жаңалықтың жанашыры.

61-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді тауып, салт етістікті сабақты етістікке, сабақты етістікті салт етістікке айналдырып жазыңыздар.

Адамдар да қашаннан биіктікті қалап келген. Бірақ солардың кейбірі өзінің тірек-тұрағының қандайлықты бекем екендігіне ой жүгіртіп жатпайды. Ондай пенде биіктіктен өзге ештеңені көрмейді де, сезбейді. Жерге табанын бекем тіреп көтерілмеген ол, адамдық қасиетті жоғалта бастағанын білмей қалады.

Адамның ой-өрісі дамуының бір ұшы сол шыдамдылыққа да байланысты.

(Р.Әбілқадырова)

62-тапсырма. Төмендегі жұмбақтардың шешуін тауып, негізгі, туынды, күрделі етістіктерді бөлек-бөлек теріп жазыңыздар.

а) Жазудан бір жалықпаған,
Жаза-жаза арықтаған.
ә) Ақ қойым кетіп қалды,
Қара қойым жатып қалды.
б) Жылқыны қарнына қыстырып,
Түйені еркіне қыстырып,
Есекті құлағына қыстырып,
Қасқырды ат қып мініп,
«Әйт!» дегенде жүре берген.

63-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, аударыңыздар. Мәтін желісіндегі терминдерден болымсыз етістік жасаңыздар.

Менеджмент ғылымы

Менеджмент – ұйымдастыру және басқарудың оңтайлы жүйесі туралы ғылым.



Менеджменттің мағынасы әр түрлі. Менеджмент сөзі тар мағынасында белгілі бір адамдар тобын ұйымдастыру мен басқаруға қатысты болса, оны кең мағынасында – банктің қызметі мен оның қызметкерлерін ұйымдастыру, басқарумен байланыстырады. Менеджменттің негізін өз ісін басқару субъектісін білу, өз еңбегі мен ұжым жұмысын ұйымдастыру қабілеті, сондай-ақ өздігінен даму және шығармашылық қызметке ынта таныту сияқты адамдық факторлар құрайды.

Менеджменттің негізгі фигурасы − өзі айналысып отырған істің даму болашағын көре білуге қабілетті, алға қойылған мақсатқа жету үшін оңтайлы шешім таба білетін кәсіби басқарушы. Осыған байланысты менеджер – жоғары білікті, ой-өрісі кең, тәуекелге бара білетін қайсар, белгіленген жоспарды

іске асыру, ұжымда жетекші болу сияқты нақты кәсіби және жеке қасиеттері болуы қажет.

Дамыған елдерде менеджмент – өндіріс нәтижелілігін көтеруде маңызды факторлардың бірі болып саналады. Салыстырмалы түрде бұл қосымша қаржысыз аз шығынмен жоғары нәтижеге жетуге болатындықтан, менеджментке соңғы жылдары ерекше мән беріліп жүр.

Менеджменттің негізгі мақсаты – басқарудың оңтайлы жүйесі есебінен пайда табу. Демек, менеджмент бизнеспен, кәсіпкерлік қызметпен, қатаң бәсекелестік жағдайында дамыған нарықтық қатынастары бар елдердегі бизнеспен, кәсіпкерлік қызметпен тығыз байланысты.

64-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, әрқайсысына тақырып қойып, сұрақ-жауап құрастырыңыздар.

65-тапсырма. Үнем, үнемдеу, үнемдеушілік сөздерінің мағынасын талдап, сөйлем құрастырыңыздар.

66-тапсырма. Жұмбақты шешіңіздер.

1. Әдемі түнде,
   Мен жүрсем, жүреді бірге.
2. Күндіз бәрі қашады,
   Түнде аспанды басады.

67-тапсырма. Төменде берілген сөздердің антонимдік сыңарын табыңыздар.

1. ЖАРЫҚ	○ ШЫН
2. ШЫҚ	○ АЗ
3. КӨП	○ ЖОТА
4. КӨР	○ ҮЛКЕН
5. ЖЫЛДАМ	○ КӨҢІЛСІЗ
6. ЖАЗЫҚ	○ КӨРМЕ
7. ЖАЛҒАН	○ КІР
8. КІШКЕНТАЙ	○ БАЯУ
9. ҚЫЗЫҚ	○ ҚАРАҢҒЫ

68-тапсырма. Мәтінді аударып, мамандыққа қатысты терминдердің түсініктемесін түсіндірме сөздік негізінде беріңіздер. Мәтінге ат қойыңыздар.



Жалпы, валюта нарығы дегеніміз − шетелдік валютаны және шетелдік валютадағы төлем құжаттарын сату – сатып алу жөніндегі әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық қатынастар жүйесі.

Қазақстан Республикасының халықаралық нарыққа шығуына кедергі болып тұрған мәселелердің бірі – теңгенің айырбасталымдылығы. Бір жағынан, Қазақстандық теңге бірнеше валюталық шектеулері бар айырбасталатын валюта болып есептелінеді. Бірақ бұл шектеулер, Қазақстанның дүниежүзілік валюта нарығының толық құқылы қатысушысы бола алмауы.

Мемлекетіміздің ішкі валюталық нарығы әлі қалыптасқан жоқ, дегенмен ол қазір қалыптасу сатысында. Қазақстан нарығының жастығынан кез келген ірі қаржы институты, соның ішінде шетелдік те, өзіне пайда түсіре алады. Еліміздің коммерциялық банктері сыртқы қарыздарын өтегенде, нарыққа валютаның айтарлықтай қаражат көлемін шығарады, бұл да теңгеге әсер етпей қоймайды.

Валюта туралы заңдар қарама-қайшы, әрі толық емес. Еліміздің валюта нарығының ерекшелігі, ол пайда болғанда үкімет теңгенің ішкі айырбасталымдылық жолына тұруымен анықталады. Валютаны еркін алып-сату, отандық экономиканы долларландыруға әкеліп соқты. Қаржы нарығындағы болып жатқан өзгерістер валюта нарығына тікелей әсер етуде.

69-тапсыра. Мәтін мазмұны бойынша бақылау тест құрастырыңыздар.

70-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелдерден дара және күрделі сан есімдерді ажыратып, цифрмен жазыңыздар.

а) Болар бала – он бесінде бас болар,
Болмас адам – қырық бесінде жас болар.

ә) Ер жігіт – бір күнде бір кісілік,
Бір күнде мың кісілік.

б) Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді.
Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді.

71-тапсырма. Мәтіндегі экономикалық терминдердің мағынасын түсіндіріңіздер. Мәтіннен сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін табыңыздар.

Қаржы және валюта нарығы



Қаржы нарығы құнды қағаздарға байланысты экономикалық қатынастар, мемлекеттің бүкіл ақша қорының жиынтығы. Ол − нарық қатынастарының құрамды бөлігі, әрі тауар, ақша, несие, валюта, сақтық, т.б. капитал, жұмыс күші, тұрғын үй, алтын нарықтарына байланысты. Қазіргі кезде дүниежүзінде АҚШ, Еуропа бірлестігі мен Жапония қаржы нарығының ең үлкен қорларын иемденуде. Қаржы нарығы біріне-бірі байланысты және бірін-бірі толықтырып тұратын, бірақ әрқайсысы өз алдына қызмет жасайтын үш нарықтан тұрады: қолма-қол ақша нарығы, несие капиталының нарығы және бағалы қағаздар нарығы.

Қаржы нарығы ұғымы – кең түрде көбінесе ақша, несие, валюта нарықтарымен қоса түсіндіріледі. Оның қаржы нарығынан айырмашылығы − ақша нарығы төлем қаражаттарының нарығы болып есептеледі. Ол қолма-қол

ақшаны ғана емес, сондай-ақ басқа да төлем қаражаттарын, оның ішінде қысқа мерзімді банк несиесін қамтиды.

Несие нарығы банктердің орташа және ұзақ мерзімді несие жөніндегі банктік несие операцияларына байланысты, бұған коммерциялық несие де жатады.

Қаржы нарығын негізінен − ұзақ мерзімді міндеттемелер немесе куәліктер нарығы деп те атайды. Ақша мен несие нарықтары әдеттегідей, айналым активтерінің қозғалысына қызмет етеді.

Қызмет жағынан алғанда қаржы нарығы − кәсіпорындардың, банктердің, мемлекеттің құнды қағаздарын сату арқылы халықтың уақытша бос қаржысын жинап, қайта бөлуді қамтамасыз ететін нарықтық қатынастар жүйесі.

72-тапсырма. Қаржы көздері туралы не білесіздер? Төмендегі материалдарға өз білетіндеріңізді қосып, толықтырып, мазмұндап беріңіздер.

Қаржы қалай дамыған?

Қаржы дегеніміз – французша қолдағы ақша, кіріс деген ұғымды білдіреді. Ал мемлекеттің дамуына сай тауар – ақша айырбасының дамуына орай, экономикалық өмір белесіне көтерілген қаржы ұғымы. Ол ақша қаражаты қорып мен оны пайдалану процесін айқындайтын экономикалық категория. Демек, қаржының негізгі мәнісі тауар-ақша қатынастарын білдіруге саяды.



Ақша қоры − мемлекет қолындағы үлкен байлық. Сондықтан кез келген мелекеттің ақша жөніндегі кірістері мен қорларының басты материалдық бұлағы – ішкі жалпы өнім, оның құрамды бөлігі ұлттық табыс болып есептеледі. Осыдан мемлекет, қаржы арқылы өз қолындағы қорларды бөлу, қайта бөлу негізінде өндірістің дамуына, өндіру мен тұтынуға ықпал жасап, бұл саладағы түбегейлі мідеттерді ойдағыдай шешіп

отырады. Қаржы осындай ықпалды ерекшеліктерімен өндірістік қатынастар ауқымын анықтайды.

Қаржы – ақша қатынастарының ажырамас бөлігі, ол әрқашан экономикалық жүйе шеңберіндегі қоғамдық ұдайы өндірістің түрлі субъектілері арасындағы бүкіл ақша қатынастарын емес, тек айырықша ақша қатынастарын білдіреді. Сондықтан оның рөлі мен маңызы, экономикалық қатынастарда қандай орын алатындығына байланысты.

Жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты жасау, бөлу және қайта бөлу процесінде қалыптаса отырып, қаржы қоғамының түпкілікті пайдалануға жіберілетін материалдық ресурстар бөлігінің ақшалай көрінісі болып саналады. Алайда, қаржы − ақша қатынастарының бүкіл сферасын қамтиды деу дұрыс болмас еді. Ақша катынастары ішінен тек олар арқылы мемлекеттің, оның аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің жасалынатын ақша қорлары, бұл қатынастардың мазмұны болып есептеледі.

Экономикалық категория ретінде қаржының мазмұнын құрайтын қатынастардың өзгешелігі, олардың көрінісінің әрқашан ақшалай нысаны болатындығында. Қаржы әрқашан ақша және тек ақша қатынастарын ғана білдіреді. Ақша болмаса қаржының болуы мүмкін емес, өйткені қаржы ақшаға байланысты болатын жалпы нышан. Сөйтіп, кез келген ақша қатынасы қаржы қатынасы болуы мүмкін емес, ал кез келген қаржы қатынасы − ақша катынасы болып саналады.

73-тапсырма. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қаржы сөзі қандай ұғымды білдіреді?
2. Қаржы саласы қалай дамыған?
3. Экономикалық категория ретінде, қаржының мазмұны қалай анықталады?
4. Қаржы қандай экономикалық категория тұтқасын ұстайды?

74-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін тірек ретінде алып, шағын мәтін құрастырыңыздар.

1. Қаржылық дағдарыс	9. Сұраныс беру
2. Материалдық негіз	10. Қажетті есептеу
3. Экономикалық категория	11. Жеке-жеке қарастыру
4. Қаржы қатынасы	12. Қарапайым құрал
5. Өзара байланыс	13. Ұлы жаңалық
6. Ақша қоры	14. Тұтыну құралы
7. Делдалдық қызмет	15. Тұтқасын ұстау
8. Пайдалы іс	16. Үстеме шығын

75-тапсырма. Берілген жұмбақтарды шешіңіздер.

Әуеден күбі түсті,
Күбінің түбі түсті.

Бүгін киген ақ тоным,
Ертең болар қара тон.
Қара тоным аздан соң,
Болып кетер ала тон.

76-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, мақал-мәтелдерді толықтырыңыздар.

А) Екі ... таласса, бір ... жем болар.
Ә) Саусақ ... бірікпейді.
Б) ... түбі – ... .
В) Көз – ..., қол –... .
Г) Ашу – ... , ақыл – ... .

Тірек сөздер: 1. Бейнет. 2. Батыр. 3. Дұшпан. 4. Дос. 5. Құзғын. 6. Зейнет. 7. Қарға. 8. Илікпей. 9. Қорқақ.

77-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақ әзірлеңіздер, жауаптарын өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

78-тапсырма. «Экономика – біздің тұрмысымызда» тақырыбында өмірмен байланысты шығарма жазыңыздар.

79-тапсырма. «Судың да сұрауы бар» деген тақырыпқа шағын шығарма жазыңыздар.

80-тапсырма. Экономикалық құбылыстарға сай қолданылатын мақал-мәтелдердің мағынасын жаттап алыңыздар.

Тақырыптар	Мақал-мәтелдер
1. Экономикалық үнемділік	А) «Жаман қойшы жайлауын бір күнде жейді, Жақсы қойшы жайлауын мың күнде жейді»
2. Экономиканың құрылысы	Ә) «Сауып ішсең мың күндік, Сойып жесең бір күндік»
3. Рақымшылдық	Б) «Байлық – қанағат пен еңбекте»
4.Тәуекелшілдік	В) «Ескі киімді баптағаның, Жаңа киімді сақтағаның»
5. Ақиқаттық	Г) «Отты үрлеген жағады, шындықты іздеген табады»
6..Үнемшілдік	Ғ) «Теңге тиыннан өсер, Жылқы құлыннан өсер»
7. Пайда көзі	Д) «Шапқан озар, жатқан қалар», «Қимылдаған қыр асар»
8. Қанағат	Е) «Ескі киім жаңа киімнің қорғаушысы»
9. Ебін табу	Ж) «Ақша кетуге тырысады», «Есеп ұстауға тырысады»
10. Уақытты бағамдау	З) «Нан піскенше, күлше күйеді»

81-тапсырма. Мәтіннен алынған экономикалық атауларды қазақ тіліне аударып, сөйлем құрастырыңыздар.

1. Явление	9. Структура.....
2. Ценный	10. Обмен.....
3. Эквивалент.....	11. Переход.....
4. Расчет.....	12. Рынок.....
5. Цель.....	13. Столб .....

6 .Средства.....	14. Ориентация.....
7. Стоимость	15. Прибыль.....
8. Счетчик.....	16. Соответствие.....

82-тапсырма. Мақал-мәтелдердің жалғасын жазып, мәнмағынасын түсіндіріп, ішіндегі етістіктерді тауып, оларды етіс түрлеріне айналдырыңыздар.

а) Ұрыс ырысты қашырар.

.....

ә) Жүк ауырын нар көтереді,

.....

б) Ерді қорласаң, састырар,

.....

в) Ер бір рет өледі,

.....

83-тапсырма. Сәулет және құрылыс, энергетика, физика, экономика мамандықтарына қатысты термин сөздерді аударып, топтастырып жазып, олардың мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Охладитель 2. Покрытие 3. Обратимость 4. Ноложение 5. Толщина 6. Обмотка 7. Спецление 8. Влажность 9. Здвиг 10. Вероятность 11.Кожух 12. Усилие 13. Устройство 14. Упор 15. Наприжение 16. Облучение 17. Обмен 18. Конкуренция 19. Обмен	1. Сәулет және құрылыс _____ _____ 2. Энергетика _____ _____ 3. Физика _____ _____ 4. Экономика _____ _____

20. Оборот 21. Обращение 22. Курс 23. Учет	

84-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, табыс және пайда сөзінің мағынасын салыстырыңыздар. Мәтіннен сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін табыңыздар.

Инвестиция және оның даму тарихы

Инвестиция туралы ұғым − банк ісі ғылымының арнайы бөлігі болып саналады. Бұл инвестициялық қызметтің неғұрлым белсенді және ірі ресурстары бар мүшелер. Сондай-ақ, оларды ұйым және тұрғындар мен жинақтарды тарту, олардың инвестициялық ресурстарының трансформациялануы – өндірісті дамытуға оларды бөлу және пайдалану бойынша туындайтын экономикалық қатынастар болып табылады. Қазіргі кезде инвестициялық процесті қаржыландыру, нарықтық тетікті бір қалыпқа келтіру, Қазақстан Республикасы экономикасы дамуының басты мәселелерінің бірі. Тиімді инвестициялық тетікті қалыптастыру арқылы өнеркәсіптік өндірісті қалпына келтіру және сапаны қайта құру үшін әр түрлі көзқарастар мен тәсілдер ұсынылуда. Осыған байланысты экономикалық жақсы дамыған сигмент ретінде ол банктік жүйеге келтіріледі. Болашақ мамандар инвестициялық процесті ұйымдастыру мен оны жүзеге асыру саласына, кәсіби білім алуына және тәжірибе түрінде бағытталған шетелдерде қалыптасқан инвестициялық инфрақұрлымның, қызмет ету мөлшері мен оларға банктердің қатысу тәжірибесін қарастырады.



Шаруашылық іс-әрекеттер процесінде оған қатынасушылар күрделі қаржыны жүзеге асырады.

Қазақстандағы болашақ басты міндеттердің бірі – XXI ғасырдың ортасына таман экономиканың алдыңғы қатарлы салаларын бетбұрыс жасауы. Мұны іске асырудағы алғашқы орындардың бірі − шетел инвестицияларын кеңінен тартуға бөлінеді.

"Инвестиция" сөзі латынның "инвест" (салу) сөзінен шыққан.

Инвестиция дегеніміз – табыс алу мақсатында кәсіпкерлік пен басқа да қызмет түрлері, объектілері, ақша- қаражат, технологиялар, машиналар, жабдықтар, тауарлық белгілер, несиелер, басқа да мүліктік құқықтық интеллектуалдық құндылықтар.



Қазақстанда нарықтық реформаларды табысты жүзеге асыру үшін Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Ислам даму банкі, Азия даму банкі секілді беделді халықаралық қаржы институттарымен, басқа да халықаралық қаржы мекемелерімен іс-шараларды үйлестірудің үлкен мәні бар. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы бүгінде дүниежүзіндегі үлкенді-кішілі 55 халықаралық ұйымға мүше. Олардың 61-іне қаржылық көмек беру көзделген. Осыған сәйкес республика халықаралық қаржы-кредит және басқа да ұйымдарға қатысудан түсетін мүшелік жарналарды, борыштық операциялар мен мәмілелер бойынша қажетті төлемдерді жүзеге асырады.

Инвестициялық қызметті жүзеге асыру арқылы мемлекет иновациялық жетістіктерге жете алады. Ұзақ мерзімді қаржыландырудың бірден-бір қайнар көзі − инвестициялар, лизингтер, бағалы қағаздар. Бүгінгі күні біздің елімізде осы инвестициялық саясат, лизингтік келісім және қор

биржасындағы бағалы қағаздардың қарқынды дамуы, күннен-күнге артып келеді.

Кез келген істі бастау үшін алдымен міндетті түрде қаражат керек. Сондықтан қаржыландырудың көздерін анықтап, оларды қалай басқару амалдарын саралаған жөн. Қазақстан Республикасындағы банктердің, қаржылық институттардың, кәсіпкерліктің, ұйымдардың ұзақ мерзімді қаржыландыру көздерінің басқарылуын жан-жақты талдап, зерттей білу қажет.

Дамушы мемлекеттердегі мұндай ұзақ мерзімді қаржыландыру көздері негізінен 60-жылдары, ол елдер саяси тәуелсіздік алғаннан кейін ғана пайда болды. Бұл банктерді құруға, дамыған елдердің банктерді белсенді қатысты. Дамушы елдердің инвестициялық банктері орта және ұзақ мерзімді несиелеумен, бағалы қағаздармен, операциялармен айналысады.

Инвестициялық банктердің құрылуы негізінен, мемлекеттің бағалы қағаздарын орналастырумен байланысты деп көрсетеді. Кейіннен, ұйымдастырудың акционерлік формасының пайда болуымен, үлкен компаниялар мен корпорациялар үшін олардың акциялары мен облигацияларын орналастыру арқылы ақша қаражаттарын шоғырландырып, жаңа компаняларды құрып, оларды біріктіру жұмыстарымен үздіксіз айналысады.

85-тапсырма. Мақал-мәтелдегі көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді қойып, оларды құрамына қарай ажыратып, мағыналарын түсіндіріңіздер.

а) ... тәуекел бұзады.
... қайғының қаласын.
... жылы сөз бітірер
... көңілдің жарасын.

ә) Жігітке ... өнер де аз.

б) Елгезек ... екі айтқызбайды.

в) ... жұрттың тілін біл,
... түрлі білім біл.

86-тапсырма. «Ұлық болсаң кішік бол» деген тақырыпқа өз пікірлеріңізді жазыңыздар.

87-тапсырма. Мәтінге тірек болатын сөздер мен сөз тіркестерін пайдала-на отырып, қысқаша негізгі ақпаратты әңгімелеңіздер. Мәтіндегі есептік сан есімдерден реттік, болжалдық сан есім жасап жазыңыздар.

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметті реформалау

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі басты назарды инвестиция сапасына бөлу қажет деп санайды.

ҚР өнеркәсіп құрылымында минералды шикізат кешенінің үлесі шамамен 65% тең. Бұл салада капиталдың ерекше белсенділігіне қол жеткізілгенмен, жер қойнауын пайдалану мен жағдайын талдау кезінде оның толықтай игерілмегендігі анықталды.



Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекет саясатының минералды шикізат ресурстары қорларын ұлғайту мақсатында, ізденіс жұмыстарына инвестиция тартуда қосымша ынталандырушыларды тартуға негізделгенін көрсетеді. Осы мақсатты іске асыру барысындағы Республиканың минералды шикізат кешенінің даму бағдарламасы маңызды орын алуы тиіс. "Инвестициялар туралы" №373-11 Заңы 2003 жылы 8 қаңтарда шыққан, кейіннен 2005 жылғы 4 мамырдағы № 48 және 2006 жылғы 31 қаңтардағы №125 бұйрықтарымен өзгертулер енгізілген.

Сондай-ақ, Үкімет тарапынан тікелей инвестиция тарту бағдарламасы, жобаларды қоса қаржыландыру мен мемлекеттік үлеске ену сияқты инвестицияны ынталандыру формалары енгізілді. Бағдарламада капитал салымшыларды ынталандыру мақсатында жеңілдіктер жүйесі қарастырылып, шығынды қайтару нормасының өсуі сияқтылары енген.

Соңғы жылдары бірнеше мәрте инвестициялық қызметті реформалау заңдары жүзеге асырылуда.

88-тапсырма. Өлеңдегі тұйық етістікті тауып, кімнің өлеңі екенін айтыңыздар.

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.
Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киюге.
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қалай сабыр қыласың,
Жазықсыз күнде сөнуге?

89-тапсырма. Экономика мамандығына байланысты терминдерді байланыстыра отырып, «Экономика ғылымының басқа ғылымдармен байланысы жайында» эссе жазыңыздар.

90-тапсырма. Мына сөздердің сыңарын табыңыздар.

1. АҚША	А. БАҒА
2. БӘСЕКЕГЕ	В. АЛУ
3. БАСТАПҚЫ	С. ҚАБІЛЕТТІ
4. НЕГІЗГІ	Д. АЙНАЛЫСЫ
5. НЕСИЕ	Е. КЕЛІСІМ
6. БАНК	Ж.САТУ
7. ДЕЛДАЛ	З. ШАРТ
8. КЕЛІСІМ	И .ІСІ
9. АЛЫП	К. ТҰЛҒА

91-тпасырма. Ойтүрткі. Мәтінді мұқият оқып, дұрыс жауабын айтыңыздар.

Ғимараттың астынан соғатын жел

АҚШ-та көп қабатты ерекше бір тұрғын үйдің жобасы көпшілік назарына ұсынылды. Бұл үйдің барлық қабаттары көпір сияқты жасалып, екі жағынан мықты тіреуіш

қабырғаларға бекітілген. Ал үйдің астындағы кеңістік ашық қалады. Сыртынан қарағанда мұндай ғимараттар өте әсем көрінгенімен, жел аудандар үшін өте тиімсіз. Осындай бір ғимарат Массачусетегі технологиялық институт аймағында салынған. Көктемде күшті жел соққанда, ашық қабырға арқылы соққан желдің жылдамдығы сағатына 160 км-ге жеткен. Осы күшті жел жылдамдығының артуы неге байланысты деп ойлайсыздар?



Жауабы:

А) күшті жел қуыс арқылы өтетіндіктен, оның жылдамдығы артады.
Ә) желдің бағытына байланысты.
Б) жердің рельефіне байланысты.
В) таулы аймаққа байланысты.
Г) жыл мезгіліндегі ауа райына байланысты.

92-тапсырма. Сөздердің қазақ тіліндегі баламасын жазыңыздар.

1. Надежный партнер	12. Проводить соглашения
2. Высокая цена	13. Идентификация
3. Личный банк	14. Платные услуги
4. Рыночный курс	15. Равномерность
5. Годовой отчет	16. Уставный фонд
6. Реклама товаров	17. Рыночный закон
7. Текущий план	18. Снимать проценты
8. Банковский кредит	19. Налоговое право
9. Гарантия	20. Товарная политика
10. Экономить время	21. Накладные расходы
11. Временные льготы	22. Экономический анализ

93-тапсырма. Мақал-мәтелдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, қатыстық, сапалық сын есімді тауып, қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңіздер.

а) Ұлтарақ... жер болса да,
Ата қоныс жер қымбат.
Ат төбелін... болса да,
Туып өскен ел қымбат.
ә) Туған жердің торғайы,
Тұрымтай... көрінер.
Құлыны тай... көрінер,
Қыздары ай... көрінер.
б) Құртақан... торғай да,
Өз ұясын қорғайды.
в) Туған жердің күні де ыстық,
Түні де ыстық.

94-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ой түйінді тауып, сұрақ дайындап, пікір алысыңыздар. Есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақтарды жазып, мысалдар келтіріңіздер.

Инвестицияның қызметі және операциялары

Инвестициялық қызмет – инвестициялар салып, оларды жүзеге асыру бойынша тәжірибелік әрекеттер жиынтығы.

Қазіргі кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық процесст әлеуметтік-экономикалық дамуымыздың негізгі алғышартына айналып, еліміздегі реформаларды табысты іске асырудың басты себебі болып отыр. Инвестициялар кез келген ұлттық экономиканың маңызды, әрі қажетті қоры болып саналады.

Инвестициялық жобаларды іске асыру – өндірісті жетілдіріп, сатылатын тауарлардың сапасын арттыру, онымен қоса жұмыс орындарының көбейіп, тұрғындарды еңбекпен толығымен қамтамасыз етуге, сөйтіп халқымыздың тұрмыс деңгейінің өсуіне мүмкіндік береді. Сонымен, елімізде жүргізіліп жатқан инвестициялық процесті экономикалық пайда келтіріп, әлеуметтік саланың өркендеуіне жағдай жасайтын қызмет деп қарастыруымыз керек. Осыған орай, инвестициялық іс-әрекетті талдауда оның

тиімділігіне, экономикалық шаралармен бірдей әсер ететін әлеуметтік шараларды ерекшелеудің маңызы зор.

Қазір инвестициялық банктердің екі түрі қызмет етеді:

Бірінші типті инвеегациялық банктер.

Екінші типті инвестициялық банктер. Мұндағы бірінші типті инвестициялық банктер тек бағалы қағаздарды орналастыру және сатумен айналысады. Ал екінші типті ивестициялық банктер, ұзақ мерзімді несиелеумен айналысады.

Инвестициялық банктердің құрылуы негізінен, мемлекеттің бағалы қағаздарын орналастырумен байланысты деп көрсетеді. Кейіннен ұйымдастырудың акционерлік формасы қызметі негізінде, үлкен компаниялар мен корпорациялар үшін, олардың акциялары мен облигацияларын орналастыру арқылы ақша қаражаттарын шоғырландырады. Сонымен қатар, мемлекеттік биліктің барлық деңгейінің мемлекеттік бағалы қағаздарын, оның ішінде Үкіметтің бағалы қағаздарынан бастап, жергілікті әкімшіліктің бағалы қағаздарына дейін орналастырады.

Бірінші типті инвестициялық банктер соңғы кезде көбінесе корпоративті секторлардың бағалы қағаздарымен операцияларды жиі жүргізеді. Мұндай банктер акциялар мен облигацияларды орналастыру арқылы өндіріс, транспорт және сауда кәсіпорындарының ақша қаражаттарын алуда, делдал ретінде қатысады.



Қазіргі кезде бұл банктерсіз бағалы қағаздарды сату өте қиынға түседі. Көптеген компаниялар инвестициялық банктердің көмегінсіз, ұзақ мерзімді ақша қаражаттарын ала алмаған болар еді.

Көптеген елдерде инвестициялық банктердің қызметін басқа да қаржылық-несиелік мекемелер немесе коммерциялық банктер атқарады.

95-тапсырма. а). «Экономикалық саясат» деген тақырыпқа эссе жазыңыздар, ішінде сын есімдер болсын. Олардың астын сызыңыздар.

ә). Мәтінге өзіңізше ат қойыңыздар.


Мәтінді мағыналық бөлімдерге бөле отырып, жоспар құрыңыздар.

Мәтінді әңгімелеуге қажетті сөздер мен сөз тіркестерін жазыңыздар.

Мәтінді жоспар бойынша әңгімелеңіздер.

96-тапсырма. 1). Сөзжұмбақты шешіңдер.


1. Ұяң дыбыс.
2. Біркелкі заттың біреуіне берілген арнайы атау.
3. Жұрнақ арқылы жасалған зат есім.
4. Түбір күйіндегі зат есім.
5. Зат есімге жалғанатын жалғау түрі.
6. Септік жалғауының бір түрі.
7. Үнді дыбыс.



2). Мәтін мазмұнына орай бес сұрақ қойып, соған жауап жазыңыздар. Экономика сөзіне фонетикалық талдау жасаңыздар.

Құрылыс экономикасы

Құрылыс экономикасы – құрылыс дамуының экономикалық заңдылықтарын, оның тиімділігін зерделейтін ғылым. Құрылыс экономикасы құрылыстың шаруашылықтағы орнын, оның басқа салаларымен өзара байланысын, даму деңгейі мен қарқынын, құрылыстың экономикалық және ұйымдық құрылымымен айналысады. Құрылыс құрастыру ұйымдарын басқару жүйесін, құрылысты жоспарлау тәртібі мен тәсілдерін, құрылыс өндірісін ұйымдастырудың неғұрлым тиімді түрлерін экономикалық жағынан негіздеп, талдау жұмыстарымен, құрылыс маркетингісімен шұғылданады.



Сонымен қатар, құрылыстағы материалдық-техникалық жабдықтау ісінің ұйымдастырылуын, құрылыстың негізгі және айналым қорларының құрылымын, құрылыста еңбек өнімділігін арттыру, өзіндік құнды кеміту, пайдалылықты өсіру факторлары мен резервтерін қадағалау қажет. Экономикалық есептеу бөлімі еңбекке ақы төлеу, материалдық көтермелеу мен ынталандыру, баға белгілеу жүйелерін жетілдіру жолдарын, құрылысты қаржыландыру жүйесін, құрылысты құрастыру ұйымдарының қаржы қызметін зерттейді.

Құрылыс экономикасында – құрылыстарға сапалық талдау жасаумен бірге сандық талдау, ұйымдық-техникалық шешімдердің тиімді нұсқасын таңдау және экономикалық нормативтердің ғылыми негізделген жүйесін жасау үшін түрлі көрсеткіштер арасындағы сандық байланыстарды анықтау, маңызды рөл атқарады. Осыған орай, құрылыс экономикасында зерттеудің экономикалық-математикалық тәсілдері және электронды-есептеуіш техникасы кеңінен қолданылады. Құрылыс экономикасы басқа экономикалық ғылымдармен,


сондай-ақ құрылыстың өндірістік-техникалық жағын зерттейтін ғылымдармен тығыз байланыста дамиды.

Т.Баяхметов

97-тапсырма. Мәтінді пайдалана отырып, сөйлемдердің дұрыс не бұрыстығын анықтаңыздар.

Сөйлемдер	дұрыс	Бұрыс
1. Инвестициялық қызмет − инвестицияларды салу және оларды жүзеге асыру бойынша тәжірибелік әрекеттер жиынтығы. 2. Инвестициялар кез келген ұлттық экономиканың маңызды да, қажетті қоры болып саналмайды. 3. Қазіргі кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық процесс әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі алғышартына айналып отырған жоқ. 4. Сонымен, елімізде жүргізіліп жатқан инвестициялық процесті экономикалық пайда келтіріп, әлеуметтік саланың өркендеуіне жағдай жасайтын қызмет деп қарастыруымыз керек. 5. Батыс елдердің бір қатарында қазіргі несие жүйесінде инвестициялық банктер өздерінің дамуын алды. 6. Инвестициялық жобаларды іске асыру, өндірісті жетілдірмейді. 7. Осыған орай, инвестициялық іс-әрекетті талдауда, оның тиімділігіне экономикалық шаралармен бірдей әсер ететін, әлеуметтік шараларды ерекшелеудің маңызы зор. 8. Қазіргі инвестициялық банктердің екі түрі қызмет етпейді. 9. Қазіргі кезде бұл банктерсіз бағалы қағаздарды сату өте қиынға түспейді. 10. Көптеген елдерде инвестициялық банктердің қызметін басқа да қаржылық-несиелік мекемелер немесе коммерциялық банктер атқарады.		

Танымдық бағыттағы тапсырмалар



Даналық мәйегі

98-тапсырма. «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» тақырыбында төменде берілген дәйексөздерді пайдаланып, ана тіліміздің қоғамдағы қызметі туралы ой толғаныздар.

Қазақ тілі – ұлттың ұлы қазынасы

Қазақ тіліне қамқорлық жасау – менің перзенттік те, президенттік те парызым.

Н. Назарбаев

Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз.

Өркениет өнегесі – өз тіліңмен өмір сүру.

Қазақ елі барда қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді.

Н. Назарбаев

Қазақ тілі – бай тіл. Оралымды, ырғақты, теңеу-бейнелеулері ерте туған тіл. Поэзияда Абай, Ілияс сияқты, прозада Мұхтар сияқты алыптар туғызған тіл. Мен осындай тілімізді таза ұстайық деймін.

Ғ. Мүсірепов

...Жоғалып өшіп кеткен тілдердің қайта тіріліп келмейтіні белгілі. Жаңадан тіл пайда болмайды. Тілдердің пайда болу дәуірі біткен. Сондықтан қазіргі барымызды мәпелей білуіміз керек.

Ш.Айтматов

Ана тілінің құдіретін әлем мойындаған. Атақты Юлий Цезарь бір сөзді дұрыс қолданбаған соң, оның кеңесшісі мұны есіне салғанда, тәкаппар император: «Мен қалай айтсам, ол енді солай қолданылатын болады!» − десе керек. Сонда кеңесшісі: «Тақсыр, сіздің мемлекетке, елге билігіңіз жүреді, бірақ тілге

билігіңіз жүрмейді», дегенде, – Цезарь мойындауға мәжбүр болған.

Қазақ халқын ұлт санатында сақтап келе жатқан Ана тіліміз аман болсын!

Ә.Нұршайықов

99-тапсырма. Мәтінді негізге ала отырып (өздерің қалаған өзге ақындар өлеңін таңдауға да еріктісің) тіл туралы ақын ойына тоқталып, сосын өз пікірлеріңізді үлгі-кесте бойынша жазып, айтып беріңіздер.

Тілім – ақын

Бар менің бір жүрегім, бір-ақ тілім.
Тілімді кімнен алам сұрап бүгін?
Үйренгем оны анамның құрсағында,
Сол үшін өзгермеймін, тұрақтымын.

Бәрінің өз тілі бар кімді көрем,
Домбыра – көкірегім, күмбір өлең.
Судағы желбезекті балықтың да,
Гүлдің де өз тілі бар үлбіреген.

Тілім жоқ болса, менің тірі өлгенім,
Тірі өлім, төрт бұрышқа тірелгенім.
Анам да ақ сүт берген біреу менің,
Далам да, Отаным да біреу менің.


Жыр емес, ана сүт қой жыр дегенің,
Жыр сүт қой,
Онсыз басқа түрге енемін.
Мен ақын емеспін, дос, тілім ақын,
Тіліммен өмір сүріп, күн көремін.
Күн көрмей, тілім өлсе, бірге өлемін.

Қ.Бұғыбаева

100-тапсырма. Мәтінге өз ойларыңызды қосып, «Өркениет − ел мұраты» тақырыбында ойтолғау жазыңыздар.

Техногендік өркениет

Өркениет – ашық жүйе. Ал ашық жүйе әрқашан жаңа ақпаратқа ие, ал ақпаратты өңдеу үзіліссіз үрдісті талап етеді. Өркениет коммуникация, қарым-қатынаспен тығыз байланысты қызмет етеді. Өркениет өзінен басқа келесі бір өркениеттермен әрдайым түрлі деңгейде байланыс жасап, қарым-қатынас орнатады.



Техногендік өркениет – адамзат тарихының қол жеткізген табысы. Бірақ техногендік өркениет тек батыс елдеріне ғана тән сияқты. Техногендік өркениеттің негізгі өзегі – технология. Технология әрдайым жаңарып, түрленіп отыратындықтан, ол әркез ізденісті, жаңашылдықты, қарқынды қозғалысты, белсенді күш-жігер мен жетілген білімді талап етеді. Бұл талаптар ғылым-білімнің одан әрі қарыштап дамуына түрткі болады. Сондықтан технология өркендеу үшін, өнім сапасын арттыру, ең маңыздысы – қоғам, әлем алдында беделіңді түсірмеу үшін аса қажет. Технологиялық өркениет техника өркендеуінің арқасында жүзеге асады. Техниканың адам өмірі үшін зияндылығымен қатар, пайдасы шаш етектен екенін күнделікті тұрмыстіршілікте оны пайдалану арқылы көз жеткіземіз. Техника біздің өмірімізді жаулап алғаны сондай, қазіргі таңда техникасыз өмір сүру мүмкін еместей болып елестейді.


Ұлттық мәдениет өркениет табыстарымен дамып-жетіліп отырады. Ең бастысы – шетелдік өнертабысын қажетіне қарай пайдаланып, оның шылауында кетпей, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды қоса дамытып отыруымыз қажет. Сонда ел мерейі асып, әлем алдындағы бет беделі асқақтай түседі. Өз

ұлтымыздағы ерекше құндылықтарды әлемдік деңгейге көтеріп, өрісін кеңітіп ұсына білсек, талай асылдарымыз бар.

Өркениет табыстарына қол жеткізу үшін бүкіл адамзат қоғамының алдындағы басты мәселе – ел мен елдің, адам мен адамның өзара түсіністігі, бірін-бірі рухани − адамгершілік тұрғысынан бағалауы, бірін-бірі сыйлауы, кез келген жағдаятта төзімділік танытуы тиіс.

101-тапсырма. «Техногендік өркениет» мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәдениет пен өркениеттің ықпалдастығы дегенді қалай түсінесіздер?
2. Өркениетпен өскен елдер туралы не айтар едіңіздер?
3. Өркениетсіз қоғамның жедел дамуы мүмкін бе?
4. Біздің ұлттық мәдениетімізге шеттен келіп сіңген қандай құндылықтарды білесіздер?
5. Техногендік өркениет құндылығына бүгінгі қажеттілік қандай?



Даналық мәйегі

Адамның өз ынтасымен талап- мақсат қойып, оны өзі таңдаған талпыныс, ізденіспен игеруі өзіне де, өзгеге де, қоршаған ортаға да пайда келтіреді.

Ұдайы ізденген адам өз бетімен білімін жетілдіріп, өздігінен дами алады.

Абай

Өз бетімен танып-білуге құштарлану, талпыну, іздену адам еркі мен мінезін шыныктырып, шыңдайды. Өмірдегі әр түрлі жағдайлардағы қиындықтарға қарамай, мақсатқа жетуге

көмектеседі. Ізденіс – алдыңа қойған мақсатқа жетуге ұмтылдырып, талпындырады.

Жаман әдеттен құтылуға,
Жақсы әдетті табуға шара бар.
Ол шара − табандылық, қажырлылық.
Қажет қасиеттің бірі – өзіне-өзі сенімділік.

Ж. Аймауытов

102-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкердің мақсатқа жету жолын өз сөздеріңізбен баяндап беріңіздер.



Грек шешені Демосфеннің жаратылысынан тілі мүкістеу, дауысы тым әлсіз, әрі ұялшақ болған. Әйтсе де, оның бойында табандылық, қайсарлық, мақсатқа талпынушылық бар еді. Міне, осы қасиеттері Демосфенге шешендік өнердің техникасын барынша жетілдіруге, оған қоса өз дауысын дұрыстауға, кекештікті жоюға септігін тигізеді. Демосфен теңіз толқынының шуылынан асып түсем деп теңіз жағасында бірнеше сағат бойы дауыстап өлеңдер оқыды. Кекештіктен құтылу үшін тер төге еңбектенді. Шешендік шеберлік мектебін бітіріп, өзімен қажымай жұмыс істесе де, ол табысқа бірден жеткен жоқ. Алғаш рет жұрт алдында сөйлеген сөзі сәтсіздікке ұшырады. Екінші мәрте – тағы да сәтсіздік. Бірақ ол өз мақсатынан тайқып кетпей, қажымай-талмай еңбектене берді. Ақырында жеңіс! Демосфен Ежелгі Грецияның ұлы шешендерінің бірі болды.

103-тапсырма. « Іздеген жетер мұратқа» дегенді қалай түсінесіздер?

104-тапсырма. Қара сөзді оқып, түйінді ойларды іріктеп, олардың маңыздылығын дәлелдеп беріңіздер.

Он тоғызыншы сөз





Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп-білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады.

Мұндай сөзді естігенде жайқақтап, шалғырттанып не салбырап, салғырттанып естісе, не естіген жерін қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-естімей не керек?

Абай

105-тапсырма. Ізденіске жетудің мәні неде? деген сұрақ төңірегінде сызбаға өз ойларыңызды қосыңыздар.





Даналық мәйегі

Салауатты өмір сүру тек тән саулығына ғана емес, жан саулығына да байланысты.

Ердің саулығы − елдің байлығы.

Қазақ мақалы

Денсаулықтың қадірін жастан білу − азаматтық борыш.

М.Әлімбаев

Сырын мен білетін бірден-бір сұлулық – денсаулық.

Г.Гейне

Дені сау адам дегеніміз − табиғаттың аса құнды туындысы.

Т.Карлейль

Денінің саулығын тілегеннің бірінші парызы − маңайының ауасын тазарту.

Р.Роллан

106-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша «Зиянды әдеттерден арылу» жолдары атты тақырыпта шығарма жазыңыздар.

Зиянды әдеттер



Күн сайын адамдар темекі шегу, ішімдікке салыну, нашақорлықтан түрлі дертке, бақытсыздыққа шалдығады. Зиянды әдеттер адамның өмір бойы өзін-өзі тұлға ретінде іске асыруына мүмкіндік берместен, кедергі жасайды. Зиянды әдеттер арқылы адам өзінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді, жақын адамдарына ауыртпалық түсіріп, қоршаған ортаға зиян келтіреді.





Кейбіреулер қиындыққа кездескен жағдайда ойланып, ақылға салмастан, зиянды заттарды пайдалануға әуес болады. Сөйтіп, оған үйреніп, тәуелді болатындарын ойламайды. Осы зиянды заттарға тәуелді болудың салдары өздерін азапқа түсіретінінен бейхабар болады. Қиындықтан шығудың жолы, шешімі бұл емес.

Зиянды әдеттердің денсаулыққа қауіптігі мынада:

– Адам өзін-өзі бүлдіреді, өзін құрметтеп күтуден қалады;
– Табиғат берген мүмкіндіктер ашылмайды;
– Өтірік айтуға, ұрлық істеуге, қатігездікке, ақымақтыққа ұрынады;
– Отбасын қайғы-қасіретке бөлейді;
– Түрлі келеңсіз жағдайларға соқтығады;


(«Мен адамдар арасындамын» кітабынан)

107-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.
Зиянды әдеттерді атаңыздар.
Зиянды әдеттердің адам өміріне тигізетін залалы қандай?
Қиындықтар кездескенде оларды қалай жеңуге болады?
Зиянды әдеттер денсаулыққа қалай әсер етеді? Мысал келтіріңіздер.

108-тапсырма. Жоғарыдағы нақыл сөздердің өздеріңізге ұнағандарын таңдап алып, олардың мағынасын мысалдармен түсіндіріңіздер.

109-тапсырма. Зиянды әдеттердің салдарын тізбелеп жазыңыздар. Оларды болдырмау жолдарын ұсыныңыздар.

110-тапсырма. «Жаны саудың – тәні сау» тақырыбында эссе жазыңыздар.



Даналық мәйегі

Өз ана тіліңді қадір тұтпай тұрып, ел-жұртыңды сүйе алмайсың.

К.Паустовский

Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады.

Г.Гегель

Халықтың тіліне қиянат жасау – оның жүрегін жаралау.

Г.Лаубе

Ана тілін шекараны қорғағандай қорғау керек.

П.Вяземский

Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік.

К.Паустовский

Егер ертең туған тілім жоғалар болса, мен бүгін өлуге даярмын.

Р.Ғамзатов

Тіл – ұлттың жан дүниесі.

Л.Толстой

Қандай да болсын халықтың әдет-ғұрпын үйренгің келсе, алдымен оның тілін үйрен.

Пифагор

111-тапсырма. Мәтіннен туынды сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарын көрсетіңіздер.

Байырғы заман

Археологиялық олжалар адам баласының Қазақстан жерінде ежелгі тас дәуірінен (палеолит) бері қарай жалғасып келе жатқан тіршілік іздеріне куә ондаған − жүздеген айғақты



көлденең тартады. Қазақ даласында шамамен, осыдан 10–15 мың жылдай бұрын қазіргі географиялық ортаға ұқсас жағдай қалыптасып үлгерді. Алғашқы терімшілік, сонсоң егіншілік кәсіппен айналысқан сахара тұрғындары бірте-бірте мал шаруашылығына ойысып, экожүйенің табиғи бітіміне бейімделді. Ұлы дала төсінде шырқай көшіп, жыл құсы сияқты қатал табиғат құрсауынан сытылып шығуға мүмкіндік беретін көші-қон үрдісін қалыптастырады. II мыңжылдықтар аясында адамзат тарихындағы түбірлі өзгерістердің себепшісі болған көшпелі өмір – салт қалыптасты.

Еуразияның далалық алабында қалыптасқан көшпелілер, парсының сына жазуларында «сақтар» деп аталса, грек авторлары азиялық скифтер деп, қытай жылнамалары ғұн, хүн деп атады. Атқа тақым басқан көшпелілер Ұлы Жібек жолының ұшталуына бірден-бір себепші болып, төңірегіндегі көрші елдермен экономикалық, саяси және мәдени байланыстар орната бастады. Мемлекеттіктің өзіндік үлгісі қалыптасып, тайпа көсемінің өкімет билігін атадан балаға мирас ету үрдісі орнықты. Үйсін тайпалар одағының көсемі − ұлы гуньмо (бек,би) деп аталды.

Табиғи ортаға мейлінше бейімделіп, мал шаруашылығын күрт дамыту – көшпелі тайпаларды әлеуметтік жағынан да, саяси тұрғыдан да кемелдендіріп, қуатты күшке айналдырды. Ұлы дала төсінде қалыптасқан көшпелі өмірге сай мәдениет қалыптасты, саф таза өнер туындады. Құндылықтарды

парықтайтын салт-дәстүр орнықты. Бұлардың бәрі қосылып өзіндік болмыс-бітімі бар көшпенділер мемлекеттігінің берік негіздерін құрады.

«Елтұтқа» кітабынан

112-тапсырма. Мәтіннен кейіпкердің әр жылдардағы ерекше еңбектері туралы ой толғаңдар. Мәтіннен зат есім, сан есім, етістіктерді теріп жазыңыздар.

113-тапсырма. Мәтіндегі мезгіл үстеулерді табыңдар. Өз еліміздің гимні туралы шағын әңгіме жазыңдар.

Әр елдің, әр мемлекеттің ұлттық ерекшеліктерін бейнелейтін гимндері бар. Олардың кейбірі қас-қағымда орындалады. Ал Сальвадордың гимні бес минут бойы шырқалады.

Жапонияның ұлттық гимні «Кимигайо» дүниежүзіндегі ең көне гимн. Оның сөзі өте ертеде, IX ғасырда жазылған.

Грекияның ұлттық гимнінің сөзі ретінде 158 жеке-жеке өлеңнен тұратын «Соломон» поэмасының алғашқы төрт өлеңі алынған.

Йордания, Сан-Марино елдерінің гимні – әлемдегі ең қысқа гимндер. Олар небары төрт жолдан тұрады. 1770 жылы жылы жазылған Испанияның гимні күні бүгінге дейін мәтінсіз орындалады.

«Таным» энциклопедиясы

114-тапсырма. Өткен шақ тұлғалы өздік етістерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңыздар.

Көрінді, жуынды, таранды, суынды, ізденбеді, күйінді, қуанбады, қаранбады.


115-тапсырма. Сақтанатын жамандық қанша, санап шығыңыздар. Мағынасын талдаңыздар.

Егер сақтанғыңыз келсе:

Достың күлкісінен сақтан,
Дұшпанның табасынан сақтан,
Жаманның жаласынан сақтан,
Пәлекордың пәлесінен сақтан.
Астың аласынан сақтан,
Ұшынған өрттен сақтан,
Дауасыз дерттен сақтан.
Тасыған судан сақтан,
Екіжүзді қудан сақтан,
Шайтанның азғыруынан сақтан,
Арақтың аздыруынан сақтан,
Ата-анаға кінәлі болудан сақтан,
Дін алдында күнәлі болудан сақтан.

«Жеті қазына»

116-тапсырма. Мәтіндегі сан есімдерді тауып, Қазақстандағы жер-су атаулары жөнінде топтау сан есімдерін қолдана отырып, ауызша мәтін құрастырыңыздар.



Эверест. Жер шарының ең биік нүктесі саналатын Гималайдың ең биік шыңы – Эверест талай мұзбалақтарды қызықтырып келеді. Оның ұшар басына ондаған елдің жүздеген альпинисттері көтеріліп, мемлекеттерінің жалауын желбіретті. Ал осы аспан шатырына есімі берілген Эверест кім еді? Әуелде көбіміз мүдіріп, күмілжіп қаларымыз анық. Сөйтсек, Джордж Эверест (1790–1866) ағылшын инженері екен. Ол тригонометриялық өлшеу жөніндегі

Бүкіл үндістандық қоғамда қызмет істеген көрінеді. Шыңға оның есімі шамамен 1823 жылдары беріліпті.

«Таным» энциклопедиясынан

117-тапсырма. Берілген есептік сан есімдерден топтау сан есімдерін жасап, «Топтасу түбі – ынтымақ» тақырыбында ой-пікірлеріңізбен бөлісіңіздер.

Екі, төрт, алты, сегіз он, он төрт, жиырма, қырық, елу, алпыс.

118-тапсырма. Мақалдардағы сан есімдерді теріп алып, топтау сан есім жасаңыздар.

1. Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі. 2. Ер көрмеймін деген жерін үш көреді, ат баспаймын деген жерін үш басады. 3. Баланың сегізінде тісі түседі, сексенінде ердің ерге ісі түседі. 4. Отызында орда бұзбасаң, қырқыңда қырып келдім дегеніңе ешкім сенбейді. 5. Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болсын.

119-тапсырма. Мәтіннен сан есімдерді тауып, оларды мағынасына қарай талдаңыздар.

Абай сөзі



Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы... білімсіздік – хайуандық. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны; талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны, адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді. Бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады.

Білімдіден шыққан сөз

Ойың ақ болсын,
Сөзің ақ болсын.
Ісің ақ болсын,
Ойыңның ақ болмағы – арыңнан,
Сөзіңнің ақ болмағы – жаныңнан,
Ісіңнің ақ болмағы – ақылдан.

Бөлтірік шешен

Ісім оңсын десеңіз,
Сол істің маманы болыңыз,
Даңқым шықсын десеңіз,
Көпшіліктің адамы болыңыз.

Әл-Фараби

120-тапсырма. Мәтінді аударып, оған ат қойыңыздар.

Адам өзінің болашақ кәсібіне түрлі жолдармен келеді. Біреулер үшін ол – ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге – әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң, т.б. Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзінің бейімділігін тануы қажет. Өз-өзін «Мен кіммін?, «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоймайтын адам кем де-кем.

Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі көп. Әрине, таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, мамандығын дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Адам еңбегінен қуаныш таба білсе, бойына жаңа күш қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі. Зор ықылас, шабытпен істеген іс – табыс биігіне жеткізетін қанат.

121-тапсырма. Мәтінге байланысты сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу керек?
2. Сіз қандай маман болуды армандайсыз? Неліктен?
3. Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек?
4. Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыздар?
5. Жақсы маман болу үшін адам нені біліп, үйренуі қажет?

122-тапсырма. Өз отбасы мүшелеріңіздің қандай кәсіппен айналысатынына байланысты «Отбасылық кәсіп» шежіресін жасаңыздар.

123-тапсырма. «Мамандық – жетістік мерейі» тақырыбында эссе жазыңыздар.

124-тапсырма. Өзіңіз келіспейтін тұжырымдарды таңдап алып, ойыңызды жазбаша дәлелдеңіз.

Мамандық адамның қабілетіне, бейімділігіне байланысты.
Отбасы мен достарыңның ақылына сүйеніп, мамандық таңдауға болады.
Қартайғанда да мамандық таңдауға болады.
Жақсы білім алу үшін қымбат оқу орнына түсу керек.
Ақша болса мамандық қажет емес.
Таңдайтын мамандығымды болашақ табысым анықтайды.
Мамандық таңдау – күнкөріс қамы.
Мамандық таңдаудағы басты өлшем – қызығу мен қоғамдық сұраныстың сәйкестігі.
Мамандық таңдау қалтаның қалың болуына байланысты.
Мамандық бір-ақ рет, біржола таңдалады.

125-тапсырма. Өз өмірлеріңізде істегің келетін іс пен міндетті істің арасынан таңдау жасаған кездерің болды ма? Естеріңізге түсіріп, қысқаша әңгіме жазыңыздар

Тесттік тапсырмалар

1.Туған жеріңізді қалай бағалайсыз? (М. Шахановтың өлеңі негізінде көрсетіңіз).
A) Түп қазығы, айбыны.
B) Сарқылмайтын байлығы.
C) Тірегі.
D) Нық сенімі.
E) Сезім.

2. Дауыстыларға тән орыс тілінде жоқ ережені айырыңыз.
A) Түбір.
B) Жіктік жалғау.
C) Сөз құрамы.
D) Сингармонизм заңы.
E) Көптік жалғау.

3. Ашық буынды сөзді көрсетіңіз.
A) Қап.
B) Мақсат.
C) Астана.
D) Әдеп.
E) Әке.

4. Біркелкі үлгімен жазылатын жұмыс қалай аталады?
A) Қатынас қағаздары.
B) Шығарма.
C) Сенімхат.
D) Іс қағаздары.
E) Хаттама.

5. Сөз тіркестерін аударыңыз. Крупный ученый, культурная связь, древняя культура.
A) Әдепті адам, үлкен ғалым, ежелгі мәдениет.
B) Үлкен ғалым, саяси адам, жаңа мәдениет.
C) Білгір адам, жақсы байланыс, күшті адам.

D) Ірі ғалым, мәдени байланыс, ежелгі мәдениет.
E) Көрнекті адам, ежелгі дәуір, ірі байланыс.

6.Түркістан қаласындағы сағананы көрсетіңіз.
A) Айша бибі.
B) Қожа Ахмет Иассауи.
C) Арыстан бап.
D) Райымбек батырдың ескерткіші.
E) Қозы Көрпеш - Баян сұлу мазары.

7. «Сенімхат» сөзінің аудармасын табыңыз.
A) Заявление.
B) Доверенность.
C) Справка.
D) Отношение.
E) Письмо.

8. «Қағаз» деген сөзді көмектес септікте септеп көрсетіңіз.
A) Қағаз.
B) Қағаздың.
C) Қағазға.
D) Қағазбен.
E) Қағазды.

9. «Біз тыңдаушымыз» деген сөйлемде тыңдаушымыз сөзінің – мыз бөлшегі қандай тұлға?
A) Көптік жалғау.
B) Септік жалғау.
C) Тәуелдік жалғау.
D) Жіктік жалғау.
E) Жалғаулық шылау.

10. Қазақ тілі қай жылы мемлекеттік мәртебе алды?
A) 1990.
B) 1989.
C) 1987.

D) 1991.
E) 1988.

11. Архаизм сөздердің қатарын табыңыз.
A) Жарық, сәуле.
B) Аспан, көк.
C) Жоғары - төмен.
D) Садақ, жебе.
E) Көрікті, сұлу.

12. Неологизм сөзді табыңыз.
A) Либретто.
B) Жемшөп.
C) Баспасөз.
D) Ғарышкер.
E) Ауыстыру.

13. Мына сөйлемнен іс қағазының қай түрін анықтауға болады?
Мені қазақ тілі курсына тыңдаушы етіп қабылдауыңызды сұраймын.
A) Сенімхат.
B) Қолхат.
C) Өтініш.
D) Хаттама.
E) Мінездеме.

14. Сын есімнің салыстырмалы шырайын көрсетіңіз.
A) Жеп-жеңіл.
B) Ауыр.
C) Ірірек.
D) Қара.
E) Жеңіл.

15. «Сабақта болыңдар» дегенде, болыңдар сөзіндегі – дар қандай тұлға?
A) Көптік жалғау.

B) Септік жалғау.
C) Тәуелдік жалғау.
D) Көсемшенің жұрнағы.
E) Есімшенің жұрнағы.

16. Өзге тілдерден енген сөздердің атауы қалай?
A) Архаизмдер.
B) Кәсіби сөздер.
C) Сөздік қор.
D) Терминдер.
E) Кірме сөздер.

17. Құрманғазының күйін табыңыз.
A) «Әлқисса».
B) «Аққу».
C) «Ақ жауын».
D) «Көңіл толқыны».
E) «Балбырауын».

18.«Атасын сыйлаған» дегенде, атасын сөзінің – сы бөлшегі қандай тұлға?
A) Көптік жалғау.
B) Тәуелдік жалғау.
C) Септік жалғау.
D) Жіктік жалғау.
E) Шақ қосымшасы.

19. «Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй». Үзінді қай ақынның өлеңінен алынған?
A) М. Шаханов.
B) А. Құнанбаев.
C) Ы. Алтынсарин.
D) С. Торайғыров.
E) Т. Айбергенов.

20. Мағынасы қарама-қарсы сөз қайсы?
A) Ұстамды – момын.
B) Зиялы – надан.
C) Әдемі – әсерлі.
D) Білімді – білікті.
E) Алыс – қашық.

21. Омонимдік қатарды табыңыз.
A) Болып қалды түс. Асан, аттан түс.
B) Елдің атын ер шығарар.
C) Өзің өлтірмес, жат жарылқамас.
D) Жоғары-төмен үйрек-қаз, ұшып тұрса сымпылдап.
E) Ширақтықты, сергектікті серік ет.

22. Ресми өмірбаянның жазылу тәртібін көрсетіңіз.
A) Жеке тұлғаның өз қолымен, нақты, дәл негізде жазылуы тиіс.
B) Жолдасы немесе туысы жазып берген деректер ресми өмірбаян бола алады.
C) Көркем тілмен айшықты ой арқылы жеткізіледі.
D) Ауызекі сөйлеу тіл стилі қолданылған жазу үлгісі.
E) Арнайы баспа беттерді толтыру арқылы жазылады.

23. Әдемі, әсем, көрікті, сұлу − қандай сөздер?
A) Көнерген сөздер.
B) Антоним.
C) Омоним.
D) Архаизм.
E) Синоним.

24. Жиренше шешен қай ханның тұсында өмір сүрді?
A) Әбілхайыр.
B) Абылай.
C) Жәнібек.
D) Тәуке.
E) Әбілмансұр.

25. Жартасқа бардым. Бардым дегендегі - ды қандай тұлға?
A) Табыс септік.
B) Жіктік жалғау.
C) Сын есім.
D) Жедел өткен шақ.
E) Есімше жұрнағы.

26. «Отын − олжа, су − нұрлық» қай шешеннің сөзі?
A) Малайсары.
B) Сырым.
C) Қазыбек.
D) Әйтеке.
E) Бөлтірік.

27. «Алыстан сермеп...» дегенде, «алыстан» сөзі қандай тұлғада тұр?
A) Ілік септік.
B) Табыс септік.
C) Барыс септік.
D) Жатыс септік.
E) Шығыс септік.

28. Сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарын табыңыз.
Қыс түсіп, ...
A) Қар ери бастады.
B) Күн суыта бастады.
C) Олар мектепке бармады.
D) Соңғы хабарларды тыңдаймын.
E) Ол институтқа тез келді.

29. «Астанаға, сабаққа, университетке» сөздеріне қандай септіктің жалғауы жалғанып тұр?
A) Ілік.
B) Көмектес.
C) Атау.

D) Барыс.
E) Табыс.

30. Жамбыл Жабаевтың өмірбаян деректері қай стильде жазылған?
A) Көркем әдеби стиль.
B) Ғылыми стиль.
C) Ауызекі сөйлеу стилі.
D) Ресми құжаттар стилі.
E) Публицистикалық стиль.

31. Үш бимен кеңесіп, «Жеті Жарғы» заңын жасаған ханды табыңыз.
A) Уәли.
B) Абылай.
C) Тәуке.
D) Орманбет.
E) Әбілхайыр.

32. Сөз тіркесін табыңыз.
A) Кең бөлме.
B) Сарыала.
C) Қазы, қарта.
D) Жүрек жұтқан.
E) Жүз жиырма.

33. Есімді сөз тіркесін табыңыз.
A) Аққұба жігіт.
B) Тез жүгірді.
C) Әдемі жазды.
D) Жақсы сөйледі.
E) Төбе шашы тік тұрды.

34. Етістікті сөз тіркесін табыңыз.
A) Жаңарған дала.
B) Бес ешкі.

C) Сұлу қыз.
D) Темір балға.
E) Сырт-сырт соғады.

35. Өтінішке қатыссыз сөзді табыңыз.
A) Сұраймын.
B) Кезектен тыс.
C) Өркениет.
D) Ауыстыру.
E) Босату.

36. Берілген тіркестердің ішінен тұрақты тіркесті табыңыз.
A) Жүрек жұтқан.
B) Кітап оқыған.
C) Хат жазған.
D) Әдепті бала.
E) Оқыған жігіт.

37. «Дубасеково зиратында» әні кімдерге арналған?
A) Б.Момышұлына.
B) 28 Панфиловшыларға.
C) Белгісіз солдатқа.
D) Генерал Панфиловқа.
E) М. Мәметоваға.

38. Абайдың нақыл сөзі неше сөзден тұрады?
A) 37.
B) 40.
C) 5.
D) 41.
E) 45.

39. Бұйрыққа қатыссыз сөзді табыңыз.
A) Мәселе қаралсын.
B) Алматы қаласын.
C) Жолға қойылсын.

D) Шешім қабылдасын.
E) Шара қолданылсын.

40. Өлеңнің ұйқасын табыңыз.
Алыстан...
Жүректен...
Шымырлап бойға жайылған.
A) Бойлап.
B) Жайлап.
C) Тербеп.
D) Сермеп.
E) Шақырып.

41. Философ Абайдың айтуынша, «толық адам» бейнесі қандай қасиеттерді бірдей ұстағанда жасалады?
A) Ақыл, қайрат, жүрек.
B) Адамгершілік, ар-ұят.
C) Ғылым, білім, өнер.
D) Тазалық, имандылық.
E) Салауаттылық, парасаттылық.

42. Мына өлең жолдарының авторы кім?
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар баһра ала алмас.
A) А. Байтұрсынов.
B) Ы. Алтынсарин.
C) А. Құнанбаев.
D) Қ. Жұбанов.
E) Ш. Құдайбердиев.

43. Өндіріс тақырын мол қамтыған жазушыны табыңыз.
A) М. Әуезов.
B) Ғ. Мүсірепов.
C) Ғ. Мұстафин.
D) М. Мағауин.
E) Ә. Кекілбаев.

44. Фонетиканың зерттеу объектісі не?
A) Сөз мағынасы.
B) Сөйлем мүшелері.
C) Дыбыс белгілері.
D) Тіл дыбыстары.
E) Сөз құрамы.

45. «Көксерек» әнгімесінің авторы кім?
A) Б. Майлин.
B) С. Сейфуллин.
C) І. Жансүгіров.
D) М. Әуезов.
E) Ғ. Мүсірепов.

46. Сілтеу есімдігін табыңыз.
A) Мен, сен.
B) Осынау, анау.
C) Әлдекім, әлдебіреу.
D) Ешкім, ешқашан.
E) Бірнеше, біраз.

47. Жақсыбай деген қандай сөз?
A) Қысқарған сөз.
B) Қосымшалы сөз.
C) Туынды сөз.
D) Біріккен сөз.
E) Қос сөз.

48. «Біржан мен Сара» айтысы, айтыстың қай түріне жатады?
A) Бәдік айтыс.
B) Қыз бен жігіт айтысы.
C) Қайым айтыс.
D) Жұмбақ айтыс.
E) Осы күнгі айтыстар.

49. Жай сөйлемнің қанша түрі бар?
A) 5.
B) 6.
C) 8.
D) 7.
E) 4.

50. «Қобыланды батыр» жырындағы тұлпардың атын табыңыз.
A) Байшұбар.
B) Тайбурыл.
C) Қара қасқа.
D) Құлагер.
E) Құла жорға.

51. Қысқарған сөздерді табыңыз.
A) Аққу, әкел.
B) Аспан, анар.
C) Қарақұс, шекара.
D) Өмірзақ.
E) Бегәлі.

52. Жалаң сөйлемді табыңыз.
A) Көкшетау маңы.
B) Олжабек үндемеді.
C) Көлшүмектің қасы.
D) Көзінен жасы ыршып кетті.
E) Тыңда, дала, Жамбылды!

53. Мына сөйлемдегі жалқы есімді көрсетіңіз.
Шың құздардың ішінен аңызға айналған,
Сәкен жырына арқау болған Оқжетпес ерекше көзге түседі.
A) Құздар, аңыз.
B) Құздар, Сәкен.
C) Құздар, Оқжетпес.
D) Сәкен, Оқжетпес.
E) Шың, құздар.

54. Ш.Құдайбердиев жазған ғашықтық дастанды табыңыз.
A) «Қыз Жібек».
B) «Еңлік - Кебек».
C) «Қозы Көрпеш - Баян сұлу».
D) «Қалқаман - Мамыр».
E) «Жүсіп -Зылиха».

55. «Аяз би» қандай ертегіге жатады?
A) Қиял-ғажайып.
B) Шыншыл.
C) Хайуанаттар туралы.
D) Жан -жануарлар туралы.
E) Мысал ертегі.

56. Бала сөзінің көмектес септікте тұрған тіркесін табыңыз.
A) Баламен келді.
B) Бала мен әкесі.
C) Баладан сұрады.
D) Балада кінә жоқ.
E) Баланы оқытты.

57. «Бүгін киген ақ тоным,
Ертең болар қара тон.
Қара тоным аздан соң,
Болып кетер ала тон..» жұмбағының шешуін табыңыз.
A) Тау.
B) Аспан.
C) Жер.
D) Күн.
E) Қар.

58. «Өзің үшін үйренсең, жамандықтан жиренсең, ашыларсың жылма-жыл» сөздерінің авторы кім?
A) Ы. Алтынсарин.
B) Әл - Фараби.
C) Шәкәрім.

D) Абай.
E) О. Сүлейменов.

59. Еменнің иілгені − сынғаны. Иілгені деген сөз сөйлемнің қай мүшесі?
A) Бастауыш.
B) Баяндауыш.
C) Анықтауыш.
D) Толықтауыш.
E) Пысықтауыш.

60. Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Бұл қай мейрамда айтылады?
A) Құрбан айт.
B) Ораза айт.
C) Наурыз мейрамы.
D) Жаңа жыл.
E) Діни мейрамдарда.

61. Сөйлем ішінде бастауыш қызметтін атқаратын сөзді табыңыз.
A) Үшін.
B) Әнұран.
C) Ғана.
D) Керек.
E) Айлы.

62. Қай сөйлемнің бастауышы мен баяндауышының арасына сызықша қойылады?
A) Көп оқу білім алудың негізгі шарты.
B) Мынау өзі аттатар емес.
C) Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол.
D) Екі күймек бір жанға әділет пе?
E) Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі.

63. Түркі тілдес халықтары арасында екінші Мекке атанған қай қала?
A) Тараз.
B) Қызылорда.
C) Ордабасы .
D) Түркістан.
E) Отырар.

64. Қазақ тіліне тән ерекше дыбыстар нешеу?
A) 5.
B) 4.
C) 6.
D) 9.
E) 8.

65. Бетті бастым. Бетті сөзі сөйлемнің қай мүшесі?
A) Бастауыш.
B) Баяндауыш.
C) Анықтауыш.
D) Пысықтауыш.
E) Толықтауыш.

66. Асқар биіктік пен нәркес сұлулыққа байланысты қойылған есімдерді көрсетіңіз.
A) Ботакөз, Түйебай.
B) Жеңіс, Әскер.
C) Құралай, Еңлік.
Д) Бейбіт, Дархан.
E) Ислам, Мұхамбет.

67. «Мені неге Мұхтар қойған» өлеңінің авторы кім?
A) М. Әуезов.
B) Ж. Жабаев.
C) М. Мағауин.
D) О. Сүлейменов.
E) М. Шаханов.

68. Сын есім жұрнақтарын көрсетіңіз.
A) - сыз, - сіз.
B) - ның, - нің.
C) - тас, - тес.
D) - ша, - ше.
E) - лар, -лер.

69. Мақалдың жалғасын табыңыз.
Қыз − елдің көркі,...
A) Адамның баласы.
B) Гүл −жердің көркі.
C) Табиғат сұлулығы.
D) Қырық үйден тыю.
E) Қыз − қызғалдақ.

70. Күшейтпелі шырайды табыңыз.
A) Көкшіл.
B) Ауыр.
C) Үп-үлкен.
D) Қара.
E) Ақшылтым.

71. Сөйлемнің мазмұны арқылы не туралы айтылғанын ажыратыңыз.
Үйдің сол жақ босағасында ер-тұрмандар жиналады, аяқ киімдер жатады.
A) Қонақ үй.
B) Саяжай.
C) Киіз үй.
D) Вокзал.
E) Демалатын орын.

72. Жинақтау сан есімнің жасалу жолын көрсетіңіз.
A) – ыншы, - інші.
B) – дап, - деп.
C) – лап, - леп.

D) – ау, - еу.
E) – дағаң, - деген.

73. Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез. Сөйлемдегі білімдіден, талаптыға деген сын есімдер қай мүшенің қызметін атқарып тұр?
A) Анықтауыш.
B) Толықтауыш.
C) Пысықтауш.
D) Бастауыш.
E) Баяндауыш.

74. Қазақ халқының киелі сандары.
A) 7, 8, 13, 39.
B) 3, 9, 14, 41.
C) 6, 8, 9, 40.
D) 7, 9 ,12, 40.
E) 9, 12, 6, 19.

75. Сөйлем неден құрылады?
A) Буыннан.
B) Сөздерден.
C) Дыбыстан.
D) Әріптен.
E) Сөз тіркестерінен.

76. Бірыңғай мүшелер өзара жалғаулықсыз байланысса, олардың арасына қандай тыныс белгісі қойылады?
A) Нүкте.
B) Үтір.
C) Сызықша.
D) Қос нүкте.
E) Үтір, сызықша.

77. “Ел боламын десең, бесігіңді түзе”. Кімнің сөзі?
A) М. Әуезов.
B) Ғ. Мүсірепов.

C) І. Жансүгіров.
D) Н. Назарбаев.
E) Ғ. Мұстафин.

78. Мен келдім. Мен – қай сөз табы?
A) Үстеу.
B) Есімдік.
C) Шылау.
D) Етістік.
E) Одағай.

79. Қазақ халқы қонақтың қандай түрін киелі тұтқан?
A) Қылқима қонақ.
B) Құдайы қонақ.
C) Қыдырма қонақ.
D) Арнайы қонақ.
E) Шақырылмаған қонақ.

80. Мына етістіктердің өткен шақ формасын табыңыз.
A) Шығамын, көремін.
B) Шақыр, шығар.
C) Көрдім, шықтым.
D) Шығу, көру.
E) Шықпақшы, көрмекші.

81. Қазақ халқының ұлттық аяқ киім атауларын табыңыз.
A) Камзол.
B) Шапан.
C) Мәсі, кебіс.
D) Кимешек.
E) Сәукеле.

82. Құрмалас сөйлем неше түрге бөлінеді?
A) Он екіге.
B) Алтыға.
C) Екіге.

D) Онға.
E) Үшке.

83. “Москва үшін шайқас” романын кім жазған?
A) Қ. Аманжолов.
B) Б. Момышұлы.
C) Ж. Жабаев.
D) Қ. Қайсенов.
E) Ә. Нұршайықов.

84. Ырықсыз етістің жұрнақтарын көрсетіңіз.
A) – ын, - ін, - н.
B) – ыс, - іс, - с.
C) – ыл, - іл .
D) – тыр, - тір.
E) - ғыз, - гіз.

85. Қазақтың қандай ғұлама ғалымы шығыстың Аристотелі атанды?
A) А. Иассауи.
B) М. Қашқари.
C) Әл-Фараби.
D) Ибн Сина.
E) Мұстафа Шоқай.

86. Үстеу сөйлемде қандай қызмет атқарады?
A) Бастауыш.
B) Пысықтауыш.
C) Толықтауыш.
D) Баяндауыш.
E) Анықтауыш.

87. «Мақсатым − тіл ұстартып, өнер шашпақ» деген сөйлемдегі көсемшелі сөзді табыңыз.
A) Мақсатым.
B) Тіл.

C) Ұстартып.
D) Өнер.
E) Шашпақ.

88. Екі түрлі қызметте қолданылатын етістіктің ерекше түрі қалай аталады?
A) Етіс.
B) Көсемше.
C) Есімше.
D) Етістік.
E) Рай категориясы.

89. Қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы кім?
A) М. Балақаев.
B) А. Байтұрсынов.
C) Ы. Алтынсарин.
D) Қ. Жұбанов.
E) Н. Сауранбаев.

90. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
A) Есік шегелеу.
B) Спортпен айналысу.
C) Жүрек жалғау.
D) Өлең айту.
E) Екінші сабақ.

91. Бұйрық райды табыңыз.
A) Ғылым таппай мақтанба.
B) Менің оқығым келеді.
C) Ауылға барғанша, қалада қалсыншы .
D) Ағаш кессең, ұзын кес.
E) Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.

92. Қонаққа барын беріп, нәрін беріп,
Қонақтан қалғанын жеп отырады, – деп жырлаған ақын кім?
A) Т. Айбергенов.
B) М. Шаханов.
C) Қ. Мырзалиев.
D) М. Мақатаев.
E) Ә. Тажібаев.

93. Адам шаттанғанда, қуанғанда қандай сөз айтады?
A) Пай-пай!
B) Алақай!
C) Әттеген-ай!
D) Ой, көрдім!
E) Шіркін-ай!

94. Қазақ халқының үйге кісі келгенде амандық-саулықтан кейін айтылатын ілтипат сөздері.
A) Төрлетіңіз, тамақ ауыз тиіңіз .
B) Мал-жан аман ба?
C) Күйлі-қуаттысыз ба?
D) Қандай бұйымтайыңыз бар?
E) Кездескеніме қуаныштымын!

95. Тұйық етістікті тап.
A) Кел, кет.
B) Отырған, барған .
C) Келесің, барамын.
D) Алу, бару.
E) Алып, беріп.

96. Қазақша жүз жыл қалай аталады?
A) Ғасыр.
B) Жыл.
C) Жылнама.
D) Тоқсан.
E) Дәуір.

97. Үшін , сайын, туралы, арқылы − шылаудың қай түріне жатады?
A) Жалғаулықтар.
B) Септеуліктер.
C) Демеуліктер.
D) Бейтарап сөздер.
E) Оқшау сөздер.

98. Сөйлемнің түрін ажыратыңыз.
Құнанбай Ұлжан қасына отырды да, Мәкіш пен Абайдың жүзіне қарады.
A) Жай сөйлем.
B) Хабарлы сөйлем.
C) Құрмалас сөйлем.
D) Толымды.
E) Лепті сөйлем.

99. Білдек, айлабұйым, ақпарат, менеджер сөздері қалай аталады?
A) Неологизмдер.
B) Диалект сөздер.
C) Кірме сөздер.
D) Терминдер.
E) Жалпы қолданыстағы сөздер.

100. Қазақстандық металогения мектебінің негізін қалаушыны табыңыз.
A) А. Машанов.
B) Ө. Байқоңыров.
C) Қ. Сәтбаев.
D) Ш. Есенов.
E) Ғ. Мұстафин.

Тест сұрақтарының жауаптары

Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауабы
1	A
2	D
3	E
4	D
5	D
6	B
7	B
8	D
9	D
10	B
11	D
12	D
13	C
14	C
15	A
16	E
17	E
18	B
19	B
20	B
21	A
22	A
23	E
24	C
25	D
26	B
27	E
28	B
29	D
30	A
31	C
32	A
33	A
34	E

35	C
36	A
37	B
38	E
39	B
40	C
41	A
Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауабы
42	C
43	C
44	D
45	D
46	B
47	D
48	B
49	D
50	B
51	A
52	B
53	D
54	D
55	B
56	A
57	C
58	D
59	A
60	C
61	B
62	A
63	E
64	D
65	E
66	C
67	E
68	A
69	B
70	C
71	C

72	D
73	B
74	D
75	B
76	B
77	B
78	B
79	B
80	C
81	C
82	E
83	B
Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауабы
84	C
85	C
86	B
87	C
88	C
89	B
90	C
91	A
92	C
93	B
94	A
95	D
96	A
97	B
98	C
99	D
100	C

Артық болмас білгенің...

ӘДІЛОВ
Жексенбек Мәкейұлы



1972 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын үздік бітірген, инженер-құрылысшы. Экономика ғылымдарының докторы. Мәскеу Инженерлік-құрылыс институтының аспирантурасын бітіргеннен кейін, Қазақ мемлекеттік архитектуралық-құрылыс Академиясына қызметке орналасып, ассистенттен профессорға дейінгі жолды өтеді. Академияда құрылыс факультетінің деканы (1986−1990 жж.), кафедра меңгеруші болып істеген, ол жаңа бағыт – технологиялық даярлықпен білім бизнесін шоғырландыра отырып, мамандар даярлаудың ұйытқысы, әрі ұйымдастырушысы ретінде жаңа «Құрылыс саласындағы бизнес және менеджмент» факультетін басқарады (1990−2000 жж.).

2000-2001 жылдары Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттікте Әлемдік банк жобасы бойынша Ұлттық кеңесші қызметін атқарады және ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет Академиясында курс жетекшісі болып істейді. 2001 жылдың ақпан айынан, ҚР Білім және ғылым министрлігінде Мемлекеттік бақылау және білім беруді ақпараттандыру департаментін басқарды.

2004 жылдың ақпан айынан Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры. 70-тен астам ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы, оның ішінде құрылыс экономикасы және оны ұйымдастыру тұрақты дамуды басқару мәселелері бойынша 7 монография, 5 оқу құралы бар.

Оның басшылығымен 4 экономика ғылымдарының кандидаты дайындалды. Жапонияда, АҚШ-та, Ұлыбританияда,

Германияда, Францияда және Қытайда (Гонконг) біліктілігін жетілдірген. «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне - 10 жыл» медалімен марапатталған. Туссон қаласының (Аризона штаты, АҚШ) құрметті азаматы.



ЕСЕНБАЕВ
Мәжит Төлеубайұлы

1972 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген, инженер-экономист, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Салық қызметінің 1-дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі.

Институтты тамамдағаннан кейін 1972 жылдан 1981 жылға дейін Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Мемлекеттік жоспарлау бөлімі жанындағы СжП экономикалық ғылыми-зерттеу инстиутының экономисі, кіші ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді.

1981 жылдан 1989 жылға дейін Қарағанды педагогикалық институтының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, кафедра меңгерушісі. 1989−1991 жылдары Қарағанды облыстық атқару комитетінін БасПЭБ бастығының орынбасары.

1991−1992 жылдары Қарағанды облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары.

1992 жылдан 1994 жылға дейін Қарағанды облыстық әкімшілік басшысының орынбасары, экономика және қаржы комитетінің төрағасы.

1994 жылдың желтоқсан айынан 1996 жылдың қыркүйегіне дейін, Қазақстан Республикасы Бас салық инспекциясының бастығы, қаржы министрінің бірінші орынбасары.

1996 жылдың қыркүйегінен, 1997 жылдың наурызына дейін ҚР Мемлекеттік Салық комитетінің төрағасы. 1997 жылғы наурызыдан шілдеге дейін ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы.

1999 жылдың қазан айына дейін Қарағанды облысының әкімі. 1999 жылдың қазанынан 2002 жылдың қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің қызметін атқарады.

2002 жылдың қаңтары мен тамызы арасында Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрі. 2002 жылдың тамызынан, 2003 жылдың маусымына дейін Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрі. 2003 жылдың маусымынан бастап, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.



ИРАН-ҒАЙЫП (ОРАЗБАЕВ Иранбек Әбітайұлы)

1970 жылы Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетін, 1980 жылы М. Горький атындағы Мәдениет институтының (Мәскеу қаласы) Жоғары курстарын бітірген. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш өткен жазба ақындар жыр-мүшәйрасының бас жүлдегері, Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған Республикалық ақындар жыр-мүшәйрасының бас жүлдегері, «Түркістанға-1500 жыл» атты халықаралық жыр-бәйгесінің бас жүлдегері, Қазақстан Жазушылар Одағы сыйлығының иегері, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының иегері, Поэзия фестивальдарының бірнеше дүркін лауреаты, ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің аса озық драмматургиялық туындыларға жариялаған конкурстарының бірнеше дүркін жеңімпазы. Ақын-драмматург 2003 жылдағы айрықша еңбектері үшін, оның ішінде « Махамбет» трагедиясы үшін «Әдебиет» номинациясы бойынша Қазақстан Республикасы Меценаттар Клубының «Тарлан» сыйлығының иегері болды. Иран-Ғайыптың «Жүрек жырлайды» (1974 ж.), «Жеті қазына» (1977 ж.), «Түннің көзі» (1979 ж.), «Сұлулықпен

сырласу» (1980 ж.), «Өмір-Өлең» (1982 ж), «Сұлулық сарасы» (1985 ж.), «Дүниежарық» (1987 ж.), «Батқан Кеменің Бейбақтары» (1990 ж.), «Мұнар, Мұнар, Мұнарым...» (1992 ж.), «Иран бағы» (1995 ж.), «Сөз патшалығы» (1996 ж.), «Жыр әлемі» (1996 ж.), «Қорқыттың көрі» (2001 ж.) атты көлемді кітаптары жарық көрді. Иран-Ғайып – Республика жыр сүйер қауымының, әсіресе студент жастардың қазіргі таңдағы ең сүйікті ақыны, әрі драматург.



ҚОЖАҒАПАНОВ
Тоқтархан Жұманұлы

1970 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген, инженер-экономист. Экономика ғылымдарының кандидаты. Институтты тамамдағаннан кейін, КСРО Құрылыс банкі Қазақ Республикалық кеңсесінің инженері, аға инженері болып істейді.

1973 жылдан 1982 жылға дейін КСРО Құрылыс банкі Қазақ Республикалық кеңсесінің жобалау іздестіру жұмыстарын қаржыландыру және несиелендіру бөлімін, еңбек және жалақы бөлімін, Қара және түсті металдар өнеркәсібін салуды қаржыландыру және несиелендіру басқармасын басқарады.

1982 жылдан 1989 жылға дейін кейін КСРО Құрылысөнеркәсіпбанкінің Қарағанды облыстық басқармасы, КСРО «Құрылысбанкінің» Қарағанды облыстық кеңсесін басқарады.

1989−1993 жылдары «Тұранбанк» Қазақ акционерлік банкі болып құрылған КСРО Құрылысөнеркәсіпбанкі, Қазақ республикалық банкі басқармасы төрағасының орынбасары қызметін атқарады.

1993 жылы «Тұранбанк» Қазақ акционерлік банкі басқармасының төрағасы.

1997 жылы «Тұранбанк» Қазақ акционерлік банкі бақылаушы Кеңесінің төрағасы. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің «Банк ісі» кафедрасының профессоры.

1997 жылдан 1998 жылға дейін Алматы облысы әкімінің кеңесшісі.

1998 жылдан 2001 жылға дейін Алматы облысы әкімінің орынбасары. 2001 жылдан осы уақытқа дейін «Қазақалтын», «Тау-кен-металлургиялық концерні» ашық акционерлік қоғамы директорлар Кеңесінің төрағасы. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына еңбегі сіңген экономисі және «Құрмет» орденімен марапатталған.



КӨШЕРБАЕВ
Қырымбек Елеуұлы

1978 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген, инженер-құрылысшы. Саясаттану ғылымдарының докторы. Институтты тамамдағаннан кейін «Главриссовхозстрой» бірлестігінің инженері, бастығы болып істейді (1978–1979 ж.).

1979–1983 жылдар аралығында Қызылорда облыстық Атқару комитетінің бүкілодақтық екпінді комсомол құрылысының штаб бастығы, сектор меңгерушісі, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің жауапты ұйымдастырушысы болды.

